---

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

# БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

**Сәуір айы 2024 жыл | № 04 (54)**

## Білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық басылым

---

МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы
МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша
Шығу жиілігі: айына 1 рет   Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы
Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы  Бас редакторы: Нагиев И. Б.
Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

---


«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.
Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

---

Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.
Куәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

---

Тапсырыс: 562   Таралымы: 3000 дана.
Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.
Алматы қаласы – 2024 жыл   Телефон: 8 777 055 0590

# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ЛОГИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

**САҒЫНБЕКОВА ГУЛЬНАРА САҒЫНБЕКҚЫЗЫ**
**Шымкент қаласы**
**Әл фараби ауданы № 11 жалпы орта білім беру мектебі**
**Бастауыш сынып мұғалімі**

Қазіргі кезеңдегі мектеп математикасында әлі шешімдері табылмаған проблемалар аз емес. Соның бірі оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, кітапқа, оқуға, білім алуға, деген құмарлықтарын арттыру.

Оқушылардың жеке ойлау қабілетін дамыту үшін олардың өзіндік күш-қуаты мен сенімін арттыру керек. Қолынан келетін көп істердің мүмкіндіктеріне бағыт берген абзал.

Оқушылардың білімді меңгеру үрдісі негізінен мына компоненттерден тұрады.

1.Қабылдау.
2.Түсіну.
3.Есте сақтау.
4.Қорыту және жүйелеу.

Балалардың ойлауын дамыту туралы М. Жұмабаев былай деген: «Ойлауды өркендету» жолдары. Ойлау-жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр. Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде сақтықпен басқыштап іс істеу керек.

Өркендету жолдары мыналар:

1. Баланың жанында дұрсы ашық суреттеулердің көп болуына жағдай қылу керек. Қанша дегенмен адам суреттер бойынша ойлайды. Сондықтан балаға бір пікір ұқтырмақшы болсақ, жалаңаш пікір айтудың қажеті жоқ, бала пікірді суреттің өзінен шығарып алсын.

2. Бала заттарды, көріністерді, ұқсас сандары бойынша топ -топқа бөлу сияқты, мысалы: дыбыстарды, әріптерді бөлу өсімдікті, жануарды топ-топқа бөлу сияқты. Бірақ баланы заттарды, көріністерді топ-топқа бөлгізіп үйреткенде, жеңілден ауырға көшуді естен шығармау керек.

3. Бала көріністерінің, ойлардың аралығындағы байламды, олардың қайсысы қайсысына себеп екені біліп үйренсін. Бұл балаға мысалдардан ерекше заң шығартқызып, үйрету сияқты істермен болады.

Логикалық жаттығуларды орындау баланың ақыл-ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытады. Бұл оқушылардың түрлі мазмұнды есептерді шығаруда, есептің шартын құра білуге қалыптастырады. Бір есептің бірнеше шешімдерін табуға жетелейді. Әрбір сабақ қызықты есептермен аяқталып, логикалық есептер оқушылардың жас ерекшелігіне қарай күрделене түсуі қажет.

Оқулықтағы шығармашылық жаттығулар оқушылардан тек қана математикалық білім емес, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі жағдайға байланысты білім талап етілетін тапсырмалар. Бұлар негізінен оқушылардың байқағыштығын, ойлауын, қиялын дамытуға негізделген. Бұл -өте қиын, аса жауапты, бірақ игілігі мол, ардақты жұмыс. Логикалық ойлауды логикалық және математикалық есептердің көмегімен жүргізу керек.

Логика дегеніміз – спортшыға да, бишіге де, жазушыға да керек. Өз атыңды сезіміңді логикалық тұрғыда жеткізе білу де үлкен өнер.

Ой – әрекетті дамыту үшін оқу материалдарына теориялық талдау жасауға, өз бетінше қорытындыға келу айрықша мән беріледі. Өз бетімен, кітаппен жұмыс жасау оқу материалдарының қандай түрлерін есте сақтау керектігін білуге, өз бетінше білімді тәжірибеде пайдалану дағдысын арттыруға мүмкіндік береді.

Математика пәні ең бірінші оқушылардың қызығушылығын туғызуды талап етеді. Осы мақсатпен әр тақырыпты бастамас бұрын оқушының қызығушылығы мен белсенділігін арттыру мақсатында немесе сабақ ортасында, соңында шығармашылық есеп ретінде логикалық есептер, не болмаса тапсырмалар беріледі.

Математика сабағында оқушының қызығушылығын тудыру үшін логикалық есептерді шығару шығармашылық есеп түрінде бастауыш сыныптан бастап беріледі.

Математиканың сан алуан сырын сандар әлемінің қызық құбылысын, осылай өрнектеген сабақ, не сабақтан тыс жұмыс қызықты әрі ұтымды болады. Логикалық тапсырмалар қарапайымнан басталып, біртіндеп қиындап оқушылардың танымдық қызметін белсендіруге назар аударады. Сабақта алған білім дағдысы ойлау барысында қолдану мүмкіндігі оқушының зор ынтасын тудырады, білгенін тереңдетіп, жаңа іс – қимылға жетелейді. Белсенді емес оқушылар жолдастарынан кейін қалмау үшін алға ұмтылады.

Әрбір шығармашылық есеп логикаға негізделген. Логикалық ойлау арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығы артады. Білсем, үйренсем дейді, тіпті математикаға қабілеті жақсы, зерек оқушылардың өздері логикалық есептерді құрастырады.

Логикалық есептредің оқу процесіндегі маңызы зор. Мұндай есептер оқушының ойлау қабілетін, математикаға деген қызығушылыған арттыру үшін өте тиімді. Логикалық есептер математикалық олимпиадаларда, әр түрлі жарыстарда жиі қолданылады.

Шығармашылық деңгейдегі есептер жоғары сыныптарда да беріледі. Сонымен бірге математика апталығы да, сыныптан тыс жұмыстарда шығармашылықпен айналысатын оқушыға логикалық есептерді шешу тиімді.

Логикалық жаттығуларды орындау баланың ақыл-ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытады. Бұл оқушылардың түрлі мазмұнды есептерді шығаруда, есептің шартын құра білуге қалыптастырады. Бір есептің бірнеше шешімдерін табуға жетелейді. Әрбір сабақ қызықты есептермен аяқталып, логикалық есептер оқушылардың жас ерекшелігіне қарай күрделене түсуі қажет. Логикалық есептерді шығаруда шығармашылық жұмыс істеу әрбір оқушыға тиімді дер едім. Ең бастысы шығармашылықпен жұмыс істеген адамның өзіне және өз ісіне деген сенімі, жауапкершілігі артады, іскерлік дағдысы қалыптастырады.

Математиканы оқып – үйрену есеп шығаруды үйрену үшін ғана емес, кез – келген проблеманы шеше білу, өз қабілетіңізді жетілдіре алу үшін қажет.

Оқулықтағы шығармашылық жаттығулар оқушылардан тек қана математикалық білім емес, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі жағдайға байланысты білім талап етілетін тапсырмалар. Бұлар негізінен оқушылардың байқағыштығын, ойлауын, қиялын дамытуға негізделген. Бұл-өте қиын, аса жауапты, бірақ игілігі мол, ардақты жұмыс.

Халық ойындарын математика сабағында пайдалану оқушының алған білімін күнделікті өмірмен берік ұштастыра түсуге қолайлы мүмкіндік жасайды. Математика сабағында халық ойындардын қолданудың түрлі жолдары бар. Мысалы, ойын сабақтың басында, не ортасында, не ең соңында қолданылуы мүмкін. Ойынды сабақтың басында қолдану жаңа сабаққа немесе сұралатын үй тапсырмасына оқушыларды түгел қатыстыру мақсатын көздейді.

Егер ойын сабақтың ортасында қолданылатын болса, онда мұғалім мақсаты- оқушылардың көңіл-күйін сергіту, шаршағанын ұмыттырып, ерік жігерін дамыту.

Ойын сабақтың соңында тақырыпты бекіту не сол сабақтан алған білімді жинақтау мақсатында пайдаланылады.

Ұлттық ойындарды өткен сабақтарда қайталау кезінде де қолдануға болады. Ол жағдайға ойын элементтері сабақты түрлендіріп, мазмұнын байыта түседі, оқушылардың бойындағы білуге деген талпыныс пен құмарлықты оятады, балалық қиялдарын қозғап, зейіндерін кеңейте түседі, өмір тәжірбиелерін толықтырады.

Ұлттық ойынның бұл қасиеттерін халық ерте танып, өмірлік мәні зор ойындарының алуан түрлерін ойлап шығарған. Қазақ халқы халық ойындарына өте бай және оның түрлері де алуан саналы болып келеді. Солардың бір парасы- логикалық ойлау мен математикалық сызбаларға негізделсе, енді бір тобы тез ойлап, шешуді талап ететін ауызша есептер, сондай- ақ философиялық ой түйіндерін жасауға арналған ойындар болып келеді. Біздің пікірімізше, бұл ойындар күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ. Қайта жүйелі, тиімді пайдалана білсе, жастардың ой- өрісін дамытып, дүниені танып, білу қабілеттерін кеңейте берері сөзсіз.

Мектепке келмей тұрып- ақ бала сандық ұғым туралы мағлұмат ала бастайды. Бірақ оны саналы түсінбейді. Осы құбылысты сезген халық жастарға сан ұғымы туралы мағлұмат берудің алуан жолдарын ойлап тауып, олардың ақылын ойы арқылы өте шеберлікпен жетілдіре білген. Сан ұғымын есептер арқылы, ауыз екі әңгіме арқылы немесе нақыл сөздер, мақал- мәтелдер арқылы да жеткізген. Сан ұғымын заттық негізде, сол заттың бейнелі суреті арқылы беру- бала зердесінде өшпес із

қалдырып, санасын мықтап орын тебері сөзсіз. «Аз», «Көп» деген ұғымдарды баланың зердесіне ұялату оңай нәрсе емес.

Ал, оны қарапайым халық ойынының негізінде түсіндіре бастасақ, ол онша қиындық келтірілмейді. Халық ойындары арқылы сандарының жиынтық ұғымын да оңай түсіндіруге болады. Осының бәрін қазақ халқының бір ғана ойынының бойынан табуға болады десек, артық емес. Мысал ретінде он бірге дейін санайтын санамақ ойынын алайық. Өткен ғасырдың 30-40 жылдарында бұл ойын баланы мектепке әзілеу құралы ретінде есептелетін. Бүгінде ол өзінің маңызынан айырылып отыр. Бұл оның күні өтіп, тәрбие құралы болудан қалғындығынан емес, керсінше, ұмыт болғандығынан, елеусіз қалғандығынан.

Бүгінгі Қазақстанға қалыптан тыс ойлап алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашылық адамдар қажет. Сондықтан да сабақтарда тек білімділік мақсаттарды шешіп қоймай, балалардың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастырған жөн.

Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық әлемді мәдениеттің дарлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғандығын «шығармашылық теориясын» жасауға деген көптеген ізденістердің болғандығынан байқауға болады.

Сабақтың қызықты, сапалы өтуі тікелей мұғалімнің шеберлігіне байланысты болады. Математика пәні оқушылардың қызығушылығы мен тапқырлығын, логикалық ойлау қабілетін дамытады, шығармашылық белсенділігін арттырады.

*****

## ҚҰРЫЛЫС АЛАҢЫНДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

**БИЛАЛОВ ЕРЖАН БЕКМАНОВИЧ**
**Түркістан облысы Шардара қаласы**
**«№16 колледж» МКҚК арнайы пәндер оқытушысы**

**Ашық сабақ жоспары**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Сабақтың тақырыбы | **Құрылыс алаңындағы өрт қауіпсіздігі** | | |
| Модуль/пән атауы | КМ 01. Қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау | | |
| Дайындаған педагог | Билалов Ержан Бекманович | | |
| **1. Жалпы мәліметтер** | | | |
| Курс | 3 | | |
| Оқу жылы | 2022-2023 | | |
| Тобы | Қ – 33 / 2023 | | |
| Сабақтың өткізілетін күні | 08.02. 2023 ж | | |
| Сабақтың типі, түрі | Жаңа материалмен танысу сабағы | | |
| **2. Сабақтың мақсаты немесе оқыту нәтижелері** | Еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі, өндірістік санитария, еңбек гигиенасы талаптарын сақтау және құрылыс алаңында болған кезде жеке қорғаныс құралдарын қолдану. | | |
| 2.1.Бағалау критерийлері | 1.Өрт қауіпсіздігі шараларын білу<br>2. Құрылыстағы ғимаратттар мен имараттарды отқа төзімділігіне қарай топтастыра алу<br>3. Жануды тоқтату әдістері және от сөндіргіш заттарды қолданылуына қарай ажырата алу<br>4. Өрт сөндіргіш құралдарын пайдалану<br>5. Өрттен қорғау жұмыстарын ұйымдастыра алу | | |

| | |
|---|---|
| 2.2. Оқу сабақтары барысында білім алушылар игеретін кәсіби біліктердің тізбесі | Білім алушылардың кәсіптік бағдарға қызығушылығын арттыру, ой-өрісін кеңейту, білімдерін іс - жүзінде көрсетуге ықпал ету. |
| **3. Сабақты жабдықтау** | |
| 3.1. Оқу - әдістемелік құралдар, анықтамалық әдебиеттер | • «Еңбек жөніндегі» Қазақстан Республикасының Заңы<br>• «Еңбек қорғау» Жаданов Н, Құдайбергенов Н.Б. Астана: Фолиант, 2008 – 200б,<br>3. «Қауіпсіздік техникасы». Әбдіров А, Сейфуллина Ғ. Астана: «Фолиант»,2010 – 120 б |
| 3.2. Техникалық құралдар, материалдар | Слайд, ақпараттық материалдар, интерактивтік тақта |
| **4. Сабақ барысы** | |
| 4.1. Ұйымдастыру кезеңі: 5 минут | Оқушы көңілін сабаққа аудару, Оқушылармен сәлемдесу, сабаққа қатысымын тексеру. Оқу құралдарын түгелдеу. |
| 4.2. Үй тапсырамасын тексеру кезеңі 20 минут | Оқушылар білімін жан – жақты тексеру, қызығушылығын арттыру.<br>**«Бәйге»** лездеме сұрақтарға жауап беру. Өтілген тақырыпқа сәйкес сұрақтар қою.<br>Бәйге сайысында топты үшке бөліп, өткен тақырыптарға сәйкес сұрақ-жауаптар қою. |

| **1. Шатыр** | **2. Кірпіш** | **3. Тас** |
|---|---|---|
| 1. Ғимараттардың өрт қауіпсіздігін қамтасыз етушілер қанша топқа бөлінеді? | 1. Қауіпті өндірістік факторлар дегеніміз не? | 1. Жалпы еңбек қорғау қанша бөлімнен тұрады? |
| 2. Құрылыс алаңындағы жасанды жарықтың түрлерін ата? | 2. Құрылыс алаңындағы шу және дірілдің дәрежесі қандай? | 2. Құрылыс конструкциясын оттан қорғау жолдары мен әдістері.? |
| 3. Өндіріс саласындағы ауа ортасын санитарлық-гигиеналық нормалау тәртібін ата? | 3. Таралу масштабына тәуелді төтенше жағдайлар қалай жіктеледі? | 3. Электр тогымен зақымдалған адамға ең алғашқы жәрдемді ата? |
| 4. Құрылыс обьектісінде ауырлық дәрежесіне қарай жұмыс қалай бөлінеді? | 4. Техногендік сипаттағы төтенше жағдай қалай жіктеледі? | 4. Азаматтық қорғаныс құлақтандыру дабылы бойынша тұрғындардың іс-әрекеттері қандай? |
| 5. Ғимараттардың кенеттен қирауы дегеніміз не? | 5. Жер сілкінісінен алдын-алу мақсатында құрылыс ғимараттарына қойылатын талаптар | 5. Азаматтық қорғаныстың құрылымы қандай? |

| | |
|---|---|
| 4,3. Жаңа материалды түсіндіруге дайындық кезеңі<br>5 минут | Өрттен қорғау жұмыстарын ұйымдастыра алу және өрттің алдын–алу жолдарын ұйымдастыру.<br> Өрттің пайда болуы үшін жанғыш зат, тотықтырғыш және жану көзі болуы мүмкін, оны кейде «от үшбұрышы» деп те атайды |
| 4.4. Жаңа материалды түсіндіру кезеңі<br>Практикалық /зертханалық жұмысты орындау кезеңі<br>30 минут | **11. Құрылыс алаңындағы өрт қауіпсіздігі**<br><br>**Өрт қауіпсіздігі дегеніміз** – өрттің алдын алудың, өрт шығу себептерін жоюдың,<br>өрттің жайылуына жол бермеудің, адамдарды, жануарларды және материалдық құндылықтарды жедел көшіруді ұйымдастырудың және өртті сөндіру шараларының жүйесі,<br>Көлік саласында түрлі жанар – жағармай сияқты жанғыш заттар көптеп пайдаланылады. Сондықтан көлік саласы өртке қауіпті болып есептеледі.<br>Өрттің шығу себептері қандай?<br>**1.** Электр желілері мен қондырғыларының ақауларынан;<br>**2.** Электр жүйелерінің нормадан артық күш түсіп, сымдардың, қондырғылардың қатты қызуынан;<br>**3.** Тез жанатын сұйықтарды дұрыс сақтау мен пайдаланудың ережелерін бұзудан;<br>**4.** Көліктерді өртке қауіпті жерлерде пайдаланудан;<br>**5.** Адамдардың жауапсыздығынан, ұмытшақтығынан, жеңіл мінезділігінен;<br>**6.** Найзағайдан, кейде өздігінен жануы мүмкін;<br>**Әр түрлі орындардағы өрт сөндірудің ерекшеліктері**<br>Әр түрлі орындардағы өртті әр түрлі жолмен сөндіреді. Өрт кезінде ерікті өрт жасағының бастығы өрттің себебін анықтап, оның адамдарға, мал – мүліктерге тигізетін қаупін анықтап, оларды көшірудің мүмкіндіктерін жасап, тиісті нұсқау береді. Оның нұсқауларын өрт сөндіруге қатысушылар міндетті түрде орындауы тиіс.<br>Жанып жатқан майлы сұйықтарды (мұнай, май, мазут) көбікпен немесе судың майда тозаңымен сөндіреді. Көбіктің ағысын жанып жатқан сұйықты шашыратпайтындай етіп бағыттауы қажет. Егер жанып жатқан сұйық ыдыстың ішінде болса, онда ыдысты қақпақпен немесе басқа жапқышпен жауып сөндіреді. Ол кезде ыдыстың қопарылуынан немесе ыстық заттың ыдыстан шашырауынан сақтану қажет. Жанып жатқан ыстық шалшығын жел жағында тұрып көбікпен жауып, құм шашады. Жақын жердегі ыдыстарды сумен суытып тұрады.<br>Жанып жатқан электр жабдықтарын бойында ток бар кезінде көмір қышқылымен сөндіруге болады. Желіден токты ажыратқаннан кейін сумен немесе көбікпен сөндіреді.<br>Ағаш заттарды сумен, оның ағысын жоғары жағындағы күшті жанып жатқан жеріне бағыттап сөндіреді.<br>Астық қоймасындағы өртті сумен, оның ағысын ағаш құрылымдарға, ал шашыранды суды астыққа бағыттап сөндіреді.<br>Гаражда, машиналарды қоятын қалқаларда өрт шыққанда оны сөндірумен бірге, машиналарды көшіру қажет. Машиналарды көшіргенде жанармай бағының жарылу қаупінен сақтану қажет. |

| | |
|---|---|
| | Жанып жатқан астықтың түбірін топырақ шашып, су құйып, таптап, жапқыштармен жауып сөндіреді. Егер от үлкен аумаққа жайылып кеткен болса астықты орып алып өртенген жерді 100 – 150м қашықтықта айналдыра жырту қажет. Өртті сөндіріп болғаннан кейін барлық өртенген жерді айдап тастау керек болады.<br>Көмір мен шымтезек қоймасында болған өртті сумен сөндіреді. Өрттің ошағын сөндіріп, оның қатарын ажыратады, бульдозермен, экскватормен айналдыра ор қазып тастайды.<br>Минералды тыңайтқыштар мен улы химикаттардың қоймасы өртенгенде оны сөндіру үшін су, көбік немесе көмір қышқылын пайдаланады. Олар жанғанда улы газдар мен булар бөлініп шығады. Сондықтан оларды жел жағында тұрып сөндіру қажет.<br>Өрт сөндіру кезінде қауіпті аймақтардағы адамдар арнайы костюмдер, резеңке етіктер мен қолғаптар киюі және тыныс алу мүшелерін қорғайтын құралдарды пайдалануы қажет. |
| 4.5. Жаңа материалды бекіту кезеңі<br>20 минут | **« Блиц-байқау»** Жалпыға бірдей теориялық сұрақтар қойылады және ол сұрақтарға берілетін жауаптар дың жылдам да нақты болуына мән беріледі.<br>Білім алушыларды шапшаңдыққа, бастаған істі мұқият аяқтауға үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Сұрақ-жауап:<br>1. От көзі мен жылу көзінің айырмашылығы неде?<br>2. Өрт ненің негізінде жіктеледі?<br>3. Өрт қауіпсіздігі қандай принциптерге негізделеді?<br>4. Неліктен кальций карбиді қоймасы жеңіл шатыры бар ғимаратта орналасуы керек?<br>5. Қауіпті учаскелер үшін электр жабдықтарын таңдау кезінде заттек мен материалдардың өрт қауіптілігінің қандай көрсеткіші қолданылады?<br>6. Үй-жайларды санаттарға бөлу кезінде заттек мен материалдардың өрт қауіптілігінің қандай көрсеткіштері қолданылады?<br>7. В1 санатындағы бөлмені В 4 санатындағы бөлмеден қандай параметр ажыратады?<br>8. Өрт қабырғасы мен ғимарат құрылымы ретінде өзін-өзі тірейтін қабырға арасындағы түбегейлі айырмашылық неде?<br>9. Өрт сөндіру көлеміне қандай факторлар әсер етеді?<br>10. Көмірқышқыл газымен улану кезінде қандай көмек көрсетіледі? |
| **5. Сабақты қорытындылау және рефлексия**<br>**8 минут** | <br>Сабақты қорытындылау кезінде, «Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы кері байланыс жүргіздім. |
| **6. Үй тапсырмасы**<br>**2 минут** | Конспектіні оқу. Кәсіп түріне байланысты кәсіптік аурулар жөнінде мәнжазба дайындау |

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**ПЕРНЕБАЕВА ЛАЗЗАТ ЖУМАБЕККЫЗЫ**
**УРУСПАЕВА АЙНУРА АХМЕТЖАНОВНА**
**Түркістан облысы, Төлеби ауданы Зертас ауылы**
**Қосан Мамытов атындағы жалпы білім беретін мектебінің**
**Бастауыш сынып мұғалімдері**

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа кіру қабілеттілігі және аса тез бейімделуі мен жұмыс істеуі. Тұлғаның оқу, ұғыну, қысқа мәтіндерді жасау және жеңіл арифметикалық амалдарды орындаудағы қарапайым сауаттылығына қарағанда тұлғалық сауаттылықтың айырмашылығы тұлғаның нақты мәдени ортада тіршілік ету үшін минималды қажетті болып саналатын әлеуметтік қарым-қатынас жүйесінде тұлғаның қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін біліктілік, икемділік пен дағдылар атомарлық деңгейі, яғни функционалдық сауаттылық болып табылады.

Функционалды сауатты оқушы – бұл пәндік, пәнаралық, интегративтік білімдер,ептіліктер, дағдылар және функционалдық мәселелерді шешу әдістері жиынтығы ретінде алынатын іс процесінде пайдаланылатын, қабылдау, ақпаратты өзгерту, типтік оқулық және қоғаммен қарым-қатынас есептерін шығару процесімен байланысты қажетті және жоғары деңгейдегі білімге ие болатын тұлға.

Әлемдік білім кеңестігіне кіру жағдайында қазақстандық білім беру жүйесінің алдында келесі міндеттер тұрады:

− орта білім деңгейінде барлық оқу пәндерінің мазмұнына сәйкес компонетті жүйелі түрде енгізу арқылы функционалдық сауаттылықтың негізін қалау;

− функционалдық сауаттылықты қалыптастыру және жетілдіру аспектінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінде білім мазмұнының бірізділігін қамтамасыз ету;

− орта, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру деңгейлерінде функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың бірізділігін қамтамасыз ету.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығы оқу-танымдық құзыреттілігінің базалық құрылымы болып табылады. Тұжырымдамалық тұрғы шеңберінде функционалдық сауаттылықтың қалыптасуы оқу пәнінің негізгі мазмұндық компоненті ретінде алынатын оқулық міндеті арқылы пайда болады.

Бүгінде оқушылардың, қызметтік сауаттылықтың жоғары деңгейіне жету мүмкіндіктері бола тұрып, сондай-ақ социумда органикалық түрде қызмет ету қабілеттілігін, өзін-өзі тану қабілеттілігін, өз тұлғасының дамуына, адамның бойындағы әлеуеттілігін іске асыруға қабілеттілігін де алады. Қазіргі қоғамға қызметтік түрдегі сауатты, анық нәтиже алу үшін жұмыс істей алатын, мәнді жетістіктер мен табыстарға қабілетті тұлғалар қажет.

Функционалдық сауаттылықты дамыту аясында математика пәні бойынша төмендегідей біліктілікті қамтамасыз етуі тиіс:

– математиканың мазмұнын басқа ғылымдармен интеграциялау негізінде біртұтастық және қоршаған орта құбылыстарының өзара байланысы туралы дүниетанымын қалыптастыру;

– оқушылардың математиканың әлемдегі орнын анықтау мен түсіну қабілетін қалыптастыру, қоршаған ортадағы мәселелерді аталған ғылым әдістері арқылы шешу;

– статистикалық мәліметтер, шамаларды өлшеу, логикалық құрылған дәлелдерді көрсету негізінде ұсынысын негіздеу үшін физика-математикалық білімді қолдану қабілетін дамыту;

– түрлі бағыттағы ғылыми жобаларды орындау барысында және заттың сандық параметрін анықтауда түрлі математикалық әдістерге сүйене білудің жүйелі білігін қалыптастыру.

Функционалды сауаттылық бойынша дидактикалық материалдармен қамтамасыз ету, қазіргі заманға сай оқушылар өздеріне өмірлік маңызы бар пәндік білімдерге және типтік өмірлік жағдайда дұрыс әрекет алгоритміне негізделген біліктер мен дағдылар қалыптастыруға мүмкіндік туғызатын оқулықтарда қажетті деңгейде көрініс алуы қажет.

Оқушылардың оқытылатын пәндер бойынша білім беру стандарттарының қазіргі талаптарына сәйкес оқушылардың функционалды сауаттылығының мазмұнына базалық білімдері, репродуктивтік және репродуктивті-шығармашылық сипаттағы пәндік біліктері, пәндік және басқа да объектілерге оқушылардың құндылықты қатынастары енгізілуі тиіс.

Функционалды сауаттылықты қалыптастыруда оқу пәнінің мазмұнын байытудағы ұсыныстар**:**

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үдеріс нәтижесіне қойылатын талаптар:

Оқытудың басты мақсаты жастарға алған білімін тәжірибеде қолдана алып, қоршаған ортаға жақсы қалыптаса алуға мүмкіндік жасайтын негізгі компетенция жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Компетентті жол таба білу заманауи кезеңде әдістемелік негіз ретінде біз математика саласы бойынша жеке тұлғаны қалыптастыру жүйесінде тапсырмалар мазмұнында логикалық ойлау қабілетін дамытуды өз білімін және оның нәтижелерін, бағалай білуге негізделуі қажет.

Экономиекалық жағынан дамыған елдердегі білім беруді дамыту жолдарын сараптай келе, әр елдердегі білім жүйесін жетілдіруді туындалып отырған нақтылы және ортақ мәселелерді айқындауға болады. Солардың кейбірін атап кетейік:

-Жаңа типтегі оқу орындарының ( бағдарлы мектептер, лицейлер, колледждер, гимназиялар ) ашылуы;

-Қоғамның экономикалық дамуының сұранысына орай орта мектептердегі оқушылар санының және тұрғындардың әлеуметтік психологиясының өзгеруі;

-Мектептердегі білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер;

-Мектепке дейінгі, бастауыш және орта мектеп дайындықтарының сапасын көтеру жолдарын іздестіру;

-Даралап және саралап оқытудың түрлі әдістерін игеру және оны жүзеге асырудың даярлық шаралары;

-Білім мазмұнын жетілдіру ( жаңа пәндер енгізу, жекелеген пәндерді оқытудың инвариантты түйіндерін табу, кейбір пәндерді біріктіру және т.б.)

Сонымен, қоса республикамызда білім беруді дамытуға бағытталған арнайы келесі мәселелерді айтуға болады: мектеп оқушыларының арнайы қабілеттерінің деңгейін анықтайтын ғылыми - әдістемелік аппарат құру және оны күнделікті тәжрибеде қолдану; оқушылардың оцлау қабілеттерін артыруға ықпал жасайтын түрлі бағыттарды зерттеу; 12- жылдық жалпы білім беретін мектептер үшін жаңа оқу жоспарларын, бағдарламаларын, білім беру стандарттарын, оқулықтармен оқу- әдістемелік кешендерін жасау; мектептердегі оқуды еретерек кәсібилендіру және арнайы сыныптарда жекелеген пәндерді тереңдетіп оқыту; оқушылар білімін тексеру мен бағалаудың жаңа тәсілдерін іздестіру; блім беруді қаржыландыруды ұлғайту және т.б.

Айтылған мәселелерді әр пәнге қатысты бөліп алып қарастырсақ сол пәнді оқып- уйренуды жетілдіруге ғылыми талдау жасауға жол ашылады. Математиканы оқыту әдістемесі пән ретінде негізінен педагогикалық жоғары оку орындарының студенттеріне оқытылатыны мәлім. Бұл пән болашақ мұғалімдерді оқыту және тәрбиелеудің жалпы теориясын математиканың көмегімен жүзеге асыруға үйретеді. Еліміздегі көптеген педагогикалық институттардың біразы әртүрлі себептермен аймақтық университеттерге бірікті, біразы заман талабына байланысты жекешелендірілген. Ал университеттерге математиканы оқыту әдістемесіне жоспар бойынша мүлдем аз сағат бөлінген. Университеттердің физика және математика факультеттерінде классикалық математика курстары оқытылады да, оқыту әдістемесіне ереекше пән ретінде көңіл бөлінбейді. Педагогтар дайындайтын университеттердің жұмысын қайтадан жандандырып, аймақтық университеттерден бөліп алып жеке жоғары оқу орындарын ашу да кезек күттірмейтін мәселе.

Математиканы оқыту әдістемесін оқып-үйрену мазмұнына білім, білік және дағды жүйесі, онымен қатар ұзақ жылдар бойы жинақталған математиканы оқытудың құндылықтары жатқызылады. Оларды меңгеру пән мұғалімдерінің жан-жақты дамуына, кәсіби шеберлігінің шыңдалуына ықпалын тигізеді. Оқып үйрену мазмұнының қосалқы жүйесіне оқытушының студенттерге оқу материалдарын жеткізу қызметтері: әдістер, формалар, оқыту құралдары, білім және біліктілікті тексеру әдістері және т.б. жатқызылады.

Оқыту мазмұны педагогикалық қағидаларға: тәрбиелік, ғылымилық, жүйелілік, сабақтастық, даму болашағын көру білу және т.б..

Матемтиканы оқыту әдістемесі екі бөлімнен тұрады: жалпы және накты әдістеме. Жалпы әдістеме бөлімі математиканы оқытудың мақсаттары мен міндеттерін, мазмұнын әдістерін, формаларын және оқу құралдарын қарастырады. Арнайы әдістеме математиканың қазіргі бағдарламасының мазмұнды- әдістемелік негіздерін үйретеді. Атап айтқанда, андар жүйесінің, шамалар функциялар, теңбе-тең түрлендірулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелері, координаталар мен векторлар, геометриялық фигуралар және олардың қасиеттері, геометриялық түрлендірулер, математикалық талдаудың элементтері т.б.

Математикадан білім берудің мемелекеттік стандарттарын және бағдарламаларын жасау мәселесін зерттеу математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесінің беделді бағыты болып табылады. 12 жылдық мектептерде математикалық білім берудің стандарттарын таңдау мен құрастыру республика ғалымдарының алдындағы межелі міндет деп түсінеміз.

Математиканың бағдарламасының міндетті минимумын анықтау мәселесіне әр түрлі көзқарастармен қарайды. Бірақ олардың бәріне тән нәрсе: бірдей деңгей дегеніміз бірдей болу дегенді аңғартпайды, ал математикалық стандартты жүзеге асыру дегеніміз барлық оқушыларды жаппай бір өлшеммен өлшеу немесе «бәрін бірдей бір қырықтық асытна алу» деген сөз емес.

Математиканы оқытудың вариативтік құрылымын көбейту пән мұғалімінің де математиканың өзі жақсы меңгерген, сұранысқа дәл жауап беретін маңызды бөлімін таңдап алуына жол ашады. Міне, сондықтан бағдарламаны құрастырушылар қалауы бойынша, блоктар бойынша пәндер жүйесін ойластыруы шарт. Осы айтылғандар математиканы оқытудың теориясының мен әдістемесінің зерттеулерінің тағы бір бағыты болуы керек.

Математиканы оқытудың алдындағы тағы бір міндет- оқушыларды даралап және саралап оқыту. Қазірі уақытта бұл мәселе республика мектептерінде біршама жқсы жолға қойылған. Бұл тақырыпқа көптеген диссертациялық зерттеулер қорғалды, төл оқулықтар мен оқу- әдістемелік кешендерді құрастырғанда ескеріледі. Дегенмен, әлі де даралауға байланысты оқу жоспарары мен бағдарламалары арасындағы алшақтықты анықтау, түрлі бағытта оқитын оқушылардың математикалық білім сапасын арттыру шағын комплектілі мектептердегі даралап оқыту т.с.с. мәселелер өз шешімін талап етеді.

Қазіргі кезде ғалымдар математикалық білім беру мазмұнын жаңарту мен оны оқыту әдістемесін жетілдіруден бұрын математикалық білім беру сапасын жолға қою қажеттігін жиі айтады.

Сөздіктерде сапаға нысандар мен процестердің құндылығы, пайдалылығы, олардың белгілі бір сұраныстарды қанағаттандыруға жарамдылығы немесе белгілі бір мақсаттарды талапқа сай жүзеге асыруға бейімділігі деп түсініктеме береді. Білім беру тұрғысынан сапаны бірнеше тұрғыдан қарастырады: білім беру бағдарламаларының сапасы, оқу процесіне тартылған кадрлық және ғылыми әлеуеттің сапасы, оқушылардың сапасы, білім беру процесінің құралдарының сапасы және білім беру технологияларының сапасы.

Математикалық білім беру математика ғылымының бір бөлігі ғана емес, жалпы адамзаттық мәдениет құбылысы. Ол адамзат ойының даму тарихының бейнесін береді. Сондықтан адамның мәдени дамуында математикалық білім беру үнемі маңызды роль атқарып келе жатыр.

Математика мұғалімінің дайындық сапасының негізгі проблемалары: мұғалімнің кәсіби дайындық сапасы мониторингісінің теориялық негіздері. Бұл айтылғандардан оқушылар қазіргі математиканың негізгі әдістер мен ұғымдарын игеруі үшін, осы идеялар мен әдістерді оқыту мазмұнына айқын түрде енгізу керек және оларды оқушылардың іс-әрекетінің басты мақсаты ету керек.

Математика оқушылардың логикалық ойлауын дамытуы тиіс және ол түсінікті, оқушы шамасы жетерліктей есептер шығару арқылы жүзеге асырылуы керек.

Біздің ойымызша, ең күрделі мәселе — мектеп математика курсын біріктіру мәселесі болып табылады.

*****

# ХИМИЯ ПӘНІН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАҒЫТТАП ОҚЫТУ

**СМАГУЛОВА ЕРКЕШ СЛАНБЕКОВНА**
**№ 2 жалпы орта білім беру мектебінің химия пәнінің мұғалімі**
**Теміртау қаласы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес «ұлттық және бүкіл адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» деп көрсетілген [1].

Мұндай міндетті шешу педагогтан ерекше, басқа бағытты талап етеді. Мұғалім қазіргі кезеңде, оқушылар үшін жеке тұлғалық мәні бар нақты мәселелерді шешу шеңберінде, оларға мектепте іс-әрекет жасау тәжірибесін алуға мүмкіндіктер жасауда қабілетті болуы тиіс. Бұл жеке тұлғаның ойдағыдай әлеуметтенуіне ғана емес, сонымен қатар, өзінен-өзі шыңдалуына да мүмкіндік туғызады, өйткені «білім құзырлығы, оқушының болашақтағы толыққанды өмірі үшін, оның іс-әрекетін моделдейді». Бұл болашақта оқушыға ақпараттық білім беру кеңістігінде оның еркін бейімделуіне, өмірлік мәселелерді еркін шешіп, қажет нәтижеге қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Ұлттық тәрбие деген ол, жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуы болып табылады.

Ал, ұлттық мәдени құндылықтар деген - белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар.

Ұлттық құндылықтарды саралап, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, оқу орнында ұлтжандалылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу болады.

Қазақ елі ұрпақ тәрбиесіне аса ерекше мән берген. Жас жеткіншектерді есті, адал, еңбекқор, парасатты болсын деген үмітпен ата-баба тәлім-тәрбиесін әрқашан мұра тұтып келген және оны талап етіп отырған. Ол үшін ғасырлар бойы қолданып, сұрыпталып, өмір тәжірибесінен сыннан өткен салт-дәстүрлерді, педагогикалық әдіс-тәсілдерді пайдаланған.

Қоршаған ортада әртүрлі құбылыстар мен үдерістер болып жатады, олардың көпшілігі химия ғылымы түсіндіретін заңдар мен заңдылықтарға бағынады. Химия пәні оқушыларға Жерде адамның тіршілік әрекетіне өте маңызды көптеген табиғи заттар бар екендігін және табиғат байлықтарына ұқыпты қарау қажеттілігін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл пән оқушыларға заттардың әртүрлілігі мен олардың өзгерістерінің маңыздылығын түсінуге көмектеседі; жаңа заттарды алу мүмкіндіктерін аша отырып, оқушыларды қоршаған ортаның экологиялық жағдайын берілген мәліметтер негізінде нақты бағалауға үйретеді. Химия оқушылардың дүниетанымын дамытуға, әлемнің тұтас ғылыми бейнесін қалыптастыруда маңызды орын алады. Мектепте химияны оқу оқушыларды қоршаған ортада болып жатқан құбылыстардың мәнін түсінуге жетелейді.

Химия оқушылардың сыни және сындарлы ойлауын, сонымен қатар көптеген эксперименттік және тәжірибелік дағдыларын дамыта отырып, проблеманы шешуде шығармашылдық тәсілдерді қолдануды қолдайды. Бұл пәнді оқу барысында оқушылардың зертханалық құрал - жабдықтарды қолдану және эксперимент жүргізу дағдылары дамиды.

Халық педагогикасын химия сабағында қолданып оқыту - білім алушылардың пәнді түсіну қабілетін арттырып, түсінуге қиын сабақтарды оңай меңгеруге және есте жақсы сақтауға дағдыландырады, ғылыми ұғымның қалыптасуын, ойлау қабілеттерінің, адамгершілік, ұлтжандық, ұлттық мәдениетті дәріптеу дағдыларын жете қамтамасыз ету мүмкіндіктері туады.

Ұлттық құндылықтарды оқу үрдісінде пайдаланудың маңызы - аңыз әңгімелер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ырым мен тыйымдар, өлең-жырлар арқылы білім алушылардың ой-өрісін дамытуға, дүниетанымын кеңейтуге, тез тапқырлық пен ұшқыр ойлануға, өз бетімен ізденуге ой салатын, Отанын сүю мен еліне деген сүйіспеншілік сезімін оятатын, соған ұмтылдыратын білімдік, тәрбиелік мәні бар халық шығармаларымен сабақ барысын қызықты етуге және көркейтуге болады.

Химия сабағы барысында көркем шығармаларды және поэзияны пайдалану білім алушылардың шығармашылығын дамытады, мотивациясын артады.

**«Әркімнің ойы құнды», «Миға шабуыл»** стратегияларын қолдана отырып **«Темірдің табиғатта кездесуі, қосылыстары»** тақырыбын өткенде темір элементін қазақ халқы өміріне ертеден етене енгенін, элеметтің қасиетін халқымыздың жыр дастандарын кіріктіре отырып жеткізуге болады. Сол сияқты, сабақта қара жер қойнауындағы мол қазынаның ішіндегі ең асылының не екенін шешуге арналған жұмбақтарды келтіруге болады.

Ұлттық ойындар халық педагогикасының бір саласы болып табылады. Химия сабағында ұлттық ойындарды пайдалану білім алушылардың тапқырлығын, ептілігін, ой-өрісін жетілдіреді. Ұлттық ойындарды сабақта, үзілісте, сыныптан тыс жұмыстарда тиімді пайдалануға болады.

Химия есептерін шығарғанда өлең, әзіл, ертегі, жаңылтпаш түрінде келтіру білім алушылардың кеңірек ойлануын қажет етеді. Тақпақ есептер арқылы химияның өмірде алатын орнын, химиялық құбылыстарды, химиялық заңдылықтарды сипаттауға болады. Мұндай есептер білім алушылардың логикалық ойын шыңдайды [2].

Химия сабағында халық ойындарын қолданудың түрлі жолдары бар. Ойынды сабақтың барысында қолдану жаңа сабаққа немесе сұралатын үй тапсырмасына білім алушыларды түгел қатыстыру мақсатын көздейді. Егер ойынды сабақтың ортасында қолданса, білім алушылар шаршағанды ұмыттырып ерік-жігерін дамытуға ұмтылуы тиіс. Ойын сабақтың соңында болса тақырыпты бекіту немесе сабақтан алған білімін жинақтау мақсатында пайдаланады [3].

Ұрпағын ойламайтын халық болмайды. Онсыз өсіп өну, ілгерілеу жоқ. Халықтың оқу-тәрбиесінің негізгі мақсаты – жалпы адамды, ең алдымен баланы сұлулық дүниесімен хабардар ете отырып тәрбиелейді. Оқу мен тәрбие алдында ата-ана да, тәрбиеші мен ұстаз да, адамды қоршаған ұжым да, тіпті көшедегі кездейсоқ халық та жауапты. Сол себепті химия пәнін оқытуға мысалды алыстан іздемей-ақ халқымыздың пайдаланып келген ұлттық құрал-саймандарын, ұлттық атауларын қолдануға болады [4].

Қорыта келгенде, оқу орнының алдындағы басты міндет – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзат мәдени мұраларының сабақтастығын сақтай отырып оқыту мен тәрбиелеу және жеткіншектің жан - жақты қалыптасуына мүмкіндік жасау.

Ғұлама ақын, әрі дүние жүзінің екінші ұстазы Әл-Фараби атамыз айтқандай «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың жері, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» - деген.

Сонымен бірге оқушы бойына шоғырланған білім беру мұғалім тарапынан олардың өзіндік жақын даму аймағында дербес қабілетін дамытуға түрткі болу, оқыту мен оқу құндылықтары жүретін практикалық әрекеттерге баулу, баланың қолынан келетін істерін қолдау арқылы қиын проблемаларын шешуге көмектесу болып табылады.

## Әдебиеттер тізімі


- ҚР «Білім туралы заңы». — 1999.
- Тәрбие мен білім. Химия мектепте, -Алматы, 2009. №4. – Б.46- 48.
- Қожахметова Ж., Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. Алматы, 2009
- Қ.Бөлеев «Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау».- Алматы, 2009.

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**КЕНЖЕКУЛОВА АЙНУР ДУЙСЕНБАЕВНА**
**№ 2 жалпы орта білім беру мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,**
**Теміртау қаласы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау екендігі айтылған.

Қазіргі жаһандану үрдісінде әр ұлт, әр мемлекет өзіндік менталитетін, өзіндік бет-бейнесін сақтап қалуға, осы құндылықтарды жас өрендердің санасына сіңдіруге тырысуда.

Ұлттық құндылық – ұлттар мен этностардың тұрмыстық, экономикалық, саяси, философиялық, адамгершілік, ар-ұяттық, діни көзқарастар мен әрекеттерінің жиынтығы болып табылатыны баршамызға айқын. Қазақ қоғамының тарихи кеңістігінде ел болмысының рухани негіздеріне айналған ұлттық сана құбылыстары ең алдымен жеке адамның ерік жігеріне әсер ететіні сөзсіз. Табиғатпен етене араласқан қазақ елі рухани өмірде де елдікті, ұрпақтың ауызбіршілігін сақтайтын қасиеттерді қалыптастыра отырып, кейінгі буынға жеткізуді өздерінің алдарына мақсат еткен.

«Азамат туған жерімен тұғырлы, халқының салт - дәстүрімен ғұмырлы» деп айтқан дана халқымыз. Қандай да бір елдің рухани мәдениеті, әдебиеті мен өнері, ғылым мен техникасы, әлеуметтік жағдайы, материалдық өндірісінің ең маңызды жетістіктері тәрбиесінен көрінуі арқылы оның ұлттық құндылықтарының мәніне ие болады және өскелең ұрпақтың азаматтығы мен отаншылдықты, рухани-адамгершілік жан-дүниесі қалыптасуына белсенді түрде ықпал етеді. Мектептен бастап ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, олардың дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар, ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық өмірдің өзегін келешек ұрпақ тәрбиесіне, соның ішінде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағыттауымыз керек.

Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылыққа негіздейтін - білім. Сондықтан жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім берілу қажет. Ұлттық құндылықтар туралы айтқан даналарымыздың даналықтары жас жеткіншектің бойын да, ойын да түзейді. Осы жерде ұлттық құндылығымызды сақтауға, руханилығымыздың қайнар көзі болып – Абайдың даналығы, Әуезовтың ғұламалығы, Жамбылдың жырлары, Құрманғазының күйлерінің мәні зор.

Мектепте оқыту үрдісінің негізгі мақсаты - баланың білім игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін белсендіріп, шығармашылық қабілеттерін ұлттық тәрбие беру арқылы дамыту болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының жаңа, өзі білмейтін іске деген қызығушылығы басым болады. Ондай істер баланың ақыл - ойын, ішкі күштерін жұмылдырады және ерекше қуат береді.

Осы жерде, еліміздің бірнеше жерінен табылған «Алтын адам» бейнесін көрсету арқылы оқушылардың тарихымызды біліп, ұлттық ерекшелігімізді түсініп және «ұлттық құндылық» деген ұғымның мәнін тереңінен игерулеріне өз ықпалын тигізетіні анық. Сол сияқты, оқушыларға «Алтын адам» бейнесін көрсете отырып, осы баға жетпес қазынамыздың қай жерлерден және нешеуі табылғандығы туралы мағлұмат жинатып, жалпы сипаттама жасату сияқты (үстінде неше алтын бөліктері бар, қандай бейнелер бейнеленген, т.б.) ізденушілік тапсырма беру арқылы танымдық қызығушылықтарын да арттыруға болады. Себебі, Қазақстан жерінен табылған «Алтын адамдар» құнды тарихи жәдігерлер, мәдени-тарихи мұралар, тарихи құндылықтар, тарихи деректер, тұнып тұрған көне тарихи шежіре, өз дәуірінің лауазымды тарихи тұлғалары және де қилы тарихымыздың даңқын алысқа жеткізген асыл сүйекті бабаларымыз. Қалай десек те, Алтын адам – Қазақстанның ең құнды жәдігері, елдігіміздің символы.

Бала дүниетанымы еліктегіш, сенгіш келетіндіктен, математика сабағында ұлттық құндылықтарымызды ұтымды қолдану арқылы бала бойында ұлтымызға ғана тән терең ойлау,шебер сөйлеу дағдыларын дамыту бүгнгі таңда жүрегі ұлтым деп соққан әрбір мұғалімнің міндеті.

Мысалы оқушылардың математикаға қызығушылығы мен ынтасын қалыптастыру бала бойына руханилықты дарытудың негізі болып табылады. Математика сабақтарында халқымыздың ұрпақ тәрбиелеудегі өмір тәжірибесінен, салт–дәстүрлерінен, шаруашылық жүргізу тәсілдерінен, ұлттық табиғи, экономикалық, экологиялық ерекшеліктерін тиімді қамтып отыру, математикалық білімнің өзіне тән: ақыл алғырлығы, зерттеу ынталылығы, заңдылықтарды табуға қызығушылығы, логикалық ойлау арқылы дәлелдей білуі ой тұжырымы арқылы іске асырылады.

Осы арқылы бала бойында математикалық ілім–білімге тән ынталылық, қызығушылық, логикалық ойлай білу, ықшамдылық, сапалылық, үнемшілдік қалыптасады.

Халық ойындарын математика сабағында пайдалану оқушының алған білімін күнделікті өмірмен ұштастыруына мүмкіндік туғызады. Ойын есептеріоқушының ой-өрісін, ізденімпаздығын дамытуға арналған логикалық есептер қарастырылған. Логикалық есептер оқушының тереңнен ойлау қабілетін, шығармашылығын дамытып, пәнге деген қызығушылықтарын арттырады.

Нақты математикалық тақырыпты халқымыздың тұрмыс - салтымен байланыстыра оқыту оқушыларымыздың, өз халқымыздың тарихын білуге, тұрмыс салтын ұғынуға үйретеді.

Қазақ халқы ерте замандарда ғылым мен білімге еркін қолы жетпесе де өмірлік тәжірибеден оқып үйреніп талғай біліп, шеберліктің небір сан саласын асқан ұқыптылықпен сақтап, біздің дәуірімізге жеткізе білген.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын туғызудың жолдарының көзі қазақ халқының тәрбиелік және танымдық мәні бар, баға жетпес асыл қазынасы, тарихи – мәдени мұраларында жатыр. Соның бірі – Қазақтың ұлттық шежіресі. «Адам ата – анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, біліп оны ескерсе, дүниедегі алыс - жақын мен жақсы - жаманды білгені мен көргені көп болған адам білімді болады» - дейді Абай Құнанбаев.

Халықтық педагогиканың бір саласы – ұлттық ойындар. Қазақ халқының ұлттық ойын түрлерін өтетін тақырыпқа лайықтап пайдалану – тасада қалып келген дәстүрлерімізді қайта жандандырып, ұрпақтар бойына сіңіруге үлкен көмегін тигізеді. Сонымен бірге оқушылар халқымыздың өткен тарихына ойлы көз тастап, қарым - қатынасты, салт - дәстүрлерді саналы түрде сезінеді.

Мектеп оқулықтарының мазмұны көбіне жергілікті жердің мәдениетін, тұрмыс-тұрпатын, ұлттық қабылдауларды ескермей, дерексіз сипатта болады. Математика пәнін оқытуда қазақ халқының ұрпақ тәрбиелеудегі өмір тәжірибесінен, салт-дәстүрінен, шаруашылық жүргізу тәсілдерінен көрініс бере отырып оқытқан тиімді.

Ұлттық дәстүрлі мазмұндағы есептер, қазақтың қара есептері, ұмытыла бастаған ұлттық дәстүрлеріміз, сондай-ақ ертегі есептер, ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер, қазақтың байырғы өлшем бірліктері,қазақша жыл есептеулер т.с.с оқушылардың ұлттық дүние танымын кеңейтеді. Ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан қазақ халқының ауызша есептері ауыз әдебиетінің бір жанры болып табылады. Логикалық ой қорыту жолымен шығарылатын халықтың байырғы есептері арқылы халық мұрасымен таныса отырып, әр түрлі тәсілмен шешуге болады.

Халық есептерінің түрі сан алуан. Есептерді шешкенде және жауабын тапқанда берілген шарттармен қоса, қазақ халқының тұрмыс тіршілігіне тән кейбір деректерді ескеру қажет.

Мысалы, «Мал айырбастау» деген есепте ірі мал иесі қойлы шаруаға: «Інгенімнің әр жілігі екі қой, биемнің екі жілігі үш қой, сиырымның әр аяғы бір қой», — дейді. Қойлы шаруа ірі мал иесінің айтқанына келісіп, оған қырық алты қой береді де, орнына алған биесін мініп, інгенін жетектеп, сиырын айдап үйіне қайтады.

Байырғы қазақ ғұрпы бойынша ірі мал кейде «он екі жілік» ет есебімен бағаланған. Есептің логикалық түйіні де осында.

Бұрын қазіргідей ұзындықты өлшейтін дайын метрлік, сыйымдылықты өлшейтін кг., метр өлшеуіш құралдары көп болмаған, болса да көп адамдар түсіне білмеген. Сондықтан көз қол, саусақ мөлшерімен заттарды дәл өлшеп отырған. Қазақ халқында ортақ өлшеуіштерге жалпы халық сенген және түсінген. Біз сол өлшемдерге көз жеткізуіміз керек. Мысалы: Үлкендер бес саусақты қалай атаған?

1) Бас бармақ,
2) Сұқ саусақ,
3) Ортан саусақ,
4) Аты жоқ саусақ,

5) Шынашақ.

Ертегі - баланың тақырыпқа деген қызығушылығын арттырады, қиялын дамытады. Математика сабағында ертегіне қолдану оқушының оқу материалдарын терең түсінуін жеңілдетеді, зейінін тұрақтандырып, есте сақтау қабілетін дамытады.

Мысалы, 1-сыныпта геометриялы ұғымдары: нүкте, кесінді, сызык түрлері, т.б. туралы өткенде, сабақты ертегі түрінде түсіндіру материалды жақсы игеруге, тапсырманы өз бетімен түсіне отырып орындау мүмкіндігіне кол жеткізеді. 1,2- сыныптарда «Ондықтар» такырыбын өткенде «Цифрлар айтысы», «Цифрлар және сандар» ертегісін пайдадану - оқушылардың дөңгелек ондықтардың сандық құрылымы мен таңбалануы, разряд бірліктеріне карай өзгеруі, оның жазылуы мен оқылуын мецгсруге, есте сақтауына көмектеседі. Цифр мен сан ұғымының айырмашылығын түсінуде де бұл ертегілерді қолдану пайдалы. «Туысқандар» ертегісін қолдану барысынды шаршы мен тік төртбұрыштың ұқсастығын және айырмашылығын оқушының өзіне айтқызу, оның өз бетімен ойлануына, ізденушілігіне жетелейді.

Тәрбиелік жағынан алсақ - бұл ертегілер бірлік пен достыққа тәрбиелеп, мақтаншақтық сияқты жағымсыз қылықтан алыс жүруге бейімдейді. Яғни, педагогиканы оқыта отырып тәрбиелеу, тәрбиелей отырып оқыту қағидасын жүзеге асырудың ұтымды әдістерінің бірі.

Ал, пәнаралық байланыс мәселесіне келсек, ертегілерді тыңдау, айту арқылы оқушының сөздік қоры молайып, тіл байлығы дамиды.

Осындай бай мұраны жас ұрпаққа дәріптеу, одан әрі оны жаңғырту, рухани бай ұрпақ қалыптастыру біздің басты міндетіміз. Себебі, ұлттық құндылық – ұлттың тірегі!

Қайсыбір халықтың тарихына көз жүгіртіп қарар болсақ, ең алдымен тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүрі мен ұлттық құндылықтарына үңілетініміз анық. Міне, біздер енді, осы өнегелі сөзді арқау ете отырып, бабалардың біздерге мирас етіп қалдырған рухани бай мұрасы мен құндылықтарың жас өскелен ұрпақтарға насихаттап, мәдениет ұлттың мәйегі екенін дәлелдеп, елдік рухани мүддемізді әлемдік деңгейде жаңғырта аламыз.

Бүгінгі таңдағы біздің міндетіміз ұлттық дәстүрдің аясын тарылтпай, халық педагогикасы негізінде, ұлттық құндылықтарымызды пайдалану арқылы, жаңа әдістермен толықтыра отырып, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, эстетикалық талғамы жоғары, ар-ожданы мол, еңбеккор жас ұрпақты тәрбиелеу, олардың әдепті, әдемі, сұлу, білімді болып өсуіне мүмкіндік жасау.

Яғни,өзіміз не үйретсек, соның жемісін көреміз, сол үшін берерміздің мәні мен маңызы зор болуға тиісті.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**


- Қырық қазына. Ә.Доспамбетов - Алматы 1997
- Ата дәстүрің – асыл қазынаң // Бастауыш мектеп. Алматы, 2007
- Қазақстан жерінен табылған «Алтын адамдар» құнды тарихи жәдігерлер. [Электрондық ресурс] Қолдану режимі: https://infourok.ru/azastan-zherinen-tabilan-altin-adamdar-ndi-tarihi-zhdigerler.
- ZHARAR «KZ» Абай Құнанбаев . [Электрондық ресурс] Қолдану режимі: https://www.zharar.com/kz/olen/.
- Қазақтың байырғы қара есептері.С.Елубаев - Алматы 1996
- «Қазақтың байырғы өлшемдері» С.Елубаев, Алматы, Қазақстан, 1996.

# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ТӘРБИЕ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

**КАЛДЫБАЕВА МАЙРА ЕРНАЗАРОВНА**
**№ 2 жалпы орта білім беру мектебінің бастауыш сынып мұғалімі**
**Теміртау қаласы**

Құндылықтар деген, ол – тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар, ол шынайы болады, ол адамға тәуелді емес, дегенмен ол адам санасында орын алады. Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, ал сана арқылы оны түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Нақтырақ айтатын болсақ, ана тілі мен ұлттық дәстүрді құрметтейтін, дүниетанымы, ақыл ой парасаттылығы қалыптасқан, мақсат қоя алатын, сол мақсатқа жету жолында жауапкершілігі мол, мінез құлқы, айналадағы адамдарға қарым – қатынас мәдениеті жоғары, Отанын сүйетін, күрделі жағдайда нақты шешім қабылдай алатын, салауатты тұлға.

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан-ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы.

Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде бастауыш сыныпта атқаратын жұмысының орыны ерекше. Тәрбиені сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің мектеп атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. Ұлы Абай: «Бала мінез үш алуан адамнан жұғады: біріншісі - ата – анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан.» - деген екен. Қоғамға қызмет ететін болашақ жеткіншектерге сапалы білім мен өнегелі ұлттың тәрбие беру – ұстаздың басты парызы.

Бастауыш мектеп оқушыларының тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру жұмыстарына балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, олардың қабылдау мүмкіндіктеріне сәйкес лайықтыларын ғана пайдаланып, оларды тиімді қолдана білген жөн.

Қазіргі таңда бұл талаптарды жүзеге асырудың мынадай мүмкіндіктері бар:

- тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру бойынша адамгершілік құндылықтарды кез келген пәнді оқытудың мазмұнына кіріктіру;
- сыныптан тыс сабақтарды баланың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ықпалететіндей бағытта ұйымдастыру;
- жеке пән ретінде жүргізілетін сабақтардың бағдарламасына еңгізу.

Бастауыш сынып оқушысы тұлғасын қалыптастыруда халық педагогикасы материалдарымен таныстыру, оларды тыңдағанын қайта әңгімелеп беруге, мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды мәнерлеп айтуға үйрету мен сөздік қорларын байыту, сөздік шығармашылықтың бастапқы формаларын дамыту мен адами ізгілік қасиеттерді, психикалық процестерді жетілдіру жөніндегі жұмыс төмендегі жеке тұлғанының қалыптасу мүмкіндіктерін шешуге көмектеседі. Оған:

- ұлттық ойындарды түсініп, қызыға ойлануға баулу;
- халық педагогикасының асыл мұрасы – халық ауыз әдебиеті үлгілерін тыңдай білу;
- бейнелеу құралдарын (сахналау, кейіптендіру, диалог, кестелі-модельдер, т.б.) ойында қолдана отырып, шығарманы мәнерлеп, белгілі бір жанрмен орындауға үйрету, сөздік қорларын дамыту;
- әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді түсіну;
- алған білімдері мен іскерлік-дағдыларын оқушының өзі атқаратын іс-әрекетте, өмірде қолдануға үйрету.
- ұлттық сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын ажырата білуге.

Мектеп табалдырығын аттағаннан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарында, оқыту үрдісінде қазақ зиялы қауымның еңбектерінің, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы олардың бойына адами құндылықтарды қалыптастыру қажет.

Ұлттың салт сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырым – тыйымдар, жөн – жорағылар, діни ұғымдар, сенімдер, перзеттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып, ұлттық қасиеттерге айналады.

Бала бойына ұлттық құндылықтарды дамытудағы негізгі құралдарға мыналар жатады:

- Оқыту үрдісі
- Тәрбие шаралары (пікірталас, кездесулер)
- Кітап оқу.
- Сыныптағы тәрбие сағаттары.
- Саяхат жасау.

Бастауыш сыныпта ұлттық құндылықты қалыптастыру ана тілі, математика, бейнелеу өнері сабақтарында жүзеге асырылады. Рухани – адамгершілік құндылықтардың маңызын айқындау көбінесе ана тілі сабағында жүзеге асырылып жатады.

Оқу мен тәрбие егіз. Оны бір – бірінен бөліп қарауға болмайды. Тәрбиенің өзі күнделікті сабақтың әр бір негізінде – ақ оқушы бойына сіңіре бастайды.

Бастауыш мектеп оқушыларының бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы қалыптасқан тәні мен жаны сұлу, өзіне - өзі сенімді, халықтың салт – дәстүрін, ата заңын, тарихын құрметтейтін, елжанды, әлемдік бәсекеге қабілетті тұлғаның негізін қалау әр ересек адамның парызы болуы керек.

Ұлттық болмыс, оны дәріптеу отбасынан, ошаққасынан басталады. Отбасы – тәрбиенің тамаша мектебі. Үлкенді сыйлауға, ана тілін ардақтауға, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиеленсек, ұшқанда да соны іліп, жүрген жерімізде сол құндылықтарды дәріптейміз. Әкесі мен баласы, қызы мен анасы, бозбала мен бойжеткен арасындағы жарасты қарым-қатынас отбасындағы ұлттық дәстүрді берік ұстанудың бір жолы. Халқымыз ұлын-нарға, қызын арға балап, татулықты абысындар арасынан тапқан, жігіттің бойынан елге қорған боларлық батырлық қасиетті іздеген. Осындай тәрбие арқылы құндылықтарды қалыптастырған.

Ұрпағын елжанды, ұлтының ұлылығын ұлықтайтын азамат етіп тәрбиелеуде ана тілінің нәрімен сусындатып, жүрегіне ізгіліктің дәнін сепкен. Ана сүтімен бойымызға дарыған тілді шұбарламай, таза күйінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген. Елге қалтқысыз қызмет етуді ойлаған асыл ерлеріміз жеке басының мүддесінен халық мүддесін жоғары қойған.

Бүгінгі ұрпағымызды туған халқының тіліне, рухани мәдениетіне, тарихына немқұрайлы қарамауға тәрбиелеуіміз керек. Сонда ғана олардың ішкі жан дүниесі, санасы ұлттық құндылықтарға елжіреп тұрады. Біз, ұстаздар, бала болмысын жақсартуға ата-анадан да зор атсалысуымыз қажет. Себебі олар - елдің болашағы.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. С.Ұзақбаева. Тамыры терең тәрбие (қазақтың халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие) // Алматы, 1995.
2. «Мектептегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» сабақтары: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» білім беру бағдарламасы; Нұр-Сұлтан, 2022.
3. Мамырбекова Г.А. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту мәселелері/ Педагогика. 2018ж.,

*****

# КҮН МЕН ТҮН НЕЛІКТЕН АЛМАСАДЫ?

**АЙТЕНОВА ЖАНАР АДИЛХАНОВНА**
**Шымкент қаласы Қаратау ауданы**
**№ 103 жалпы орта білім беретін мектептің**
**бастауыш сынып мұғалімі**

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | «Жер және ғарыш»<br>Ғарыш | |
| Мектебі | №103 жалпы орта білім беретін мектеп | |
| Пәні | **Жаратылыстану пәні** | |
| Педагогтің Т.А.Ә. | АЙТЕНОВА ЖАНАР АДИЛХАНОВНА | |
| Күні: | 20.02.2024 | |
| Сынып: 3 «Ж» | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | **11-сабақ. «Күн мен түн неліктен алмасады?»**<br>( Жаратылыстану 2-бөлім. Оқулық 28-29бет «Назарбаев зияткерлік мектептері ДББҰ»2018) | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 3.4.3.1 - Жердің өз осінен айналуының салдарын түсіндіру | |
| Сабақтың мақсаты | • Тәулік ұғымымен танысасың;<br>• Неге күндіз жарық, ал түнде қараңғы болатынын білесің. | |
| Сабақтың барысы | | |

| Сабақтың кезеңі\уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау |
|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>1 минут | • **Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру .**<br>Армысың досым,<br>Кел, маған қосыл.<br>Алақанға салып алақан,<br>Шеңберге бірге тұрайық. (қолдарынан ұстайды)<br>Жер шарын айналып,<br>Әлемге жарық ұқсайық. (айналады).<br>Қолымызды көтеріп,<br>Күннің нұрын алайық (қолдарын көкке созады)<br>Ортамызда күн нұры<br>Құшаққа оны алайық (құшақтасады)<br>Осындай жақсы көңілмен,<br>Сабағымызды бастайық.<br>Топқа бірігу.<br>«Таңдау» әдісімен 2 топқа бірігеді<br>1-топ «Күн» тобы<br>2-топ «Ай» тобы<br>**Күн:** Жанындағыларға жылу сыйлап, жарқырап жүретін сәуле шашып белсенділікпен жұмыс жасайтын жандар.<br>**Ай:** Ойшыл да, арманшыл қиындықтарға мойымайтын, ержүрек, батыл жандар. | Оқушылар бр-біріне жағымды көңіл-күй сыйлайды.<br><br>Суреттерді таңдау арқылы 2- топқа бірігеді | Керемет!<br>Тамаша!<br>Жарайсың! |

<table>
<tr><td></td><td>Үй тапсырмасы<br>«Кубизм» әдісі<br>Үй тапсырмасы сұрақ-жауап арқылы қайталанады</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Қызығушылықты ояту<br>7 минут<br><br>Сабақтың ортасы<br>Жаңа сабақ<br>35 минут<br><br>Жаңа білімді бекіту</td><td>• Ой шақыру. Балалардың бәрі ұйықтап жатады.<br>• Мұғалім: Қазір түн мезгілі. Балалар қазір бәрі ұйықтап жатыр. Ұйықтағанда біздің миымыз тынығады. Демаламыз. Күн шықты. Балалар оянды. Оянған қандай жақсы!<br>• Түн кезеңінде не болады?<br>• –Ұйықтағанда миымыз қоқыстан тазарады<br>• –Ми энергия толтырады<br>• –Адам ұйықтағанда қимыл-қозғалыстан айрылады<br>• –Көзіміз демалады<br>• –Адамның жүрек соғысы баяулайды<br>-Маңызды шешімдер шығарамыз<br>•<br>– Саралау: Диалог арқылы саралау<br>✓ Балалар, неге күндіз жарық, ал түнде қараңғы болады?<br>✓ Ал күн мен түннің алмасу себебі неде білесіңдер ме?<br><br>-Олай болса бүгін біз сабағымыздың тақырыбы:<br>«Күн мен түн неліктен алмасады?»<br>Сабақтың мақсатын таныстырамын.<br>7. Ұғынуды ұйымдастыру<br><u>https://www.youtube.com/watch?v=iYDDDEJe6o0</u><br>8. Талдау сұрақтары:<br>1.Бейнематериал не туралы?<br>2.Сен үшін не қызықты болды?<br>Презентация арқылы түсіндіру<br>Оқулықпен жұмыс.<br>• Тақырыпты іштей оқу.<br>• Сұрақтарға жауап беру<br>ЕББҚЕ оқушы: тақырыпты тыңдайды. Сұрақтарға мұғалімнің сүйемелдеуімен жауап береді.<br>- 1-тапсырма. Дәптермен жұмыс<br>✓ Сөйлемдерді толықтыр;<br>✓ Тізімнен тек бір ғана дұрыс жауапты таңда.<br>Жер басқа ғаламшарлар сияқты өз (орбитасынан,осінен,жазықтығынан) айналады. Жердің өз осінен айналуы батыстан (солтүстікке,оңтүстікке,шығысқа) қарай бағытталады. Жер өз осінен айналғанда</td><td>Оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып, жаңа сабақтың тақырыбын шығарады. Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен танысады.<br><br>Бейнематериал мен танысып, сұрақтарға жауап береді. Презентацияға мұқият назар аударады.<br><br>Оқушылар презентация негізінде мұғалімнің түсіндірмесін мұқият тыңдайды. Тақырыпты түсініп оқиды.</td><td>ҚБ:Мұғалімнің ауызша бағалау үздіксіз жүріп отырады.<br><br>Дескриптор:<br>-тақырыпты оқиды;<br>-сұрақтарға жауап береді;<br>ФБ-1 балл<br><br>Дескриптор:<br>-тізімнен бір дұрыс жауапты таңдайды;<br>-сөйлемдерді толықтырады<br>ФБ -2 балл<br><br>Дескриптор:<br>-бірінші реттілікті анықтайды;<br>- екінші реттілікті анықтайды;<br>- үшінші реттілікті анықтайды;</td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Күн Жер бетінің белгілі бір бөлігіне ғана түседі. Ғаламшардың жарық бөлігінде (күн,түн,жаз), қарама-қарсы бөлігінде – (күн,түн,жаз)болады.<br>ЕББҚ оқушымұғалімнің сүйемелдеуімен орналастырып,сөйлем құрайды.<br>- 2-тапсырма Жұптық жұмыс<br>• Эксперименттің жасалу ретін анықта<br><br>Зерттеу қорытындысын жаса.<br>Қолшамды допқа бағытта.<br>Допты айналдыр, стикердің орналасуын бақыла.<br>Қолшам және доп дайында.<br>Доптың кез келген нүктесін стикермен белгіле.<br>Қолшам және доп дайында.<br>Доптың кез келген нүктесін стикермен белгіле.<br>Қолшамды допқа бағытта.<br>Допты айналдыр, стикердің орналасуын бақыла.<br>Зерттеу қорытындысын жаса.<br>- 3-тапсырма<br>- Күн мен түнді бейнелеу<br>- Ерекшелігін жазу<br>- 4-тапсырма<br>• «Мен зерттеушімін» айдары<br>• Қажетті заттарды дайында;<br>• Эксперимент жаса<br><br>Зерттеу мақсаты: күн мен түннің қалай алмасатынын анықтау.<br>Гипотеза: Жер өз осінен айналған кезде күн мен түн алмасады.<br>Зерттеу әдісі: эксперимент.<br>Қажетті заттар: глобус немесе шар (кез келген дөңгелек зат), шам немесе қолшам, стикер-жапсырма.<br><br>- Бекіту тапсырмасы<br>https://wordwall.net/resource/68000446<br><br><br>Қалыптастырушы бағалау тапсырмасы<br>1.Сөйлемді толықтыр<br>Жердің өз осінен толық бір айналым жасауы ... жүзеге асады.<br>бір айда<br>бір тәулікте<br>бір түнде<br>365 күнде<br>бір ғасырда<br>7 күнде<br>2.Бірнеше дұрыс тұжырымдарды белгіле<br>Жер қозғалыссыз, сондықтан күн түнге алмасады.<br>Жер Күнге жақын орналасқан.<br>Бүкіл ғаламшарда күн мен түн бір уақытта болмайды.<br>Жердің Күнге қараған жағында күн болады.</td>
<td>Оқушылар эксперименттің реттілігін анықтайды<br><br>Оқушылар қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын орындайды</td>
<td>- төртінші реттілікті анықтайды;<br>- бесінші реттілікті анықтайды<br>ФБ-2 балл<br>Дескриптор:<br>-қажетті заттарды дайындайды;<br>-эксперимент жасайды;<br>-қорытынды шығарады<br>ФБ-2 балл<br><br>Дескриптор:<br>-бірінші тапсырманы орындайды;<br>-екінші тапсырманы орындайды;<br>-үшінші тапсырманы орындайды<br>ФБ-3 балл</td>
</tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Күн Жердің барлық бөлігіне түседі.<br>**3.Күн мен түннің алмасуы адам өмірі үшін маңызды екенін білдіретін сөйлемдерді белгіле**<br>Түнгі ұйқы кезінде адам ағзасының температурасына әсер ететін заттар түзіледі.<br>Түнгі ұйқы иммунитетті көтереді.<br>Адам үшін күн мен түннің маңызы бірдей.<br>Адам күнделікті белгілі бір күн кестесімен жүрсе, жұмысқа деген қабілеті сақталады.<br>Күндізгі ұйқы түнгіге қарағанда пайдалы. | | |
| Сабақтың соңы | **Үй тапсырмасы:**<br>• Тақырыпты оқу,мазмұндау; | | ФБ -2 балл |
| Бағалау критерийлері | • Күн мен түннің алмасу себебін біледі;<br>• Жердің өз осінен айналу салдарын түсінеді. | | |
| Рефлексия<br>5 минут | Рефлексия .<br> | Дескриптор :<br>Оқушылар сабақтан алған әсерлерін білдіре алады | **Қ.Б.**<br>Тамаша! |

*****

## ЖАСӨСПІРІМ ТӘРБИЕСІ

**БУТАГАРИНА АЙНУР БЕКМЫРЗАҚЫЗЫ**
**Бастауыш сынып мұғалімі**
**Ақтөбе қаласы “М. Ғабдуллин атындағы № 70 жалпы білім беретін орта мектеп” КММ**

XXI ғасырдағы Қазақстандық ата-ана: «Өз балаңа үлгі бол». Бала-ертеңгі үмітіміз. Бүгінгі ұл-ертеңгі әке, бүгінгі қыз-ертеңгі ана. Олар әкеге, анаға қарап өседі.

Жалпы, қазақ отбасында әуелі әке, содан кейін шеше, бұл кісілер – жанұяның, яғни, отбасының ұстаздары. Әрбір әке-шешенің балаға қоятын басты талабы-тәртіп. «Әдепті бол», «тәрбиесіз болма», «көргенсіз болма» деп үнемі құлағына құйып отырады. Және үлкен-кішіні сыйлап, құрметтеуді, сыпайы болуды, ешкімді кемсітпеуді үйретеді.

Алайда, қазіргі таңда жұмыссыздықтың көбеюімен ата-аналардың көбісі күнделікті күнкөріс қамымен бала тәрбиесіне аз көңіл бөлуде. Тіпті, қарапайым мектебіміздегі ата-аналар жиналысына қатысуларының өзі үлкен мәселе болып отыр. Ата-аналарды педагогикалық қолдау мақсатында тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Даналық мектебі (әкелер мектебі, әжелер мектебі, аналар мектебі, т.б) көптеген өтіп жатқан іс-шараларға қатыстыру мұғалімдер үшін әртүрлі қиындықтар туғызуда. Себеп: көптеген ата-ана күндіз жұмыстан қолдары босамайды. Бұл қазіргі таңдағы өзекті мәселе болып тұр.

Ал, қолға түскен кез келген жұмысты атқарып шаршап келген ата-ана «баламның тамағы тоқ, көйлегі көк» деп ойлайды, бұл әрине қате пікір.

Атақты педагог-ғалым В.А Сухомлинский айтпақшы «Тек қана ата-аналармен бірге күш-жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін». Мұғалімдер мұндай бағытты беру үшін әрине үнемі ата-анамен байланыса отырып, бірігіп жұмыс істеуі керек.

XXI ғасырдың ата-анасы жан дүниесі бай, ұлттық мемлекетшілдігі жоғары, балаларымен дұрыс қарым-қатынас жасай білетін, жауапкершілік сезімі зор тұлға болуы тиіс. Қазіргі балалар түрлі озық технологияны тез меңгереді, жан-жақты, сауатты, ең бастысы заман талабына сай үнемі қоғамдық ортада өз ойларын еркін айта алатын, тәрбиелі, білімді азамат болуы – басты міндеттері.

Жастар – қай заманда, қай елде болмасын асқақ арман мен үміт, биік ар мен өр намыстың символы. Олар – қай кезде де, қай қоғамда да белсенді буын өкілдері. Еліміздің жас буын өкілдері мемлекетіміздің жаңа келбетін қалыптастырады.

Жастар – қазірде азаматтық қоғамның белсенді бөлігі. Жас қазақстандықтардың түрлі саладағы инновациялық жобалар, мен технологияларды игеруге бейім, кәсіпкерлікпен айналысуға, жаңа білім мен ғылымды дамытуда күш-қуаты зор.

Отбасы мәселесі барлық уақытта адамзатты толғандырған. Әрбір отбасы өз баласын қалай тәрбиелеуді өзі шешеді. Бұл мәселе бойынша бірыңғай нұсқау жоқ. Әрбір ересек адам бала өмірінде маңызды рөл атқарады.

Ата-аналар үшін міндеттердің бірі – олардың бала тәрбиесі бойынша міндеттері. Дәл осы ата-аналарға баланың болашақта қандай болатыны тәуелді: мейірімді немесе жауыз, бейімделгіш немесе төзімді, шыдамды. Отбасында осы айтылған қасиеттер қалыптасады. Бұл қасиеттер балаға өмір бойы тұлға болуына ықпал етеді.

Ұлттық құндылық, ұлттық тәрбие, сонымен қатар, отбасындағы тәрбие ақсаса, Отан алдындағы қарыз бен парыз кері кетеді.Жас ұрпақ – еліміздің айнасы, ал айнаның қандай болуы иесіне байланысты.

Жоғары қырда ананың бағасы бек,
Алдына басын иген анасы кеп.
Далада өсіріпті қызды ардақтап,
Болашақ рулы елдің анасы деп.
Ерліктің нышаны емес ас пен күші,
Ел қорғау-ер жігіттің қастерлі ісі.
Жақсы әйел, жүйрік ат пен алмас қылыш,
Қазақта батырлықтың бас белгісі» -деп ақын Ф. Оңғарсынова айтқандай, ел ертеңі текті ұл мен қызға тәлім-тәрбиені, даналық пен даралықты бойына сіңірген.

Ал, XXI ғасырдың жастары тек еркіндікті қалайды. Жанында әрдайым түзу жолға салатын, жаман ортадан тиятын, еніп бара жатса, суырып алып, жақсы жаққа жетелейтін жақындары болса, ол баланың келешегі жарқын болмақ. Қызығушылықтарына тыйым сала бермей, мүмкіндігінше барша көңілі ауған істі жасап көруге мүмкіндік берсеңіз, ол бала өз жолын еш күмәнсіз таңдай алатынына сенімдімін. Тым еркінсіп кетпеу үшін өзіңіз әрдайым жанынан табылып, әр нәрсенің екі ұшы бар екенін қайталап айта отырып және өмірге деген көзқарасын кеңейтуге тиіссіз. Ғаламда тек жаман адамдар, яки жақсы адамдар болмайтынын біліңіз. Жақсы деп жүрген нәрсе жаманға айналып кетуі, жаман деп жүрген нәрсенің жақсыға айналып кетуі бек мүмкін. Жағдайға төзе білсеңіз, перзентіңіздің шыңға шығатынын ұғындыра алсаңыз, «адамзат үшін пайдасы тиетін ұрпақ тәрбиеледім» деп қуана беріңіз. Егер оның ақыл-есі туғанда дұрыс болса, ендігі жерде дұрыс тәрбие, үйлесімді тәсіл оны алдыға шығара алады. Сонда ғана балаңызды стресс, депрессия деген заттардан аман алып қала аласыз. Жарқын келешек пен пайдалы орта қалыптастыруына ықпал ете аласыз. Бастысы, балаңызға деген сенім мен махаббатты ұмытпағаныңыз абзал.

Отбасында ата-ананың тәрбиесі мен тәртібі, үлгі-өнегесі ұрпақтың өмірлік ұстанымына айналатынын ұмытпайық!

Ойымды қорыта келе, әр сыныптағы қиын және қиынға бейім оқушыларды ескере отырып, әр сыныпқа осы бағыт бойынша бір жас маманды тәлімгер етіп бекітіп қойса, оқушылар мен ұстаз арасындағы байланыс күшейер еді. Сол кезде ата-анамен де тығыз байланыс болады деп ойлаймын.

*****

# ПАЙДАЛЫ ҚАЗБА ДЕГЕН НЕ?

**БАҚТЫБАЕВА ГҮЛСІМ САНАҚБАЙҚЫЗЫ**
**Ақтөбе облысы Шалқар қаласы**
**Ә.Жангелдин атындағы ЖОББМ КММ**
**Бастауыш сынып мұғалімі**

| | | |
|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | Ә.Жангелдин атындағы ЖОББМ КММ | Ә.Жангелдин атындағы ЖОББМ КММ |
| **Пәні:** | Жаратылыстану | Жаратылыстану |
| **Бөлім:** | **Заттар және олардың қасиеттері. Табиғат ресурстары.** | **Заттар және олардың қасиеттері. Табиғат ресурстары.** |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Бақтыбаева Гүлсім Санақбайқызы | Бақтыбаева Гүлсім Санақбайқызы |
| **Сынып: 4** | Қатысушылар саны: 22<br>Қатыспағандар саны: | Қатысушылар саны: 22<br>Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы** | **Пайдалы қазба деген не?** | **Пайдалы қазба деген не?** |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 4.3.4.1 кейбір пайдалы қазбалардың (бор, тұз, әктас,саз, мұнай, гранит, көмір, табиғи газ) қолданылу саласын анықтау 4.3.4.2 Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары өндірілетін кен орындарын біледі | 4.3.4.1 кейбір пайдалы қазбалардың (бор, тұз, әктас,саз, мұнай, гранит, көмір, табиғи газ) қолданылу саласын анықтау 4.3.4.2 Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары өндірілетін кен орындарын біледі |
| **Сабақтың мақсаты** | Қазақстанда қандай пайдалы қазбалар өндірілетінін біледі, Ақпарат көзін және жеке өмірлік тәжірибесін қолданып, пайдалы қазбалардың тұрмыста, шаруашылықта қолданысы туралы зерттеу жүргізе алады. | Қазақстанда қандай пайдалы қазбалар өндірілетінін біледі, Ақпарат көзін және жеке өмірлік тәжірибесін қолданып, пайдалы қазбалардың тұрмыста, шаруашылықта қолданысы туралы зерттеу жүргізе алады. |
| | Сабақтың барысы | Сабақтың барысы |

| Сабақтың жоспар-ланған кезеңдері | Педагогтің әрекеті  | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>2 минут | **І.Ұйымдастыру.**<br>Сәлемдесу.<br><br><br>**І.Қызығушылығын ояту "Көңіл күй таңда" әдісі** Балалардың көңіл күйлерін сұрау ( гүлге жазылған сөздерді таңдайды) | Оқушылар қимылмен жасайды | Жарайсыңдар!<br> | <br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 минут<br><br>4минут | **ҰЖ: Топ атауы**<br><br>**1-топ «Жер асты пайдалы қазбалар » тобы 2-топ «Жер бетіндегі пайдалы қазбалар » тобы**<br>**3-топ «Су ішіндегі пайдалы қазбалар » тобы** | -принтер таңдау арқылы топ атауларын алады | Жарайсың! |  |
| Сабақтың ортасы<br>1минут<br><br>**Білу.**<br>5 минут<br><br><br><br>4минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br>4минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>2минут<br><br>3минут | **Топ ережесімен таныстыру**<br><br><br>**МТ: Бағалау парақшасы «+1Ақыл»**<br> **1-тапсырма**<br>**Өткен сабаққа шолу**<br><br>**МТ : Жаңа тақырып.**<br>**«Кинометафора» әдісін қолдану арқылы**<br><br>**Пайдалы қазба деген не? тақырыбында бейнеүзінді көрсету**<br><br><br><br>**Есте сақта! Пайдалы қазбалар жер қойнауында болады**<br><br><br><br><br><br>**2-тапсырма ҰЖ «Кім тапқыр?» әдісі**<br>Wordwall программасы арқылы суреттер арқылы пайдалы қазбалардың атауын табады<br>**https://wordwall.net/id/resource/52295142**<br>**3- тапсырма ТЖ «Тапқыр болсаң тауып көр » әдісі пайдалы қазбалардың атауын** | Топ ережелерімен танысады<br><br><br><br>Бағалау парақшасы<br><br><br><br>Сұрақтарға жауап береді<br><br><br><br>Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен танысады<br><br><br><br>Оқулықпен жұмыс | Бағалау парақшасымен таныстыру<br><br><br><br>**Дескриптор:**<br>-сұрақтарға жауап бере алады<br>**Бағалау +1АҚЫЛ** | <br><br><br><br><br><br><br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4минут<br><br>3минут<br><br>3минут<br><br>3минут | **жаз**<br>**1-топ «Жер асты пайдалы қазбалар » тобы**<br>**марганец** мәрмәр<br>**мұнай** **күміс**<br>**әктас** **бор**<br><br>**2-топ «Жер бетіндегі пайдалы қазбалар » тобы**<br>**көмір** **қорғасын**<br>**темір** **вольфрам**<br>**газ** **ас тұзы**<br><br>**3-топ «Су ішіндегі пайдалы қазбалар » тобы**<br> **уран**  **жез** **қола**<br>**мырыш**<br><br>**алтын** **құмтас**<br>**Сергіту сәті**<br>**Үш топтың түстеріне байланысты А4 қағазбен қимыл жасау** ( Балалар ғалымдардың зерттеуі бойынша әлемде 4 пайыз адам көзін жұмып қағаздың дыбысын есту арқылы оның түсін анықтай алады екен . Қызықпа сендерге бұл дерек? .Қазір бұны тексеріп көрейік пе? Жасап көреміз бе ? Қолдарына түрлі –түсті қағазды ала қойыңыздар.<br>**4-тапсырма ЖЖ «Жұптасып талқыла» әдісі** | Wordwall программасы арқылы орындайды<br><br>Топтасып тапсырманы орындайды<br><br>Суретке қарап пайдалы қазбалардың атауын жазады<br><br>Сергіту сәтін | **Дескриптор:**<br>- суреттер арқылы пайдалы қазбалардың атауын таба алады 1 **балл**<br>**Бағалау +1АҚЫЛ**<br><br>**Дескриптор:**<br>- пайдалы қазбалардың атауын жаза біледі **1балл**<br>**Бағалау +1АҚЫЛ** | Суреттер<br><br>**https://wordwall.net/id/resource/52295142**<br><br>Суреттер<br><br>А4 қағаз суреттер маркер<br><br><br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Пайдалы қазбалардың өндірілетін әдістерді жаз**<br>**Жауап: 1.Шахта 2. Бұрғы 3.Карьер**<br>**Саралау:** диалог және қолдау көрсету<br><br>**5- тапсырма ТЖ «Топтасып орында » әдісі**<br>**1-топ «Жер асты пайдалы қазбалар » тобы**<br><br>**Тамақ пісіру,үй жылыту, медицина, фабрика , зауыт, электр станциялары жұмыс істеу үшін қандай отын түрлерін білесің ? Жауап (тас көмір, мұнай, газ)**  **тас көмір**<br> **газ**  **мұнай**<br><br>**2-топ «Жер бетіндегі пайдалы қазбалар » тобы**<br>**Үй жиһаздары, транспорттарға, темір жол, көпір салу үшін қандай пайдалы қазбалар пайдалынылады?**<br>**Жауап ( мыс,темір, қорғасын, алюминий)**<br> **мыс**  **темір** <br>**қорғасын**  **алюминий**<br><br>**3-топ «Су ішіндегі пайдалы қазбалар » тобы**<br><br>**Адамдардың үй салғанда қандай құрлыс материалдарын пайдаланады ?**<br><br>**Жауап:(құм тас, әктас, бетон ,кірпіш )**<br> **құм тас**  **әктас** | іс-қимылмен көрсетеді.<br><br>Жұптасып тапсырманы орындайды.<br><br>Суреттер арқылы тапсырманы орындайды | **Дескриптор:**<br>-. пайдалы қазбалардың өндірілетін әдістерін жаза алады<br>3 балл<br>**Бағалау**<br>**+1АҚЫЛ** | <br><br>А4 қағаз маркер<br><br>слайд<br><br>Үлестір ме суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>2 минут |  **бетон**  **кірпіш**<br><br>**Саралау: Тапсырма бойынша**<br><br>**7- тапсырма Қалыптастырушы бағалау ӨЖ « Білімінді қолдан» әдісі Кестені толтыр**<br><br>**Су, қағаз ,көмір,темір, пластик, ағаш ,құс**<br><br>**Жауап**<br><br>**Саралау:** Қарқын бойынша саралау Қарқыны төмен, қолдауды көп қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар арқылы көмектесемін<br>**IV.Сабақты қорытындылау:**<br>**«Сұрақ меннен жауап сізден»**<br><br>**Оқушылардың білімін бағалау**<br>**Бағалау «+1Ақыл»**<br>  | Пайдалы, табиғи, жасанды ресурстарды жазады<br><br>**Сұрақтарға жауап береді** | **Дескриптор:**<br>-отын түрлерін біледі 1балл<br>**Бағалау +1АҚЫЛ**<br><br>**Дескриптор:**<br>-үй жиһаздары, транспорттарға, темір жол, көпір салу үшін қолданылатын пайдалы қазбаларды біледі<br>**1балл**<br>**Бағалау +1АҚЫЛ**<br><br>**Дескриптор:**<br>-адамдардың үй салғанда қандай құрлыс материал-дарын біледі<br>**1балл**<br>**Бағалау +1АҚЫЛ**<br><br>**Дескриптор:**<br>-пайдалы ,табиғи, жасанды ресурстарды жаза алады<br>**1балл**<br>**Бағалау +1АҚЫЛ**<br><br>Мадақтау сөздерін айту | суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2мин<br><br><br><br><br>2мин | **Кері байланыс «Жеміс ағашы» әдісі**<br><br>**Үй тапсырма : Пайдалы қазба деген не? 26-27 бет** | **Бағалау +1АҚЫЛ**<br><br>Жемістерді таңдайды<br><br><br>Үйге тапсырма | Жинаған +1 Ақылдары бойынша бағалау<br><br>Кері байланыс жасайды | |



## АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА

**НҰРЖАНОВА АЙГҮЛ БАЙМҰРАТҚЫЗЫ**
**Түркістан облысы Арыс қаласы**
**С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектебінің**
**қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

| **Бөлім:** | **Бөлімі:** |
|---|---|
| Педагогтің аты-жөні: | **Нуржанова Айгүл** |
| Күні: | |
| Сыныбы: 8 | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | М.Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау |
| Сабақтың мақсаты: | автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдайды |
| Ойлау деңгейінің дағдылары | Жоғарғы деңгей |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/ Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі 6 мин. | 1.Оқушылармен амандасу, түгендеу.<br><br>**1-тапсырма.**<br>**«Шашылған сұрақ» әдісі.** Сұрақтар жазылған парақтар сыныпқа таратылып беріледі. Сұрақ алған оқушылар сұрақтарын оқиды, білсе, өзі жауап береді, білмесе, сыныптың ішінен білетін еріктілер жауап береді. Үй тапсырмасына және алдыңғы білімді анықтауға бағытталған сұрақтар қойылады.<br>1.«Аққулар ұйықтағанда» поэмасында қандай мәселе айтылған?<br>2.Неге аққулар көлдің келбеті, көлдің сәні?<br>3.Ақынның оқиғаға көзқарасы қалай көрінеді?<br>4.«Жетімкөлдің аққулар бар кезіндегі келбетін суреттеп айтып бер?<br>5. Поэма неге «Аққулар ұйықтағанда» деп аталған? | Оқушылар сұраққа жауап береді. интерпретация жасау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады. | **Мадақтау сөздері** | Оқулық, жұмыс дәптерлері Интербелсенді тақта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Жеке қажеттілігі бар оқушылар:**<br>Сұрақтарды сыныпқа «шашқанда» қабілеттеріне қарай таратылып беріледі. Жауап беру кезінде қабілетті оқушылар жауап беруге қиналған оқушыларға қолдау көрсетеді. ЖАДА қалыптастырып, оқушыларды сабақ үдерісіне толық тартуға бағытталады.<br>**ЕББҚ бар (есту қабілеті нашар) оқушыға тапсырманың нұсқауы толық жазылып, алдын ала беріліп қойылады. Алдыңғы партада отырады. Мұғалім соның жанында тұрып, асықпай, кідіріспен сөйлейді.**<br><br>Бүгінгі сабақ мақсатымен таныстырамын. | | | |
| Жаңа сабақ 15 мин. | **2-тапсырма. Жұптық жұмыс.**<br>**«Автор - кейіпкер» әдісі. Графикалық органайзерді толтырады**<br>Жұптарға кейіркерлерді бөліп беріледі. Поэмадан кейіпкерлердің сөздерін тауып, қандай ой айтылғанын анықтаңдар. Автордың кейіпкерлерін неге осындай бейнеде көрсеткенін поэмадағы оқиғалармен дәлелдеңдер. Әр кейіпкердің сөз қолданысын талдайды.<br>**Дескриптор:**<br>Жылқышының сөзін табады, ойды анықтайды<br>-тәуіп шалдың сөзіндегі ойды айтады<br>-анасының сөзіндегі ойды анықтайды;<br>-бір кейіпкердің бейнесіне автордың көзқарасын айтады<br>-поэмадан оқиғалар келтіре отырып дәлелдейді.<br>-сөз қолданысына талдау жасайды<br><br>**ЕББҚ (есту қабілеті төмен)** Оқушыға тапсырма нұсқауымен және дескрипторымен толық жазылып, алдына беріледі. Тапсырмаға дайын болған кезінде қол көтеріп жауап беру керетігі де жазылып беріледі.<br>**Жеке қажеттілігі бар оқушы:**<br>Дескриптордың соңғы екеуі қабілеті жоғары оқушылар үшін берілді. Қабілеті төмен оқушыларға диалогтік қолдау жүргізе отырып, тапсырманы орындауға бағыттаймын. Қабілеттері әртүрлі оқушыларды жұптастырамын. | Тапсырманы берілген дескриптор бойынша орындайды. Хрестоматияд ан үзінділерді тауып оқиды. | **ҚБ:** оқушығ а дескрип торға сүйене отырып, тиімді кері байланы с береді | Оқулық ?????? |
| | **3-тапсырма**. Жеке жұмыс. **«Егер мен ....» әдісі.**<br>Поэмадағы өздерің қалаған кейіпкердің атынан өз ойларыңды айтыңдар.<br>Автор<br>Жылқышы<br>Анасы<br>Тәуіп шал<br>Әкесі | **«Егер мен ....»**<br>Автор<br>Жылқышы<br>Анасы<br>Тәуіп шал<br>Әкесі<br>Аттарынан сөйлейді. | **Мұғалі м тарапы нан тиімді кері байлан ыс беріледі** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Егер мен ....» әдісінің** тиімділігі Оқушыларды сабақ үдерісіне толық тартады әрі шығармашылық және иртерпретация жасау қабілеттерін дамытады. Әр оқушы өзі қалаған кейіпкер бейнесінде болып, ойын айтады.<br>**Дескриптор:**<br>-кейіпкерді таңдайды<br>-кейіпкер атынан сөйлейді<br>-қалай өзгертетін айтады<br>-дәлел келтіреді<br>ЕББҚ бар (есту қабілеті нашар) оқушыға нұсқау толық жазылып, жеке беріледі. Басқа оқушыларды ол есту үшін жауап беретін оқушыларды тақтаға шығарып, есту қабілеті нашар оқушының партасының жанына тұрғызып, каттырақ дауыспен асықпай айтуды тапсырамын.<br>Жеке қажеттілігі бар оқушылар қабілеті төмен оқушылар үшін жетелеуші сұрақтар қоямын. | Ойларын дәлел келтіріп жеткізеді. | . | |
| | | | | |
| Сабақтың соңы Рефлексия 5 мин. | «3 Қ» әдісі<br>Құнды<br>Қызықты<br>Қиын<br><br>**Ресурс**<br>**Поэма**<br>2-тапсырмаға<br>**Үзінді.** | Сабақтан не білгендігін айтады. Рефлексия жасайды. | Тиімді кері байланыс. | |

# МУЗЫКА ЖӘНЕ ПОЭЗИЯ

**ОРАЗАЛИЕВА МЕРУЕРТ СЕИТКАНОВНА**
**Түркістан облысы Арыс қаласы**
**С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектебінің музыка пәнінің мұғалімі**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Мектептің атауы:** | С.Сейфуллин | | | |
| **Педагогтің аты жөні:** | Оразалиева Меруерт | | | |
| **Күні:** | | | | |
| **Сынып:** | 6 | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Музыка және поэзия | | | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 6.2.2.1– музыкалық аспаптар мен дауысын қолдана отырып, музыкалық композициялар шығару және импровизация жасау;<br>6.1.2.3 – көркем бейнені құруда музыка және өнердің басқа түрлерінің көркемдеуші құралдарын салыстыру | | | |
| **Сабақтың мақсаты:** | Музыкалық аспаптар мен дауысын қолдана отырып, музыкалық композициялар шығару және импровизация жасайды;<br>Көркем бейнені құруда музыка және өнердің басқа түрлерінің көркемдеуші құралдарын салыстырады. | | | |
| **Сабақтың барысы:** | | | | |

| **Сабақтың кезеңі (уақыты)** | **Педагог әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | **Амандасу.**<br>**«Миға шабуыл» әдісі.** Тыңдалым Бейнероликті тамашала.<br>Музыка және поэзия<br>**1- тапсырма. Әңгіме.**<br>Тақпақты тыңдап, бүгінгі сабақтың басты тақырыбын анықтаңдар.<br>Балалар, бүгін біз не туралы айтатын боламыз?<br>**Сұрақ ілмегі әдісі**<br>Қандай мақсат қояйық?<br>- көктем сөзі дегенде сізде қандай ой туындайды?<br>- сіз көктемнің көңіл-сезімін қай композитордың шығармаларынан байқадыңыз?<br>**2 тапсырма. Тыңдау және талдау.**<br>«Көзімнің қарасы» ән-романсын тыңдаңыз.<br>- Осы шығарманың авторы кім?<br>- Әнді талдап, қайсы стильде және жанрда жазылғанын анықтаңыз?<br>- Композитор шығармасында | **1 тапсырма**<br>Сабақтың басты тақырыбына кіріспе ретінде мұғалім көктем туралы тақпақтар оқып, оқушыларға сабақ барысы не туралы болатынын өздері анықтауын өтінуіне болады.<br>Мұғалім оқушылармен бірге жыл мезгіліндегі көктем айларын бейнелеген шығармаларды естеріне салуын ұсынады.<br><br>2 тапсырма | Формативті бағалау.<br><br>Балалар қойылған сұрақтарға жауап беріп өз ойларымен бөліседі. Бір бірін «Бас бармақ бағамдары арқылы бағалайды | Жеке тапсырмалар<br><br>Оқулық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br><br>Сабақтың соңы | адамның<br>көңіл-күйі мен басты тұлғаны қалай аша білген? Неге?<br>**3 тапсырмаАқпарат іздеу.**<br>Абай Құнанбаевтың «Көзімнің қарасы» әні туралы ақпарат іздестіріңіз.<br><br>Көзімнің қарасы,<br>Көңілімнің санасы,<br>Бітпейді ішімде,<br>Ғашықтың жарасы.<br>Қазақтың данасы,<br>Жасы үлкен ағасы.<br>Бар демес сендей бір<br>Адамның баласы.<br><br>Жылайын, жырлайын,<br>Ағызып көз майын.<br>Айтуға келгенде,<br>Қалқама сөз дайын.<br><br>Жүректен қозғайын,<br>Әдептен озбайын.<br>Өзі де білмей ме,<br>Көп сөйлеп созбайын.<br>**4 тапсырма. Импровизация және орындау.** Музыкалық шығармалардан үзінділер тыңдаңыз: А.Жұбановтың «Абай » операсынан қазақ халық әндерінен сюиталар, А.Жұбановтың увертюра-фантазиясы.Жамбыл Жабаевтың өзің таңдаған өлең жырларын оқып шығыңыз. Тыңдалған шығармаларыңызға өлең жолдарын таңдаңыз.<br>**5-тапсырма: «Атамекен»**<br>Әнін жазған: Ж.Тұяқбаев<br>Өлеңін жазған: Ш. Сариев<br>Кең ДАЛАМ!<br>Толған айым, толғайын,<br>ДОМБЫРАМ!<br>Қолға алайын, жырлайын,<br>Қазағымның даласындай!<br>Көзімнің қарасындай,<br>Айналдым сені-ай, АТАМЕКЕН-АЙ!<br>ТЕҢІЗДЕЙ!<br>Тебірендім, тербедің,<br>САПАРДА!<br>Сағынышым сен менің,<br>Дүние-ай сырларындай,<br>Мөлдіреп тұнғанындай, | Тыңдау және талдау.<br>Мұғалім Абай Құнанбаевтың « Көзімінің қарасы» әнін тыңдауды ұсынады.<br>Тыңдалған шығармалары туралы қысқаша ой-толғау жасап, поэзия мен музыка өнерінің өзара байланыстылығын ара-жігін ажыратады<br><br>3 тапсырма Ақпарат іздеу.<br>Абай Құнанбаевтың «Қараңғы түнде тау қалғып» әні туралы ақпарат іздестіріңіз.<br>жинауын тапсыруына болады.<br>. | «Бас бармақ» әдісі, смайлик арқылы бағалайды.<br><br>Платформа жүйесінің пайыздық есептеу нәтижесі<br><br>Смайлик | Оқулық<br><br>Смайлик<br><br>Кері байланыс тақтайшасы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Сағындым сені-ай, АТАМЕКЕН-АЙ!<br>Армандаған күндер-ай!<br>Жұлдыз аққан түндер-ай!<br>Өзің куә өмірде,<br>Кімдер өтті,<br>Кімдер-ай!<br>**Үйге тапсырма:** «Атамекен» жаттау.<br>**Рефлексия**<br>-Мен не білдім?<br>-Бүгін мен не үйрендім?<br>-Мен үшін қандай тапсырма қиын болды?<br>-Ал қай тапсырманы мен оңай орындадым. | | | |

## АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**КОЖАМЕТОВ ЖАРКИНБЕК КАСЫМБЕКОВИЧ**
**Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі**
**Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Төменарық ауылы**
**«№ 223 орта мектебі» КММ**

Біздің Отанымыздың қорғаныс күшін күшейту қажеттілігі идеясы Қазақстан Республикасының әр азаматының қызметі мен жағдайына байланысты екенін жасөспірімнің санасына қоғамдық жұмыстар мен оқудың мәні арқылы жетелейтіні ене бастайды.

Отансүйгіш сезім жасөспірімдерде ерлікке ұмтылыс, жеңуге құмарлық, өз- өзіне талап қойғыштық, өз қатарластар арасында ұжымда өз орнын табу, олардың сеніміне ие болу, өзіне жоғары талап қойып ұжымның талабына бағыт беру, зор әлеументік белсенділік қалыптасып дами бастайды.

Жастарды өз отанын сүйгіштікке тәрбиелеу оқушылардың барлық алдыңғы қатарлы жақтаушылар нағыз отан сүйгіш патриоттар, олар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлерімен достық қарым – қатынасты ұстап, еңбек және соғыс ардагерлерімен кездесіп тұрады, туған өлкесіне саяхатқа шығып, барлық іздеу жұмыстарына араласып белсенділік көрсетеді.

Әртүрлі жарыстарға, әскери- спорт ойындарына қатысып, үлкен таласпен әскери-техникалық моделдеумен айналысады, әскери техника, әртүрлі әскери белгілерді айыру, әр әскери топтардың киім түрлері мен тарихымен танысады.

Оларды жер бетіндегі мәселелер, әділеттілік пен теңсіздік мазалайды. Жер бетінде ешқашанда соғыс болмағанын қалаймын барлық жерде теңдік болса.

Оқушылардың талабы мен арманына жету үшін мұғалімдермен, ата- аналармен, тереңдеп, дамып, белсенді шынайы сипат алуы өте маңызды. Бұл үшін жеткіншектерге олардың мүмкіншіліктеріне сеніммен қараған жөн.

Үлкендерден оның талаптарынан кейбіреулеріндекерісінше қатынас қалыптасады.Сондықтан, мұғалім осыны байқағанда оқушының белсенділігіне, талабын марапаттауы маңызды.

**ӘПТ қағидалары:**

- Қазақстандық отаншылдық пен интернационализм бірлігі;
- саналылық және мақсаттылық;
- тәрбие құқықтық мемлекет құрудың тәжірибесімен және еңбекпен, өмірмен байланысты болуы тиіс;
- ұжым және ұжым арқылы тәрбиелеу;

- саналы талапшылдықты және жеке басты құрметтеу;

- құптарлыққа сүйену қағидалары;
- тәрбие үдерісінің жасқа сәйкестілігі және жеке адамды есепке алу;
- ӘПТ-гі сабақтастық пен ұйғарымшылдыққа тәрбие әсерінің бірлік қағидасы.
- Отанды қорғаудың тарихи тәжірибесін қолдану қағидасы.
- Әскери қызмет талаптарына оқушылардың ӘПТ-ге сәйкестілік қағидасы.

**ӘПТ жүзеге асыруға негіз болатын қағидалар мен бағыттар:**

Осы салада тәжірибелік қызметті жүзеге асыруда басқару жағдайы болып табылатын әскери-патриоттық тәрбиеге негіз болатын қағидалар арасында мыналар ерекшеленеді: ғылымилық; ізгілік; демократизм; тарихи, мәдени мұраның, оның рухани құндылықтары мен дәстүрлерінің басымдылығы; жүйелілік; олардың түрлі санат (категория) ерекшеліктерін есепке алып, жастардың дамуындағы үздіксіздік пен сабақтастық; тәрбие тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын құралдар мен әдістердің, үлгілердің сан алуандылығы; жеке көзқарас негізінде әр жеке басының сапалары мен қабілеттерін, мүмкіндіктерді дамытуға оның бағыттылығы; тәрбиенің басқа да түрлерімен тығыз және ажырамас байланыс.

Жастарды әскери-патриоттық тәрбие үдерісінде осы қағидаларды жүзеге асыру олардың бойында әскери және мемлекеттік қызметке жаңа, шын мәніндегі мүдделі қатынастарды дамытуды, Отанды қорғау жөніндегі қызметті адал орындауға даярлықты қамтамасыз етеді және келесі негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

Рухани-адамгершілік - әлеуметтік маңызды үдерістер мен шынайы өмір құбылыстарын, бағыттар мен мұраттарды, жоғары құндылықтарды жеке тұлғаның түсінуі, оларды тәжірибелік қызмет пен тәртіпті анықтау қағидалары, ұстанымдары ретінде басқару қабілеттілігі.

Оған мыналар енеді: жоғары мәдениет пен білімділікті таныту, Отанға адал қызмет етуге даярлық ретіндегі мұраттарды түсіну, ұжымшылдық пен жауапкершіліктің, әскери намыс сапаларын, мінез-құлықтың жоғары адамгершілік, кәсіби этикалық нормаларын қалыптастыру

Тарихи - шығу тегімізді тану, Отанның, оның тағдырының қайталанбайтынын, одан ажырамайтынын, ата-бабалары мен замандастарының істеріне қатыстылығына мақтанышты, мемлекет пен қоғамның саяси жүйесінде ҚР Әскери Күштерінің, басқа да әскердің, әскери құрамалар мен органдардың рөлі мен орнын, әскери доктрина мен елдің қауіпсіздік тұжырымдамасының негізгі қағидаларын, әскери саясатты, мемлекет пен қоғамдағы саяси және құқықтық оқиғалары мен үдерістерін, конституциялық және әскери борышын орындауға тарихи жауапкершілікті түсіну.

Мемлекет заңдарымен, әсіресе Қазақстан азаматының құқықтары мен міндеттерімен, қоғамның әскери ұйымы жұмысының құқықтық негіздерімен және қызметтерімен танысу, командирлердің, басшылардың, жоғары лауазымдық тұлғалардың талаптарын, әскери жарғылардың, Әскери анттың қағидаларын түсіну енеді.

Патриоттық - қазақстандықтардың тағдыры мен дүниетанымы, өмір үлгісі, ұлттық сана-сезімі, біздің мемлекет пен қоғамның дамуы және қалыптасу ерекшелігі көрініс табатын маңызды рухани-адамгершілік және мәдени-тарихи құндылықтарына тәрбиелеу. Оған мыналар енеді: өз Отанына деген шынайы сүйіспеншілік және шын берілгендік; ұлы халыққа, оның ерлігіне, басынан өткен сынақтары мен шешімі табылмаған мәселелеріне қатыстылығына мақтаныш, ұлттық рәміздер мен қасиеттерді қадірлеу; мемлекет пен қоғамға адал және бар ынтасымен қызмет етуге даярлық.

Кәсіби-іскерлік - Отанға қызмет етуге байланысты еңбекке адал және жауапкершілік қатынасты қалыптастыру, алға қойылған мақсаттар мен қызметтік міндеттерді табысты орындауда кәсәби-еңбек қабілеттерін белсенді көрсетуге ұмтылыс. Оған мыналар енеді: жеке тұлғаның өзін көрсетудегі кәсіби-іскерлік құндылық бағыттары, мақсаттары мен міндеттері, дәйектемелері, қызметте жоғары нәтижеге жетуге мақсаттылық пен кәсіби талаптар, қызметтік міндеттерді жоғары тиімділікпен және нәтижелі орындау қабілеттілігі және нақты мақсаттарға жету, өзінің кәсіби өсу жоспарын болжау және жүзеге асыру қабілеті.

Психологиялық - жастардың бойында жоғары психологиялық орнықтылықты, кез келген жағдайларда күрделі жіне жауапты міндеттерді орындауға даярлық, әскери және басқа да қызметтің ауыртпалығы мен тауқыметін, бөлімде, құрылымдық бөлімшелер ұжымында іскерлік және табысты өмірге қажетті маңызды психологиялық қабілеттерді жеңу қабілеттілігі. Оған мыналар енеді:

- әскери және басқа ұйымдарда әлеуметтік-психологиялық үдерістерді болжау және зерделеу;
- жағымсыз құбылыстардың алдын алу және соған сәйкес мінез-құлық көрсету;
- психологиялық қарбаластықты шешу;
- күйзелісті жеңу;
- әр жеке тұлғаның, жеке құрамның түрлі категориясының ерекшелігін есепке алып психологиялық қабілеттерін қалыптастыру; кәсіби сұрыптау үдерісінде және оның нәтижесі негізінде жеке тәрбиелеу жұмысы.

Әскери және басқа да мемлекеттік қызмет түрлерін және тұрмысты ұйымдастыруға, оқу-әскери міндеттерді орындауға байланысты адамгершілік ұстанымдар мен салттар, рухани құндылықтар, мінез-құлық ережелері мен нормалар, тәртіптер ретінде қоғамның әскери ұйымында қарым-қатынастың арнайы үлгілерін ұрпақтан ұрпаққа берілетін, қалыптасқан тарихи, тұрақты әскери дәстүрде тәрбиелеу.

* * * * *

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**СҰЛТАН БАЛЖАН НҰРЖАНҚЫЗЫ**
**Түркістан облысы Сауран ауданы**
**Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы**
**білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі**

Оқушылардың оқу – танымдық іс – әрекеті – күрделі процесс. Ол іс – әрекет мақсатын, мазмұны мен қорытындысын, түрлері мен әдістерін, мотивтерін, деңгейлерін қамтиды. Оқу – танымдық іс – әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл- амалдарынан тұрады. Оқу үрдісі оқушылардың оқу- танымдық әрекеті негізінде жүзеге асады, ал оқу - танымдық әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Танымдық белсенділіктің орындалуы оқушылардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді. Білімді саналы меңгеру өз бетімен жаңа білім алуға мүміндік беретін ақыл-ой еңбегінің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды. Оқушылардың белсенді танымды іс- әрекетінің көздейтін мүддесі - білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету негізінде дамыту. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білуі болып табылады.

Оқушылардың танымдық белсенділігі мына үш белгіге тән:

Оқу- танымдық әрекеттің қоғамдағы маңыздылық бағыты; ·

Оқу- танымдық әрекеттің интеллектуалдық сипаты; ·

Оқу- танымдық әрекеттің реттеушілік сипаты. Сондай –ақ, танымдық белсенділігін дамыту тиімділігі мынадай жетекші фактормен анықталады: ·

Оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке алу; ·

Оқу үрдісінде мәселелік оқытуды кеңінен енгізу; ·

Материалдарды айтып түсіндіруде жүйелік ұстанымын қамтамасыз ету; ·

Бірте-бірте күрделене түсетін тапсырмалар кешенін шешудегі қол жеткен табыстарды «нығайтуды» қамтамасыз ету, т.б.

Оқу үрдісі оқушылардың танымдық әрекеті нәтижесінде жүзеге асады, ал танымдық әрекеті негізінде оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасады. Оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруды арнайы ұйымдастыру- оқу үрдісін ұйымдастыра білудің маңызы зор. Сабақ беруде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға қойылатын негізгі талаптар: · Оқушыларға қойылған оқу міндеттерінің мәні әрқашан түсінікті болуы керек, олар оқытудың мақсатын түсіну керек. Сабақ мәселе қоюмен басталу керек және оқушылардың алдыңғы тәжірибелеріне, олардың білім жүйесіне сүйене отырып жүргізілуі керек. Мұғалім оқушылардың оқытылатын материалға қызығушылығын арттыру үшін барлық тәсілдерді пайдалануы керек. ·

Оқушылардың белсенділігінің маңызды шарты оқыту процесіндегі өзін-өзі бақылау мен өзін- өзі бағалау болып табылады. Сондықтан да оларды осындай қызметке қажеттілік пен дағды қалыптастыру мұғалімнің бірден бір міндеті болып табылады. Өзін- өзі бақылау мен өзін- өзі бағалау қазіргі оқыту технологиясының міндетті элементі болуы қажет. Білімді саналы және белсенді меңгеруде басты рөл жарқын үлгілерді белгісіз оқушының қосымша оқу материалын пайдалануы арқасында көрініс табатын қызығушылыққа беріледі. Саналылық және белсенділік принциптерін жүзеге асыру үшін оқылатын материалдың тек мазмұнына ғана емес, сондай–ақ оқыту процесінің өзіне де қызығушылық қалыптастыру қажет. Оқушыларға тек жаңа ақпарат алу ғана емес, сонымен қатар оқу, оларға таным процесінің өзі де қызық болуы керек. Бұл ережелерді сақтау жалған білім жинақтауды емес, сенімді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқыту үрдісінде оқушының танымдық белсенділігін қалыптастыру үшін білімдер мен әрекет тәсілдерін алуды қажеттендіруді қалыптастыратын шарттарды, өзін- өзі бейімдеу шарттарын, мәселелерді шешудің түрлі нысандарын ұйымдастыру дағдыларын дамытудың шарттарын қамтамасыз етуі тиіс. Оқушылардың танымдық белсенділігінің деңгейлеріне тоқталатын болсақ, оның ең жоғарғы деңгейі танымдық міндеттерді өз бетінше қоюмен, тапсырмалардың шешімін табуда неғұрлым тиімді жолдарын болжаумен және өз бетінше айқындаумен, өздігінен бағалаумен сипатталады. Ал орташа деңгей жоғары деңгейдің кейбір элементтерінің оқытушының көмегімен орындалатынымен сипатталады, мұнда мұғалім танымдық тапсырма беріп, оның шешуін бақылауы немесе оқушыға шешу тәсілдері көрсетуі тиіс. Төменгі деңгейде оқушыға белгілі бір әрекеттің үлгісі болғанда, оларды орындау тәсілдері туралы көмек болғанда ғана танымдық әрекетін ынталандыруға, белгілі тәсілдерге бағдарлануда көрініс табады. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың негізіг факторларына оладың өз мүмкіндігін сезінуі, оқушылардың өз таңдауымен жұмыс істеуі, оқу үрдісіне баланың өз әрекетінен қанағаттануы; оларға мұғалім тарапынан қойылатын талап пен қабілеттерінің сәйкес болуы; мұғалімнің өзіндік жұмысты ұйымдастыра алуы, т.б. жатады. Бұл факторлар оқу мотивтерінің өрісін кеңейтіп шығармашылық әрекетіне негіз қалайды. Қабілеттер оқушыға дайын түрде берілмейді, ол оқыту барысыда жүзеге асатын дамудың нәтижесі.

Қазіргі заманғы оқу үрдісінің мазмұнына деген көзқарас оның диалектикалық дамуында ғана қарастырылуы керек. Басқа сөзбен айтқанда, пәндік білім беру жүйесінің негізінде диалектикалық қайшылық, яғни, бір жүйеде накты пәнді алсақ, білім беру жүйесінің дамуына мүмкіншілік беретін қозғаушы күш деп қарастырылады. Бастауыш сынып оқушыларында ұғынатын түсініктер оның маңызын жаттап алып көптеген жаттығуларды, есептерді орындағаннан емес, оларды түсіну арқылы ғана болады. Танымдық белсенділік барысында логикалық ойлауы дами бастайды.

Оқушылардың танымдық белсенділігінің көрсеткіштері ретінде мыналарды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

Білімді өз бетінше алуы және оны түрлі жағдайда қолдана білуі;

2. Іргелі білімдерге қол жеткізу;
3. Танымдық тапсырмаларды шешу біліктері;
4. Өзбетіндік оқу әрекетіне қызығушылығы, әрекет тәсілдерін білуі;
5. Тұтас педагогикалық үрдісте мұғалімнің оқуы мен мақсатты өзара әрекеті;
6. Әрекетке бейімделуі мен өзін- өзі бақылау. Оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыру үшін мұғалім тарапынан ұйымдастырушылық пен дұрыс басшылық және оған оқушылардың өздері белсенділік танытпағы ләзім. Ал оқушылардың жеке басының дамуына белсенді болуы үшін оны қажетсінуі, ізденуі, бағдарлай білуі, зерттеу біліктері болуы қажет. Бұл жерде оқушылардың қабілеттерін дамытып қана коймай, олардың танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал етудің, сол жолда ізденісін, талабын ұштап, білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше.

# ТАЛПАҚ ТАНАУ ТАРҒЫЛЫМ

**КҮШІКБАЙ АЛТЫНАЙ ЖҰМАШҚЫЗЫ**
**Шымкент қаласы**
**№ 103 жалпы орта білім беретін мектептің**
**бастауыш сынып мұғалімі**

| | |
|---|---|
| Бөлім | Салт – дәстүр және ауыз әдебиеті |
| Пәні: | Әдебиеттік оқу |
| Күні: | 28. 02. 2024 |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Күшікбай Алтынай Жұмашқызы |
| **Сынып: 2 «Е»** | Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Талпақ танау тарғылым**<br>«Талпақ танау тарғылым» |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 2.2.9.1 – сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгі кестеге салу. |
| **Сабақтың мақсаты** | Өлеңді түсініп оқиды<br>Өлеңді бөліктерге бөліп, ат қояды<br>Мәліметтер жинап, кестені толтырады |
| **Құндылық** | Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу. |
| Сабақ барысы | |

| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**(3 мин)** | **Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**Психологиялық ахуал орнату.**<br>Біз қандаймыз қандаймыз<br>Шұғылалы шамдаймыз<br>Бір-бірімізді қолдаймыз.<br>Пікіріміз құнды<br>Қателесуден қорықпаймыз<br>«Таңдау» әдісімен төрт топқа бірігеді<br>1-топ «Ойсылқара»<br>2-топ « Зеңгі баба»<br>3-топ «Шопан ата»<br>4-топ» Қамбар ата»<br>-Балалар бүгін бізде жәй сабақ емес, ашық сабақ. Бүгін қыстың соңғы күні. Бүгін жыр алыбы Жамбыл атамыздың туған күні екен . Ертеңнен бастап көктем басталады.<br>- Көктемде қандай мерекелер бар?<br>-Көктемде табиғатта қандай | Оқушылар көңіл -күйлерін көтереді.<br><br>Оқушылар суреттерді таңдау арқылы топқа бірігеді<br><br>Үй тапсырмасын қайталайды. Өлеңді жатқа айтады<br><br>Жұмбақты | Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын!<br><br>Дескриптор: -өлеңді жатқа айтады(1б)<br><br>Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! | Суреттер, төрт түлік малдың атасы ақша<br><br>Жұмбақ жазылған А4<br><br>ақша |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы (5 мин)<br><br>**10 мин** | өзгерістер болады?<br><br>Үй тапсырмасын тексеру<br>«Киндер» әдісі<br>«Ой қозғау» әдісі<br>Жұмбақты шеш.<br>Айран берген, құрт берген,<br>Шелек-шелек сүт берген,<br>Айтыңдаршы балалар,<br>Бұл қандай мал, кім білген?<br><br>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау<br><br>1-тапсырма<br>Оқулықпен жұмыс | шешеді<br><br>1. өлеңнің мазмұнын әңгімелейді<br>2.таныс емес сөздердің мағынасын ашады<br>3.өлеңді екі бөлікке бөліп, ат қояды | Талпын!<br><br>Смайликтер<br><br>Дескриптор:<br>-өлеңнің мазмұнын әңгімелейді(1б) | Оқулық 60,61 – бет |
| **8 мин** | <br>ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ<br>**Жүсіпбек Аймауытов** (1889 —1931) — қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі.<br>Туып өскен жері Павлодар облысының Баянауыл ауданына қарасты бұрынғы «Қызыл ту», қазіргі Жүсіпбек Аймауытов ауылы.<br><br>Өлеңді оқы.<br>Таныс емес сөздің мағынасын біліп ал.<br>Өлең не туралы?<br>Талқылау сұрақтары:<br>1.Аузымды аққа тигізген деп нені айтып тұр?<br>2.Уыз деген не?<br>3Өлеңде сиырдан алынатын тағамдарды ата<br>Дәптермен жұмыс<br>Баспақ-бір жасқа дейінгі бұзау.<br><br>2-тапсырма<br>«Ізденімпаз бала» әдісі<br>Өлеңді екі бөлікке бөл.<br>Әр бөлікке ат қой.<br>ЕББҚ<br>Өлеңде қандай үй жануары туралы айтылған?<br>3-тапсырма<br>Жеке жұмыс<br>**«Ойлан, тап» әдісі**<br>Өлеңге сүйеніп сиыр сүтінен жасалатын тағамдардың атын жаз. | Сұраққа жауап береді<br><br>1. бірінші тағамның атын жазады<br>2.екінші тағамның атын жазады | -таныс емес сөздердің мағынасын ашады(1б)<br>-өлеңді екі бөлікке бөліп, ат қояды(1б)<br><br>ЕББҚ<br>Дескриптор:<br>-сұраққа жауап береді<br><br>«Комментарий» арқылы<br>Жұлдызшалар<br>**Дескриптор:**<br>-бірінші тағамның атын жазады(1б)<br>-екінші тағамның атын жазады(1б) | |

<table>
<tr>
<td>Сергіту сәті<br>2 минут</td>
<td>ЕББҚ<br>Сөздерді жалғастырып жаз<br>Талқылау сұрақтары:<br>1.Көрсетілген тағамдардың денсаулыққа қандай пайдасы бар?<br><br>Сиырдың жас атауларын кім біледі?<br>«Қошақаным» әні</td>
<td>3.үшінші тағамның атын жазады<br>4.төртінші тағамның атын жазады<br><br>Сұраққа жауап береді</td>
<td>-үшінші тағамның атын жазады(1б)<br>-төртінші тағамның атын жазады(1б)<br>ЕББҚ<br>Дескриптор:<br>-сөздерді жалғастырып жаз.(1б )</td>
<td>Таратпа<br>Қаламсап<br><br>ақша</td>
</tr>
<tr>
<td>10 мин</td>
<td>4-5 – тапсырма<br>Топтық жұмыс<br>«Біліміңді қолдан» әдісі<br>Қосымша мәліметтер тауып, кестені толтыр.<br><br>ЕББҚ<br>Суреттен сиырды тауып боя.<br>
<table>
<tr><td>Сиырдың сүтінен әзірленетін тағамдар</td><td>Сиырдың терісінен жасалатын бұйымдар</td><td>Сиырдың етінен жасалатын тағамдар</td><td>Сиырдың күтіміне байланысты еңбек түрлері</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
<br>Дәптермен жұмыс<br>Сөйлемдерді аяқта.<br>......- төрт түліктің бірі.Сиырдың төлін.... дейміз. Сиырдың.... өте көп. Оның.... мол, ..... жейміз.<br>Керекті сөздер: Сиыр, сүті, бұзау, пайдасы, еті.</td>
<td>1. көрсетілген мәліметтерді пайдаланады<br>2.кестені толтырады<br>Сұрақтарға жауап береді<br><br>Әуенге сәйкес қол жаттығуларын жасайды<br><br>Дескриптор:<br>-Керекті сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтырып жазады. 1б<br>-Көркем жазады 1б</td>
<td>«Басбармақ» арқылы бір-ірін бағалау<br><br>ЕББҚ<br>Дескриптор:<br>-суреттен сиырды бояп<br>Сұраққа жауап береді<br><br>Дескриптор:<br>-көрсетілген мәліметтерді пайдаланады(1б )<br>-кестені толтырады(1б)<br><br>Жарайсыңдар!<br>Керемет!</td>
<td>Сиырдың етінен,сүтінен, терісінен жасалатын тағамдар мен бұйымдардың суретіА4<br>Таратпа<br>Қаламсап<br><br>Бейнежазба<br><br>Дәптер</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>4мин<br><br>Рефлексия<br>3 мин</td>
<td>Қорытындылау<br>«Тілші» әдісі<br>Өлеңнің авторы кім?<br>Қандай шығармамен таныс болдық?<br>Қанша бөлікке бөлдік?<br>Қандай ат қойдық?<br>Сиырдың сүтінен не жасаймыз?<br>(Бағалау)<br>Жинаған ақшаларды есептеу.</td>
<td>Оқушы мұғалім қойған сұраққа жауап береді<br><br>Бүгінгі</td>
<td>Мадақтау<br>Жарайсың!,<br>Керемет!<br>Жақсы!<br>Талпын!</td>
<td>стикер<br><br>ақша</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 9-10 мың теңге «5»<br>7-8-6 мың теңге «4»<br>5-4- мың теңге «3»<br><br>**Үйге тапсырма:**<br>Сөйлемдерді аяқтап жаз.<br>**«Whatsapp» әдісі**<br>Бүгінгі сабақта не үйрендің?<br>Сен үшін не қиын болды?<br>Саған қандай тапсырма қызықты болды?<br>Сұрақтардың жауабын ватсапқа жазып,телефонды кері байланыс жәшігіне саламыз. | сабақтан алған білімдерін сабақ бойына орындаған тапсырмасының нәтижесіне қарай жинаған ақшаларына қарай санап, анықтайды. | | |



## МЕНІҢ АТЫМ ҚОЖА

**ХАЙРЕДЕНОВА АЙМАН ТУЛЕУГАЛИЕВНА**
**Орал қаласы № 48 ЖОББМ**
**Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

| | |
|---|---|
| « Адамгершілік-асыл қасиет.» | |
| **Пән мұғалімі:Хайреденова Айман Тулеугалиевна** | |
| Күні: 13.02.24ж. | |
| Сынып: 5 «А» | Қатынасқаны: Қатынаспағаны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесі. Сәйбек қарттың әңгімесі |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу;<br>5.3.2.1. кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау. |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушылар орындай алады:** шығармадан алған әсерін сипаттай алады;<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** авторға хат жазып,өлең арнауды біледі;<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:** кейіпкерлерді шынайы өмірмен байланыстыра алады; |
| **Сабақтың барысы** | |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы 3 мин** | **Ұйымдастыру кезеңі:** Амандасу. Түгендеу.<br>Жағымды психологиялық ахуал тудыру. Жақсы көңіл-күй мен сергектік тілеу.<br>**Үй тапсырмасы.**<br>Жаңа сабақты бастамас бұрын өткен бөлімдерді қайталау, көпір орнату мақсатында «Ұшақпен саяхат» жасаймыз. | Оқушылар жаттығуды жасайды.<br><br>Шығарманың өткен бөлімдеріне | «Мадақ тау»<br>Сабақ барысында берілген тапсырма ларды толық , дескрип торға сай орындаған | Қажетті оқу-құралдары |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Wordwall» платформасы арқылы ашық сұрақтарға жауап береді.<br>**ҚБ- мадақтау**<br>**Оқу мақсаты және бағалау критерийлерін хабарлайды.** | саяхат жасайды. Оқу мақсатымен, бағалау критерилйлерімен танысады. | оқушылар ға1-10 балл аралығын да қойылады | |
| **Ортасы**<br><br>**3 мин**<br><br>**2-мин.** | Оқушыларды 3 топқа бөлемін. Сабақтың өн бойында өздерін бағалау үшін төлқұжат үлестіремін.Сабақтың ережелерін таныстырып өтемін.<br>**«Кинометанемия» әдісі**.<br>Сәйбек қарт пен Қожаның әңгімесін бейнеролик арқылы ұсынамын.<br>Ой қорытып, балалармен ойбөліс жасағаннан кейін тапсырма орындауға кіріседі.<br>«Ілмек сұрақ» әдісі.<br>1.Оқушылар, Қожа неге Сәйбек карттың әңгімесін бар зейінімен тыңдады?<br>2. Қожаның әкесі қасында болса, қандай болады деп ойлайсың?<br>ҚБ: «Шапалақ ұру»<br>№1 тапсырма. Топтық жұмыс.<br>1-топ. «Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық» деген мақалды Қожа оқиғасымен қалай байланыстырар едің?<br>2-топ. Сәйбек қарттың әңгімесі Қожаға қалай әсер етті? Өз ойыңмен бөліс.<br>3-топ. Қожаның әкесі туралы естелікті Сәйбек қарт қандай мақсатта айтты деп ойлайсың?<br>Дескриптор<br>-өз пікірін білдіреді;<br>-шығарма мазмұнымен байланыстырады.<br>**2-тапсырма. Топтық тапсырма «Графикалық органайзер» әдісі.**<br>3 топқа инстаграм парақшасы мен хикаятқа қатысты суреттер топтамасын ұсынамын.«Қожаның инста парақшасы болса,қандай болар еді?» деген қызықты тәжірибе жасайды.Суреттегі кейіпкерлерді қазіргі өмірмен байланыстыра отырып,ой қозғайды.<br>Дескриптор: 3 ұпай<br>-Қожаның парақшасын жасақтайды;<br>-Хикаят кейіпкерлері мен оқиғаларын қатыстырады; | *Төлқұжаттарым ен, ережелермен танысады*<br><br>Сол бойынша оқушылар тапсырмалар орындауға кіріседі.<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Үш рет шапалақ ұру арқылы қ.б. жүзеге асырады.<br><br>Ноутбук түрінде берілген постер қорғап, пікірлерін білдіреді<br><br>Хикаят | Төлқұжаттағ ы өріске баға қою арқылы өзін-өзі бағалау жүріп отырады. Мадақтау мақсатында дұрыс жауап берген оқушыларға стикерлер тарата мын.<br>.<br>Өз ойын білдіріп, шығарма мен байланысты рған оқушыға – 3 б беріледі.<br><br>Тапсырма ны толық | АКТ құралы оқулық, үлестірм е қағаздар<br><br>АКТ құралы оқулық, үлестірм е қағаздар, уақыт бақылай тын таймер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | -кейіпкерлер әлемін қазіргі заманға әкеледі.<br>**3- тапсырма.Жеке тапсырма**<br>«Еркін жазба» әдісі.Авторға хат. Көгершін қанатына байланған хатқа арналған үлестірме парақ таратамын.<br>Дескриптор: Жалпы-3 ұпай<br>-авторға хат жазады<br>-шығармадан алған әсерін 5 сөйлеммен жазады.<br>ҚБ: «Жарайсың!» | кейіпкерлерін қазіргі заманға әкеледі,салыстырады<br><br>Шығарма авторына хат жазады | орындаған оқушы-3 б<br><br>Тапсырманы толық орындаған оқушы-4 б | |
| **Соңы** | Оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне кері ораламын.<br>**Төлқұжат» әдісі**<br>Бүгінгі сабақтың қалай өткенін төлқұжат ішіндегі жұлдыздар арқылы беруін сұраймын.Төлқұжаттарын Майқанованың сөмкесіне салады.<br><br>Үй тапсырмасы: «Менің атым Қожа» повесіндегі ұнаған кейіпкерлеріне өлең шығару. | Кері байланыс<br>Оқушылар «сабақ ұнады ма?» деген сұраққа жауап беріп, берілген жұлдыздардың біреуін белгілейді.<br><br>Үй жұмысының орындалуын түсінеді. | | |

*****

## КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ

**АБЖАЛОВА ДУРИЯ АРАПБАЕВНА**
**Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Төменарық ауылы**
**№ 223 жалпы орта мектебінің**
**көркем еңбек пәнінің мұғалімі**

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады.

Жаңа заманның білімді ұрпақтарын тәрбиелеп оқытуда түрлі қиындықтар кездеседі. Соның жолдарын іздеуде көптеген іс- тәжірибелер жасаудамын.Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой- талғамы бар,адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Қазір бүкіл әлемде интерактивті қатынас жасауға оны жүзеге асыратын техникалық мүмкіндіктерді дамытып отыра алатын ақпараттық қоғамға көштік.

Бүгінгі күні инновациялық әдістермен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады. Көркем еңбек сабағында оқушылармен жұптық және топтық жұмыс жасаудамын. Бүгінгі таңда білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде оқытушының рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, оқытушы тек қана білімді алып жүруші ғана емес,сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды.

Оқушының өз бетімен жұмыс жүргізуі шығармашылық қабілетті дамытудың басты жолы. Оқушыларым жыл бойы ізденіс үстінде. Бұл ізденіс, ойлау әрекетімен тікелей байланысты. Ол үшін балаға берілетін білім сабақтастықты қажет етеді.

Оқушының ойын жүйелеуде әртүрлі әдіс-амалдар қолданылады:-жаңа материалды меңгеру;-оқушыға бағыт беруғ яғни түрткі сұрақ, реплика беру;-оқушының өзін көбірек сөйлету;-тақырыпты бекіту;-игерілген білімді тиянақтау;-көрнекіліктердің әсерлігін тиімді пайдалану.

Оқушының өз бетімен ізденісіне деген қарым-қатынастық машықтар жүзеге асырылып, олар оқушылардың шығармашылық қабілетін жетілдіре түседі, яғни мәтін тақырыбын түсіну, ашу, ондағы негізгі ойды бөліп алу; өз ойын дұрыс жазу, айту. АКТ-ны пайдалану бұл оқушыларға интертақтамен жұмыс жасай білуге, ол арқылы сурет сала білуге, интернет желісін пайдаланып ақпараттар алуға, сюжетті суреттерді анық көруге, видеороликтер көруге дағдыландырады.

Қазақстанның көркеюі үшін оқушылардың таланты мен қабілетін ашып, оларды оқыту барысында дамыту өте маңызды. Мектепішілік шаралар өткізуде әр оқушының талантын байқаймын, ал ешқандай шараға қатыспайтын тұйық оқушылар арасында әртүрлі қызықты жарыстар өткізу арқылы дарынын байқау болып табылады. Оның нәтижесінде әр оқушы өзін — өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған оқыту барысында лайықты жағдайлар жасау үлкен нәтиже берді.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей 3 құрамдас бөліктерден тұратын болады.

1. Оқу мақсаттарының қойылуы.
2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беремін, жауаптарын тыңдаймын. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді.

Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор.Біріншіден–шығармашылық жоба білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Сөйтіп олар осы мәселе туралы өз білімдерінің жеткіліксіз, таяз екенін сезіну арқылы сабаққа деген қызығушылықтары оянады, ішкі түрткілері пайда болады.

Мысалы: «Жеңіл көйлек тігу»тақырыбын өткен кезде «Түсіну деңгейі»топқа сұрақтар жазылған көйлек мозайкалары таратылады,оқушылардың өз білетіндерін еске түсіріп, жаңа тақырыпқа дайындық жұмысы жүргізілді. Екіншіден — оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады.

Әр оқушының өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. «Жақсы оқушы», «Жаман оқушы» ұғымының болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады.«Қолдану деңгейі» бойынша Әр топ көйлектің бөлшектерінің сызбасын сызып құрастырады Бұл жерде оқушылар «Топтастыру стратегиясы» арқылы постер қорғайды. I топ ұлттық көйлекII топ заманауи көйлекIII топ тұрмыстық көйлек Әр топ көйлектің бөлшектерінің сызбасын сызып құрастырады.Үшіншіден – оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Сол себепті шығармашылық жоба оқушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды.Бұл деңгейде оқушылар шығармашылық тапсырмалар орындайды.Жұптық жұмыс орындайды. Қалдықтармен жұмыс жасап,көйлектің эскизін дайындайды. «Талдау деңгейі»«Реттілік» кезеңі.Топтағы оқушыларға сұрақ парақшасы таратылады.Бұйымды әрлеп үтіктеу үлгі дайындайды. Фурнитураларды (түйме,ілмек,гүл т.б) қадау материалды пішу.

Сызба дайындау бұйымды тігу.Оқушылар жеңіл көйлек дайындаудың технологиялық реттілігін дұрыс орналастырады.«Жинақтау деңгейі»бойынша Оқушылар өз ойларын ортаға салып, бір-бірін тыңдау арқылы қорытынды пікірге келеді.«Бағалау деңгейі» бойынша: Не білдік?, Не үйрендік?, Сен қалай ойлайсың? Осы сұрақтар арқылы оқушылар бүгінгі сабақта не біліп, не үйренгендерін ортаға салады.Кері байланыс: Қай тапсырма қиын болды,қайсысы оңай болды. Сарамандық жұмыстағы қателіктерге талдау жасау.

Оқушылар смайлик арқылы көрсетеді.Төртіншіден– шығармашылық жоба нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым — қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді.

Жаңа әдіс –тәсілдерді тиімді пайдалана білу — оқушы шығармашылығы мен дүниетанымын кеңейтудің негізі. Осы технологияларды қолдана отырып, шығармашылық іс — әрекет талаптарын орындау мақсатында, оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында бағдарламадағы мәтіндерге сәйкес деңгейлік, шығармашылық тапсырмаларды алып, практика жүзінде қолданып, мынадай тұжырымдар жасадым:

-оқушының шығармашылық дербестігін дамыту арқылы оның жеке тұлғасын қалыптастыруға болады;-қызығушылық іс-әрекет түрлері төменнен жоғары қарай, кезекті түрде, белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде шығармашылығы дамиды;-қызығушылық іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру біліктері мен ізденімпаздықтың қалыптасуы оқушыларды шығармашылыққа баулиды;-оқушыларды танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай топтарға бөлініп, сәйкес жұмыс түрлерін таңдап, жүйелі жұмыс жүргізудің маңызы зор;-қызығушылық іс-әрекетте дәстүрлі емес әдіс-амалдар пайдалану интеллектуалдық қабілеттерін дамытып, оқу-танымдық және ғылыми ізденістер жасауға талаптандырады.

Тәжірибе көрсеткендей күнделікті сабағыма қарағанда жаңа -әдіс тәсілдерді пайдалана өткен сабағымдағы оқушының белсенді іс -әрекетін, қызығушылығын байқадым. Тарих сабағында оқушы шығармашылығын дамыту тарихи көркем әдебиеттерге жол сілтеу болып табылады. Қазіргі таңда ғылыми негізде және жаңа зерттеушілік бағытта құрастырылған электронды оқулықтарды тиімді пайдалану оқушының пәнге қызығушылығына жол ашады . «Робин раунд» әдісі бойынша сыныптағы оқушылар бір –бірін қайталамай сабақ мазмұнына сай пікірін айтып сабақты қорытындылай алады . « Ыстық орындық», «Сұрақтарды ұстап ал», «Ассоциация» «Джигсо» әдістері, яғни диалогтік оқыту барысында оқушылар келісілген нәтижеге жету үшін күш жігерін жұмсайды. Сондықтан бір-бірін оқыту оқушылардың өз пікірін еркін айтуына мүмкіндік туғызары анық.

Сабақта жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан- жақты қолдану, сабаққа керекті материалды ақпараттық кеңістіктен іздеу, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдейді, жаңа ақпарат түрі көбейіп, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп.

Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болу тиіс.

Ғаламтордан тақырыптық бейнекөріністер алып оған талдау жасау жұмыстарына үлкен мән беремін. Осы арқылы оқушылардың тарихи түсініктері бір жерде ғана тоқталып қалмайды. Мысалы: 5сыныпта «Оюөрнек жасалу жолдары» тақырыбында сабақ өткізгенімде алдымен сыныпты түстер бойынша 3 топқа бөлдім.

Әр топқа қазақ халқының ұлттық киімдері, баспанасы ,зергерлік бұйымдарымен мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрін оқытып үйрету мақсатында оқушыларға сұрақ қоя отырып қазақ халқының баспанасы, ұлттық киімдер,зергерлік бұйымдары барлығы дерлік ою-өрнекпен әшекейленеді деген мәтіндер бойынша топтық тапсырмалар бердім. Оқушылар сабақ барысында өз пікірлерін еркін жеткізе білуге, бір-бірін тыңдай білу мен пікірлерімен санаса білуге дағдыланды.АКТ- ны пайдалана отырып алған мәліметтерін баяндай алды.

Қазіргі таңда АКТ-ны тиімді пайдалану оқушыларымызды мына қадамдарға бағыттайды

1.Оқушы танымын кеңейтеді

2.Оқушыны ғаламтормен тиімді жұмыс жасай білуге бағыттайды .

3.Оқушының өзіне сенімін нығайтады және жұмыс жасай білу дағдысын қалыптастырады.

Ақпаратты технологияларды пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады.

1.оқушылармен материалды игеру үрдісін психологиялық түрде жеңілдетеді. Пәнге деген танымдылық қызығушылығын тудырады. Оқушылардың көзқарасын кеңейтеді. Сабақ үстінде көрнекілікті қолдану мүмкіндігі өседі. Сабақ үстінде оқушының да мұғалімнің де еңбек өнімінің жоғарлауы болады.

Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл — ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты.

Сыни тұрғыдан ойлау стратегиясын сабақ үдерісінде қолдану арқылы төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге болады.

Ұлы ойшыл Уильям Уорд « Жай мұғалім – хабарлайды . Жақсы мұғалім -түсіндіреді. Керемет мұғалім – көрсетеді . Ұлы мұғалім – шабыттандырады» деген екен. Сондықтан ХХІ ғасыр мұғалімі жан — жақты болуы заңды деп ойлаймын.

Оқыта отырып тәрбиелеу — қазіргі заман мұғалімінен талап етілетін басты мәселе. Сондықтан атақты педагог К.Д.Ушинскийдің «Оқыту- тәрбиелеудің қуатты органы,бұл органды пайдалана білмеген тәрбиеші шәкірттерге әсер етудің ең басты және қажетті құралынан айрылады » деген сөзін үнемі жадымызда сақтасақ деймін. Көркем еңбек пәнінен білім беруде оқушы бұрынғыдай оқу бағдарламасын игеруші, мұғалім балаға жеке пән бойынша білім беріп қана қоймайды, жеке мамандықты мегеретін жеке тұлғаны да қалыптастырушы. Білімнің негізгі және айқындаушы мәні сол тұлғаны дамыту болып табылады. Оны жүзеге асырудың негізгі жолдары: оқушылардың жеке қабілетін және белгілі бір кәсіпке бейімділігін айқындай отырып білім беру, сол негізде оқу бағдарламасын жетілдіру. Бағдарлы оқыту – оқушылардың орнықты мүддесі мен қабілет бейімділігі негізінде бағытталған білім жүйесі екені белгілі.

Сондықтан жалпы білім берудің жоғарғы сатысында іс – әрекет тәсілдеріне оқу – кәсіби мамандыққа бағытталған білім беру үлкен мәнге ие.

Әр баланың ерекшелігін ескеріп, тақырыпты өмірмен байланыстырып, әр оқушыға жеке тақырып пен бағыт – бағдар беріп отырыу. Сонда ғана оқушының пәнге деген қызығушылығы артады. Қазіргі таңда жеке тұлғаны қалыптастыру Көркем еңбек пәні мұғалімдеріне өз қызметіне өте үлкен жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Кәсіптік бағдар беру барысында мұғалім әр оқушының алдында оның кемшілігіне шын мәнінде жауапты екенін сезіну қажет. Өз іс тәжірибемде оқушыларға кәсіптік бағдар беру, белгілі бір мамандыққа бейімдеу және өзіндік кәсіптікті айқындау.

Мұғалім оқушының сол қызығушылығын аныктап, сол сала бойынша оқушыны бейімдеуі керек. Мұнда оқушылардың кәсібі айқындалуына мұғалімнің рөлі жоғары. Кәсіптік мәнін ашып, өмірге, қоғамға қажеттілігін үнемі сабақта айтып, дәлелмен нақтылап түсіндірсе, әрине сол кәсіпке бейім оқушылардың бейімділігін дамытуға болады. Бейімділігін дұрыс аныктай алмай жүрген оқушылар қосымша қосылады.

Оқушылардың қызығушылығы мен бейімділігін дамыта отырып, кәсіби айқындалуын жетілдіру болашақ кәсібін қателеспей табуына көмек болады. Кәсіптік мектептерде, оқу – өндірістік комбинаттарында кәсіптік мамандық алуына жол ашады. Бұл жұмыстар жеткіншектердің кәсіптік бағдарды сезінуіне, еңбекті бағалауына, сүйіп атқаратын жұмысқа дағдылануға, жауапкершілікті сезінуге, мінез – құлық және қарым – қатынас мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Сапалы білім берумен қатар еңбекке де баулу, үйрету аса қажет, жастарымыздың өнерлі болуы қоғамдық өмірімізге үлкен әсерін тигізеді деп ойлаймын. Тұлғаның эстетикалық бейнесі өнер мен табиғатты қабылдауы және адамдар арасындағы қарым-қатынастағы қызметі арқылы көрінеді. Талантты және дарынды оқушылардың бойында даму және шығармашылық қабілеттер өнердің түрлі саласында өз ерекшелігіне қарай көрінеді.

Жеткіншек ұрпақты ұлттық сезім мен рухта тәрбиелеуде ұлттық ою-өрнектердің алатын орны ерекше. Қазақ халқының қолөнерінің арнасы кең, түрі сан алуан. Халқымыздың өмір тіршілігінде ою-өрнек қатыспайтын саланы табу қиын. Өнердің басқа да түрлері секілді қолданбалы қолөнері Көркем еңбек пәнінде ұлттық ою-өрнекті қастерлеуге жол ашады. Дәстүрлі қазақ өнерінің ерекшелігін айтқанда, қазақ өміріндегі ежелден дамыған ою-өрнек ерекше эстетикалық сезімді үнсіз айғақтайды. Өйткені талаптанған бала әрқашан өз мақсатына жетеді. Заман талабына сай, мектептің, ұстаздардың алдына қойған мақсаты – мектеп қабырғасында тәрбиеленіп келе жатқан жас ұрпақты ұлтымыздың көнеден келе жатқан салт-дәстүрімен таныстыру, еңбекке деген шеберлігімен икемділігін, өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Бұл тек ұстаздардың ғана емес, сонымен қатар қазақтың көне салт-дәстүрін, әдет – ғұрпын, тұрмыс – тіршіліктерін, қолөнерін жадымызда ұстау, келешек ұрпаққа үйрету, жөн сілтеу, ата – бабаларымыздың дәстүрін ұмыт қалдырмау – баршамыздың парызымыз.

Егеменді қазақ мемлекетінің болашақ ұрпақтарының сана – сезімін, ұлттық психологиясын, оның сонау ерте замандағы ата – бабалар салт-дәстүрімен, мәдениетімен сабақтастыра отырып, халықтық қолөнерін сақтап қалуға тәрбиелеу – ұлтжанды ұлағатты ұстаздардың абыройлы ісі.

Келешек мектептер 12 жылдық оқу бағдарламасында да біздің қазақтың қолданбалы қолөнерінің оқушыларға беретін тәрбиелік мәні өте зор болмақ. Ұлттық тәрбие беру бесігіндегі оқушылардың ата – баба дәстүрін, мәдениетін, қолөнерін және азаматтық арнадағы асыл қасиеттерін еңбекке баули отырып, жан-жақты эстетикалық тәрбие беру, мәдени мұраны жүйелі меңгеруге, рухани мұрасын бағалай білуге тәрбиелеу мүмкіндіктері қарастырылады. Сондықтан оқу-тәрбие жұмысының барысында, көркем еңбек сабағында оқушыларға кәсіби көркем еңбек пәнінің үйірме жұмыстарында халқымыздың ұлттық қолөнерін халқымыздың салт-дәстүрімен, әдет – ғұрпымен таныстыра отырып, оқушының іскерлігін, дағдысын, еңбекке деген ынтасын қалыптастыруды негізгі мақсат етіп қою — біздің міндетіміз. Ұлттық мәдениетке негізделген қазақ мектебінің қайта түлеуі қазіргі таңдағы көкейкесті мәселе болып отыр. Өйткені оқушылардың көркемдік білім алуын арттыру және рухани деңгейін дамыту, шығармашылыққа тәрбиелеу – қазіргі білім беруде көзделіп отырған мәселе. Осы тұрғыдан келгенде оқушылардың жұмыс істеу әдет – дағдыларын көркем шығармашылық іскерлікпен жалғастырып дамыту мәселесі қарастырылады.

Оқушыларды әсемдікті сезініп, түсініп, қадірлей білуге баулу эстетикалық тәрбие беру арқылы іске асырылады.

Өнер мен білім беру ісін бір — бірімен ұштастырып, бала санасына ұялатуда үлкен жүрек, мол іждағат, мейірімділікпен қоса, кәсіби дарын ізденімпаздық, іскерлік керек екендігін баса айтуымыз керек.

Мектепте көркем еңбек сабағын халықтық педагогикамен ұштастырудың маңызы зор. Еңбек оқушылардың ең бірінші өмірлік қажетіне айналу үшін, еңбек ету талабын адамның бойында тәрбиелеудің зор маңызы бар. Бұл міндет – адам өзі ынта қойған еңбекпен шұғылданып, оның бейімділігімен мүддесіне сай келетін және адамгершілік қанағат беретін іспен шұғылданған жағдайда жүзеге асырылады. Сондықтан да бұл міндеттерді шешу еңбекті дұрыс таңдап алумен аса тығыз байланысты.

Көркем еңбек сабағы – мектеп оқушыларын рухани байытып, дүниетанымын қалыптастыратын пәндердің бірі. Көркем еңбек пәнінде ұлттық қолөнерді, тәрбиені үйрету арқылы мынадай дағдыларды немесе іскерлікті қалыптастырамыз:

еңбекқорлыққа; ұлтжандылыққа; рухани мәдениетке; іскерлікке; шыдамдылыққа; ізденімпаздылыққа.

Халық қолөнерінің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып, заманымызға сай лайықты сапа, түр беру әдісімен оларды ілгері дамыта беруіміз керек.

Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасқан өміршең өнер. Қолөнер өзіне тән әлемі, қоршаған ортасы, өзіндік күші бар, ол ешқандай өтпелі құндылықтарға бағынбайды. Өзіне деген тыныштық пен сенім бізге белгілі бір дағдылар мен икемдерге жеткізеді.

Көркем еңбек саласы оқушыларды халық дәстүрімен, әдет-ғұрыптарының түрлерімен таныстыра отырып, ұлттық этика, эстетикалық қабілеттерін және әділеттік, инабаттылық әдет-дағдыларын қалыптастырады.

Білім берудің жаңа бағыттарының басты ерекшелігі оқытудың нәтижесін алдын ала болжап, оқушылардың қызығушылығы мен ізденімпаздығы негізінде білімі мен біліктерін жетілдіріп, оны санасында терең зерделей отырып, шығармашылық әлеуетін үнемідамытуға және рухани толысуға ұмтылысын қалыптастыруды қажет етеді. Сондай қажеттіліктердің бірі – оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мүмкіндіктерін көркем еңбек пәнінің оқу үрдісінде тиімді пайдалану. Бұл мәселенің нәтижелі жүзеге асуы мұғалімдердің қазақтың ұлттық бұйымдары бойынша толық білім сапасын және оны оқушылардың тәрбиесіне пайдалана алу іскерлігі мен қабілетін қажет етеді. Қазақстан Республикасында өсіп келе жатқан жеткіншек ұрпақтың мәдени өрісін көтеру, сұлулықты қабылдау қасиетін қалыптастыру арқылы төл мәдениеттің белсенді жасаушысы, иесі, жалғастырушы болуына зор мән берілуде. Демек, оқушыларға көркемдік білім, эстетикалық тәрбие беріп, шығармашылық белсенділікке баулу – басты міндеттердің бірі. Қазақтың бүгінгі ұлы мен қызы кез келгеннің қасында өнер, білім жарыстыра алатын болуы керек. «Өнер таусылмас қазына, жұтамас байлық» дейді дана халқымыз. Ұлттық өнеріміз төлтума бітім, қасиетімен, көркемдік мән-мағынасымен, шын мәнінде халқымыздың ғасырлар талғамынан өткен қазына. Осы ұлттық өнерді үйреніп, ары қарай дамытуымыз қажет. Ұлттық өнердің көне оқыту тәсілдерін, дәстүрін жаңа ғылыми негізге салып, жаңа ғылыми ізденістер арқылы көптеген мәселелерді шешуге болады. Ұлттық өнеріміз бүгінде даму, жаңару үстінде. Білімді де, зерделі, өнерлі де, парасатты, инабатты ұрпақ өсіп келеді. Оқушыларға жан-жақты тәрбие беру тәсілдері мен түрлері алуан түрлі. Олар: көркемсөз үйірмесі, әдеби-шығармашылық үйірме, би, сәндік-қолданбалы үйірмесі, т.б. үйірмелер. Оқытушылар ұжымы осы шараларды тиімді пайдаланса, оқушы бойында сұлулықты өз қолымен жасау құштарлығын оята алады, әсемдікті дұрыс пайдалануға машықтандырады. Ұстаздық өміріміздегі алдымызға қойған мақсатымыз – баланы оқу ісіне өзінше қызықтырып, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу, дағдыларын жетілдіру. Демек, оқушының шығармашылық қабілетін қалыптастырып, дамыту басты мақсат болып саналады.

*****

# ГЕОГРАФИЯНЫ ЖӘНЕ ТАРИХТЫ КІРІКТІРІП ОҚЫТУ

**ОМИРБЕК ЕРТАЙ**
**№ 29 ЖББМ-нің тарих, география пәнінің мұғалімі**
**Теміртау қаласы**

Қазіргі білім беру жүйесі өмірді бейнелейтін құбылыстар мен процестердің байланыстарының тереңдігін түсіне отырып, әлем бейнесін тұтас бейнелейтін жоғары білімді, интеллектуалды дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Мектеп қай уақытта болсын қоғамның жағдайы мен даму тенденцияларын көрсетті. Ғасырлар бойы оқу пәндері жүйесі қоғам, табиғат және адам туралы ғылыми білімнің жиынтығын көрсетеді. Адамның әлем туралы заманауи идеялары күрделі ғылым жүйесінде жасалады, олардың әрқайсысы әлемнің жалпы ғылыми бейнесінде белгілі бір орын алады. Әрине, әр ғылым басқалардан оқшауланып дами алмайды. Қоғамның бір немесе басқа құбылысы, тұжырымдамасы, процесі, заңы әртүрлі ғылымдарды зерттеу объектісі бола алады. Пәндер мен құбылыстарды зерттеу кезінде ғылымның жекелеген салалары тығыз байланыстар мен қатынастарға түседі.

Қазіргі таңда адам қызметінің барлық салаларында жаһандану үрдісі орын алғандықтан, білім беру саласында қайта қарастырулар жетілдіруде. Сол себептен ақпараттық-комуникативтік құзырлықпен қатар, полимәдениеттілік бүгінгі уақытта әлемдік білім беру қоғамдастығының кеңістігін қалыптастыратын білім беру құзырлығының басты бағыттарының бірі ретінде анықталды. Осы мақсаттарға жетудің негізгі жолдарының бірі - кіріктіріп оқыту оқыту әдісі болып табылады. Кіріктірілген білім бағдарламасының алға қойған мақсаты айқын, бағдары жүйелі. Зиялы азаматты – сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеуге ұмтылады. Аталмыш білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады. Кіріктірілген білім беру бағдарламасын табысты жүзеге асыру үшін белсенді оқыту, командалық оқыту, пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL), т.б. озық педагогикалық әдістерді қолдану талап етіледі.

Білім берудегі пәнаралық байланыстар мәселесі жаңа емес. Әр мұғалім өзінің педагогикалық қызметі барысында оқушылардың әлем туралы тұтас түсінігінің жоқтығын, жеке ұстанымдарының жоқтығын байқайды. Осыған орай бір-бірімен тығыз байланысты пәндерінің өзара әрекеттесу тәжірибесіне жүгінеді. Осындай пәндердің өзара байланысын көрсететін пәндердге тарих және география пәндері жатады.

Тарих сабақтарындагГеографияны білмей, тарихи кеңістік туралы түсінік қалыптастыру мүмкін емес, өйткені ол әртүрлі карталарды қолдануға, адам мен қоғам дамуының географиялық, экологиялық, этникалық факторларын салыстыруға негізделген. Әр түрлі уақыт кезеңдеріндегі Қазақстан мен әлемнің геосаяси жағдайын бағалау карта деректерінсіз де оңай емес.

Тарих және география мұғалімдерінің ынтымақтастығының негізгі мақсаттарының бірі-оқушылардың екі курста да қолданылатын карталар жүйесін, олардың келісілген тәсілдерін меңгеріп қолдану. Жоғарыда көрсетілген байланыстар бірқатар басқа пәндермен де (әдебиет, тіл және т. б.) сәйкестендіруге болады.

Осы екі пәннің өзара байланысының бірнеше әдістері бар, олар:

- Тарих немесе география курстарынан оқушыларға бұрын белгілі болған нақты және теориялық материалға сүйене отырып жаңасын түсіндіру;
- Оқушыларды географиядан алынған материалдың мазмұнын еске түсіруге, жаңадан зерттелгендердің негізінде жалпылауға итермелейтін дәлелдерді қажет ететін сұрақтар қою, нәтижесінде білім мен оқу іс-әрекетінің әдістері интеграцияланады, бұл, мысалы, XX ғасырдың басында Қазақстанның геосаяси жағдайын сипаттауға көмектеседі;
- Тарихи-географиялық тұжырымдамалық диктанттар;
- Әртүрлі пәндер немесе курстар материалдары бойынша пәнаралық мектеп конференцияларын, пікірталастарды өткізу («Адамзаттың жаһандық мәселелері», «Урбанизация: оң және теріс салдары»);
- Бірлескен кино сабақтарын өткізу («Фашизм географиясы»);

- Жазбалар жүйесі, әртүрлі курстардан білімді синтездеуге ықпал ететін кестелерді толтыру; және т. б.

Жоғарыда аталған барлық әдістерді кез-келген сабақта жеке де, жан-жақты да қолдануға болады, бұл кіріктірілген сабақтарды өз деңгейінде, тиімді өткізуге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Мұғалімде тарих пен географияны біріктірудің көптеген мүмкіндіктері бар. Сонымен қатар, бір пәннің білімін басқа пәнді игеру кезінде қабылдауды игеру оқушылардың аналитикалық және синтетикалық қызметіне белгілі бір мәселелерді шешуге үлкен көңіл бөлетінін, тәуелсіз жұмыс әдістерінің белсенділігін арттыратынын, ақыл-ой іс-әрекетін жақсы ұйымдастыруды қамтамасыз ететінін және соңында жалпы және жеке мәселелерді шешуде логикалық дәйектілікті дамытатынын білу маңызды.

Пәнаралық байланыстардың табиғаты бойынша география басқа мектеп пәндері арасында ерекше орын алады, өйткені ол табиғат пен қоғам туралы білімді қамтиды, демек ол гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық циклдардың пәндерімен байланысты.

Әлемнің қазіргі ғылыми бейнесін қалыптастырудағы географиялық білімнің рөлі ерекше.

Кез-келген физикалық процессте және адамның мен іс-әрекеттерінде өзіндік тарихы мен географиясы бар, сондықтан гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының, сондай-ақ адам туралы ғылымдардың кең ауқымында кеңістік пен уақыттың шешуші мәні туралы өсіп келе жатқан түсінік пайда болады.

Тарих пен географияның бірегейлігі - бұл мектеп пәндерін интеграцияланған оқытуда кеңінен қолдануға болады.

Географияны басқа мектеп пәндерімен интегративті байланыста оқыта отырып, мұғалім географиялық білім мазмұнының басым бағыттарын бөліп көрсетуі керек. Географияның тәрбиелік әлеуетін іске асыру үшін келесі қағидаттарды қабылдау қажет:

- Ғылыми білім жердің заңдылықтарын объективті түрде көрсететін және түсіндіретін форма ретінде;

- адамның кеңістіктегі танымы мен өмір сүру тәжірибесін көрсететін материалдық және рухани мәдени құндылықтар.

Оқушыларды география және тариыхты кіріктіріп оқыту процесінде тәрбиелеу азаматтыққа, ұлттық бірегейлікке тәрбиелеу, тарихи қалыптасқан мәдени, діни, этноұлттық дәстүрлерді, адамгершілік және әлеуметтік көзқарастарды, идеологиялық доктриналарды түсіну негізінде оқушылардың дүниетанымдық сені.

Мектеп пәндерін интеграцияланған зерттеу қазіргі заманғы мұғалімнің алдына қойылған оқу-тәрбие міндеттерін шешудің ең перспективалы жолдарының бірі болып табылады. География және басқа пәндер бойынша жаңа бағдарламаларда пәнаралық байланыстар тур.

Географияны оқытуда пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру жолдарын іздеу-қазіргі педагогиканы дамытудағы өте перспективалы бағыт. Интеграцияланған оқытуды жоспарлау және енгізу кезінде мұғалімдердің тығыз ынтымақтастығы, олардың педагогикалық тәжірибесін байыту, ой-өрісін кеңейту, кәсіби өсу, оқушылардың пәнге деген қызығушылығының артуы көзделеді.

Болашақ жастарға тиесілі. Және өз болашағын ойлайтын әрбір ел бірінші кезекте білім беруді дамытады. Оның үстіне біздің ғылыми-техникалық жетістіктеріміздің қарқынды дәуірінде. Сондықтан біздің жастарымыз оқуға, жаңа білімді меңгеруге, күнделікті өмірде жаңа білім мен технологияларды шебер және тиімді пайдалануға тиіс. Қорыта айтқанда, кіріктірілген білім бағдарламасы, оқушыларды заман талабына сай білімін дәл айқындауға мүмкіндік беретін бақылау жүйесі.

*****

# ҒАЛАМШАРЛАР ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

**БҮЙШӨКЕНОВА АЙТОЛҚЫН ҚУАНЫШҚЫЗЫ**
**Ақтөбе қаласы**
**№52 негізгі мектебінің**
**бастауыш сынып мұғалімі**
**Бүйшөкенова Айтолқын Қуанышбекқызы**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | №52 негізгі мектеп | | | |
| **Пәні:** | **Жаратылыстану Алматыкітап** | | | |
| **Бөлім:** | Жер және ғарыш | | | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | А.Қ.Бүйшөкенова | | | |
| **Күні:** | 25.01.23ж | | | |
| **Сынып:** | 2 «Ә» сынып | | | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **Ғаламшарлар қандай болады?** | | | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 2.4.2.1 - Күн жүйесі ғаламшарларының орналасу тәртібін анықтау;<br>2.4.2.2 - Күн жүйесі ғаламшарларын салыстыру; | | | |
| **Сабақтың мақсаты** | Қандай ғаламшарларды алып деп атайтынын білесің. | | | |
| **Құндылықтар** | Талап: Ізденімпаз, жасампаз ұрпақ | | | |
| **Сабақтың барысы** | | | | |
| **Сабақтың кезеңі// уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресур стар** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ***Сабақтың басы***<br>5минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Өткенді пысықтау<br>5минут<br><br><br><br><br><br>***Сабақтың ортасы***<br>20 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Сергіту сәті<br>2 минут | Психологиялық ахуалды жақсарту<br>Топқа бөлу<br>1-топ.Күн<br>2-топ.Ай<br>3-топ.Жер<br><br>Өткенді пысықтау<br>Үй тапсырмасын тексеру. Ғаламшарларды ретімен орналастыру<br><br>Тақырыпқа ену:<br>"Ғаламшарлар" бейнеролигін тамашалайды. Бейне фильмнен не көрдіңдер? (сұрақ көмегімен сабақ мақсатын оқушылармен бірге анықтайды)Ғаламшарларды неліктен осылай атайды? Ойлан.<br>Тағы қандай ғаламшарлар алып ғаламшарлар деп аталады?<br>Күн жүйесінің ғаламшарларын екі топқа бөл.<br>Күн жүйесінің ғаламшарлары екі топқа бөлінеді. Жер тобындағы ғаламшарлар – Жер, Марс (Қызылжұлдыз), Шолпан, Меркурий (Болпан). Олар үлкен емес, қатты қабатты және Күнге жақын орналасқан. Тығыз тау жыныстары мен металдардан құралған. Меркурий мен Шолпанның серіктері жоқ.<br>Алып ғаламшарлар – Юпитер (Есекқырған), Сатурн (Қоңыркай), Уран, Нептун. Олардың бір ерекшелігі бар.<br>Газды сақиналары тастан, мұз қиыршықтары мен ғарыш | Сабаққа дайындық жасап, жақсы тілектер тілейді.<br><br>Өткенді пысықтайды<br><br><br>Видеоролик көріп, сол бойынша сұрақтарға жауап береді<br><br><br><br><br>Тақырыпты ашады<br>Жаңа тақырыпты түсініп алады<br><br><br><br><br>Сұрақтарға жауап береді<br><br>Мәліметтер айтады<br><br><br>Ғаламшарларды екі топқа бөледі<br><br>Өз ойларын айтады | Мақтап, мадақтап отыру<br><br>Дескриптор:<br>Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың орнын тауып аттарын айтады-1б<br><br>ҚБ:<br>« Зымыран» әдісі<br><br><br>Өзін-өзі бағалау<br>«Зымыран»<br>Тұжырымдарға дұрыс жауап берсе зымыран-ды жоғары көтеріп отырады<br><br><br>Дескриптор:<br>Ғаламшардың жұлдыздан қандай айырмашылығы барын біледі-1б<br><br><br><br>Тамаша!<br><br><br><br><br>Жарайсыңдар! | <br><br><br><br><br>Суреттер<br><br><br><br>Оқулық<br><br><br><br><br><br><br>оқулық<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Суреттер<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ***Сабақты қорыту*** **6**минут<br><br>Қосымша тапсырма<br><br>Кері байланыс 2 минут | тозаңдарынан тұрады. Бұл ғаламшарлардың серіктері<br>3-топқа тапсырма<br>1-топ Ғаламшар атауын сәйкес сипаттамасымен қос<br>2-топ<br>Ғаламшарларды топқа бөлу, атауларын жазу<br><br>3-топ<br>Күн жүйесінің моделін жеміс-жидектерден жаса. Мысалы,<br>жүзім – Меркурий. Басқа ғаламшарларды бейнелеу үшін қандай жемістерді таңдайсың?<br>Сергіту сәті<br><br>3-тапсырма<br>Түрлі ақпарат көздерін пайдаланып, әрбір ғаламшардың ерекшелігін біліп ал. Деректерді кестеге енгіз.<br><br>Үй тапсырмасы<br>Өз ғаламшарыңды «ойлап тап». Оны сипатта.<br>– Сенің ғаламшарың қалай аталады?<br>– Ол несімен ерекше?<br>– Оның үстіңгі беті қандай?<br>– Сенің ғаламшарыңда тіршілік бар ма?<br><br>«Ғарыш кемесі» әдісі арқылы оқушылар түсінген деңгейіне байланысты ғарыш  кемесін бояйды | Топтық жұмыс жасайды<br><br>Үй тапсырмасын алады<br><br>Қосымша жұмыс жасайды<br><br>Ғарыш кемесін тақтаға жапсырады<br>Кері байланыс береді | Дескриптор:<br>әрбір ғаламшардың ерекшелігін біледі-2б<br><br>Дескриптор:<br>Ғаламшарларды топқа бөле алады, атауларын жаза алады 2б<br><br>Дескриптор:<br>Күн жүйесінің моделін жеміс-жидектерден жасайды-3б | <br>Оқулық<br><br>Суреттер<br>Кері байланыс тақтасы |

# САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**ЖАЛТАНБАЕВА НУРБАХЫТ АЙТУГАНОВНА**
**Алматы облысы Кеген ауданы Кеген ауылы**
**"Балбөбек-бөбекжай" балалар бақшасының тәрбиешісі**

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыстағы негізгі міндеттердің бірі – салауатты өмір салтына баулуды дұрыс жүргізу болып табылады.Салауатты өмір салтына баулу – жалпы тәрбиенің құрамды бөлігі. Ол денені жетілдіруге, яғни денсаулықтың, дене дамуының және дене әзірлігінің жоғары деңгейіне жетуіне бағытталған. Ол тәрбиенің басқа түрлері – адамгершілік, эстетикалық, ақыл-ой, еңбек тәрбиелерімен байланысты. Сондықтан да біздің елімізде салауатты өмір салтына баулу процесінде жалпы тәрбие мақсатынан туындайтын педагогикалық міндеттер де шешімін табады.

Дене мәдениет білімі – салауатты өмір салтына баулу салаларының бірі; ол арнаулы білімді, қимыл-қозғалыс дағдылары мен іскерліктерді меңгеріп қамтиды.

Салауатты өмір салтына баулу мәдениеті – жалпы мәдениеттің бір бөлігі, қоғамның адам денесін жетілдіру саласында қоғамдық — тарихи практика процесінде жиналған табыстарының жиынтығы. Салауатты өмір салтына баулу мәдениеті – салауатты өмір салтына баулу теориясының барлық ұғымдарының ішіндегі ең кең ұғым. Ол жоғарыда қарастырылған ұғымдардың бәрінің мазмұнын қамтиды.

Салауатты өмір салтына баулу теориясы – адам денесін жетілдіру процесін басқарудың жалпы заңдары туралы ғылым. Ол педагогикалық ғылымдар жүйесіне енеді, психологиямен және педагогикамен, спорттың жекелеген түрлерінің теориясы және методикасымен тығыз байланыста болады.

Салауатты өмір салтына баулу құзіреттілігі салауатты өмір салтын ұстану ниеті мен қызығушылығының артуына байланысты — қажетті гигиеналық шараларды, күн тәртібін орындау, қимыл-қозғалыс белсенділігін реттеу, қозғалысын жетілдіру сияқты әрекеттерден көрініс береді.

Салауатты өмір салтына баулу теориясы спорттың жекелеген түрлерінің жалпы және өзіндік заңдылықтарын спортпен айналысатындардың әр түрлі құрамындағылармен сабақтар оқу және өткізу әдістемесін талдап жасау кезінде ескеріп отырады. Мәселен, спорттың жекелеген түрлері бойынша жүргізілген зерттеулердің мәліметтері мектеп жасына дейінгі балалармен сабақ өткізу әдістемесін талдап жасауға көмектеседі.

Мектеп жасына дейінгі балалар салауатты өмір салтына баулудың теориясы тәрбиелеу және оқыту процесінде баланың дамуын басқарудың жалпы заңдылықтарын танып біледі.

Мектепке дейінгі жастағы балалар салауатты өмір салтына баулудың басты міндеті — балалардың өмір қорғау және денсаулық нығайту, организмін шынықтыру болып табылады.

Ал, жақсы денсаулық барлық органдар мен организм жүйелерінің нормаға сай жұмыс істеуімен анықталады.

Балалар денесінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұрады. Денсаулығы мықты адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетіне жемісті қатысуының маңызды кепілі.

Балалардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүлделі. Барлық балалардың дене жаттығуларын күн сайын ұйымдастыруына қолайлы жағдайлар жасау қажет. Әрбір оқу-тәрбие мекемелерінде жабдықтармен және құралдармен жақсы жарақталған спорт залдары мен алаңдары болуы тиіс. Балаларға дене жаттығуларынан беру мекемелердің базасы кеңінен пайдаланылуы керек.

Мектеп жасына дейінгі балалар салауатты өмір салтына баулу теориясының қазіргі кездегі проблемаларын одан әрі дамыту қоғамдық өмір талаптарымен байланысты.Өмірдің шапшаң қарқыны, ғылыми – техникалық прогресс, еңбектің алуан саласындағы сан түрлі шығармашылық іс-әрекет қабылдау, еске сақтау, ойлау процестерінің активтілігін, дәл және тез бағдарлауға және түсіп жатқан ақпараттар жауап қайтарудағы тудыруға деген қабілетті талап етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар салауатты өмір салтына баулу теориясының қазіргі кездегі проблемаларын одан әрі дамыту қоғамдық өмір талаптарымен байланысты.Өмірдің шапшаң қарқыны, ғылыми – техникалық прогресс, еңбектің алуан саласындағы сан түрлі шығармашылық іс-әрекет қабылдау, еске сақтау, ойлау процестерінің активтілігін, дәл және тез бағдарлауға және түсіп жатқан ақпараттар жауап қайтарудағы тудыруға деген қабілетті талап етеді.

Осыған байланысты сәби жастан бастап балалардың салауатты өмір салтына баулуды дұрыс ұйымдастыру, денсаулығын нығайту және жан-жақты дамыту, мектепке және алдағы қоғамдық өмірге дер кезінде даярлауды жүзеге асыру маңызды болып табылады.

Өркениетті ел қатарына қосыламыз, келешекте көш бастайтындай ұрпақ өсіреміз дейтін болсақ, тәрбие сырларын, тағылымдарын еш уақытта да естен шығармауымыз керек.

Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде калыптасады. Сондықтан, бала организмінін қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады. Бұл міндеттердің маңыздылығы мынада: организмнің қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондай-ақ, баланың қозғалысын жетілдіру, қимылдық дағдыларып және дененің икемдігін, шапшандық, күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін калыптастыруға тұрмыста және салауатты өмір салтына баулу сабақтарында кажетті жеке және қоғамдық гигиена дағдыларын дамытуға баса назар аударылады. Мектепке дейінгі ұйымдардағы салауатты өмір салтына баулу балалардың ақыл-ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардын сергек, шат көңілді және белсенді болуларына мүмкіндік тудырады. Мектепке дейінгі ұйымдарда дене тәрбиесінің мазмұнды жүргізілуіне дене жаттығулары, табиғаттың сауықтырушы күші, гигиеналык және әлеуметтік - тұрмыстық факторлар қолданылады.

Қорыта келгенде, мектеп жасына дейінгі балалар салауатты өмір салтына баулу – балалардың оқуға деген ынтасын арттырудың маңызды құралы. Мектепке дейінгі ұйымның табалдырығын алғаш аттаған бала әлі ойын баласы. Сондықтан да, олар дайындық барысында ойынды көп қажет етеді. Оларға пайдаланатын дене жаттығулары мен ойындар балалардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніп отырады. Яғни, жасына байланысты балалармен ойналатын ойынның мазмұны жеңіл болады, ал жасы жоғарылаған сайын бұл ойынның мазмұны да күшейеді. Сондықтан ойынды балалардың жас ерекшелігіне және өтілетін сабақтардың тақырыбына, мазмұнына сай етіп таңдап алған дұрыс. А.С.Сухомлинский сөзімен айтқанда «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспеттес, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алуына жәрдемдеседі».

*****

# ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ

**ӨТЕГЕНОВ НҰРЖАН БЕКАСЫЛҰЛЫ**
**Түркістан облысы Сауран ауданы Майдантал ауылы**
**"Әйтеке би атындағы жалпы білім беретін мектеп"КММ**
**Педагог-сарапшы**
**Дене шынықтыру пәні мұғалімі**

Қазіргі заманда өмір сүретін адамдар, өздерін еңбек етуді жеңілдететін толып жатқан құралдармен қамсыздандырып, өнімсіз қол еңбегінің үлесін азайта отырып, ағзаның ауруға қарсыласуын кемітіп, жаңа науқастардың пайда болуына себепкер, адам ағзасының қызметтік мүмкіндіктерін төмендетуге әкеп соқтыратын құбылысқа тап болды.

Қара жұмыс пен бұлшық еттің белсенді әрекет етуі, ағзаның дамуы мен өміршеңдік қызметтерін, оның ішінде жүйке жүйесін де қалпына келтіре алатыны ертеден белгілі. Қимыл-қозғалыс белсенділігін шектеу ағзаның дамуын жойып жіберуге дейін апаруы мүмкін. Осыны түсінгендіктен болар, бүкіл әлем соңғы уақытта дене шынықтыру мен спортқа басты назар аудара бастады.

Осындай назар аудару дене шынықтыру мен спортты дамыту арқылы жүруде. Қоғамдық шаралар мен жеке адамның гигиенаны денсаулықты нығайту және денені жетілдірудегі қабілеттілікті дамыту үшін, дене жаттығуларды табиғи факторлармен біріктіре қолдану «дене шынықтыру» термині ретінде түсіндіріледі.

Дене шынықтыру – ағзаның дене жағынан қалыптасудың қасиеттері сапасының дамуына бағытталса, ал спорт спорттың жеке түрі бойынша жоғары нәтижеге жетуге қажетті қасиеттерді баса дамытуға бағытталған.

Осындай қарама-қайшылыққа қарамастан – спорт дене шынықтыруда балалар, жасөспірімдер және жастар өміріне енгізетін жүйенің ең маңызды бөлігі болып табылады. Бала дене шынықтырумен ерте жасынан отбасында, балаларға арналған мектеп жасына дейінгі ұйымдарда, оқу орындарында және ұйымдастырылған ұжымдарда шұғылдануы тиісті.

Белсенді қозғалудың арнайы, күрделірек түрлері, дене жаттығуларын орындау мен оқып-үйренуде, дене шынықтыруда негізгі құрал болып табылады.Әдетте дене шынықтыру тұрғысынан тәрбиелеу барысында, гимнастика элементтері болып саналатын дене-күш жаттығулар, сонымен қатар спорттың әр түрі спорттық ойындар, жаттығулар, бой сергіту, шынықтыру мен туризмде қолданылады. Дене шынықтыру барысында, бұлшық етке әр түрлі мөлшерде, түрлі жүктемелерді орындау нәтижесінде, дене-күш мүмкіншіліктері үйлесімді даму мүмкіндігіне, қозғалу дағдысын жетілдіріп және қалыптастыруға, денсаулықты нығайтып, жүйке жүйесінің қызметтерін жетілдіруге қол жеткізіледі.

Айтылған жайларға орай, дене шынықтыру сауықтыру құралы ретінде кең таралғаны өз-өзінен түсінікті. Осы тұрғыдан алып қарағанда, науқастан жазылғаннан кейін, денсаулықты қалпына келтіру үшін дене шынықытыру кеңінен қолданылады, әсіресе оны гиподинамияға (қозғалысты шектеуге) қарсы қолдану маңызды рөл атқарады.

Дене жаттығуларымен бірқалыпты, орташа деңгейде айналысатын адамадардың иммундық күйі жоғары екендігі, сирек ауыратыны, ал сырқатынан тез айығатыны белгілі.

Спортпен айналысу денсаулықтың мықты болып, жұмыс істеу қабілетінің ұзақ уақытқа созылуына ықпал етеді. Дегенмен спорттың әр түрімен айналысу, олардың ерекшеліктеріне байланысты, бұлшық еттердің жекелеген топтарына немесе ағзаға әсер ететінін есте сақтаған жөн. Сайып келгенде, дене шынықтыру мен спортпен айналысу адам ағзасының түрлі жүйелерінің жоғарғы қызметтік деңгейін қалыптастырады және олардың күйлерінің өзгеру дәрежесі мен қарқынына айрықша әсерін тигізеді.

Ұлт денсаулығын сақтау – мемлекет алдында тұрған ең басты міндеттердің бірі. Қоршаған орта мен пайдаланылатын заттардың сапасын жақсатру, бұрын жазылмайтын аурулар түрін емдеу арқылы қаза болушылар санын азайту, денсаулық саласының дамуы мен әлеуметтік бағдарламаларды жетілдіру, адам өмірін ұзартуға мүмкіндік берді.

Алайда денсаулық саласының «аурудан денсаулыққа» бағытталған қарқынды жұмыстары, өмір сүру мен еңбек етудің қоңыр-жай жағдайын жасағанмен, кәсіби тұрғыда ұзақ өмір сүруді, еңбек ету қабілеттілігін жоғары деңгейде сақтауды қамтамасыз етіп, емдеу жұмыстарын айтарлықтай тиімді түрде жүргізуге мүмкіндік бермейді.

Ағзаның бейімделу мүмкіндіктерін ұзартып, денсаулықты сақтап, жеке тұлғаны өнімді еңбек етуге, қоғамдық қызметпен айналысуға дайындаудың ең басты, сенімді жолы дене шынықытру мен спортпен айналысу болып табылады.

Дене шынықтыру жалпы мәдениеттің өзіндік бір ерекше бөлігі, оның құрамында жеке тұлғаның үйлесімді дамуын қалыптастыру үшін, адамды дене жағынан дамытуды жетілдіру бағытын қамтамасыз ететін құралдарды, тәсілдерді және жағдайларды жасау, оларды тиімді пайдалану сияқты адами тіршілік әрекеттерінің әртүрлі жақтары кіреді.

Дене шынықтыруға даярлық, мықты денсаулық, жүйке жүйесінің тұрақтылығы, жоғарғы деңгейлі дене шынықтыруға дайындық пен еңбекке қабілеттілік, жоғарғы деңгейлі жұмыс істеу қабілеттілігі, қозғалыс жүйесі жайлы арнаулы мәліметтерді білу, машықтану және арнайы білім, осының барлығы дене шынықтырудың басты құндылықтары болып табылады.

Дене жаттығулары адамның қозғалу әрекетімен тікелей байланысты дене шынықтырудың негізгі құралы болып саналады. Дене жаттығуларының көмегімен ағзаның күш-қуат күйін өзгертуге биологиялық әсер етіледі.

Қозғалу белсенділігі үдей түскен кезде, оларды орындау физиологиялық, биохимиялық, психикалық сияқты түрлі процестердің белсенділігін ынталандырады, осындай әсерден ағзаның жүйелері толығымен тиімді қызмет атқарады. Дене жаттығуларымен жүйелі түрде айналысу ағзаның барлық жүйелерінің әрекеттерін жетілдіріп, жалпы биологиялық заңдарға сәйкес ағза жұмысын қайта құрылуын қалыптастырады.

Қазіргі қоғамда дене шынықтыру мен спорттың ұлы рөлін жоққа шығаратын сауатты адамды табуымыз екіталай. Жас ерекшеліктеріне қарамастан миллиондаған адам спорттық клубтарға барып, дене шынықтырумен айналысады. Олардың көпшілігі спорттық жетістіктерге жетуді басты мақсатымыз деп санамайды. Дене жаттығулары «ұзақ өмір сүру мен интеллектуалдық сала мүмкіндіктерін игеруге апаратын құралға, белсенді өмір сүрудің катализаторына айналуда».

Техникалық прогресс, адамдарды жан шаршататын ауыр қол жұмысынан босатқанымен, оларды дене шынықтыруға даярлық жасау және кәсіби әрекетпен айналысу қажеттілігінен босатқан жоқ, тек ондай дайындықтың мақсатын өзгертті.

Бүгінгі күндері асыра күшті қажет ететін қара жұмыстың орнын, дәл есептеліп және тура үйлестірілген бұлшық ет күшін қажет ететін еңбек түрлері басуда. Кейбір кәсіп түрлері адамның психологиялық талдағыштардың мүмкіндіктері мен басқа да физикалық қабілеттеріне жоғарғы деңгейдегі талап қоюға мәжбүрлейді. Әсіресе техникалық кәсіп өкілдерінің жалпы дене шынықтыруға дайындықтарының жоғарғы деңгейде болуы талап етіледі. Жұмысқа деген жалпы қабілеттіліктің жоғарғы деңгейде болуы, кәсіби, дене сапалары жағынан қалыптасудың қасиеттердің үйлесімді дамуы, ең басты талаптардың бірі болып қалуда.

Дене шынықтырудың сауықтыру және аурулардан сақтандыру тиімділігі зат алмасуының белсенділігімен, тірек-қимыл аппараты қызметінің күшеюімен, дене-күш белсенділігінің жоғарылауымен тікелей байланысты.

Медициналық және әлеуметтік шаралар, қоғамдық өмірге дене шынықтыруды кеңінен енгізбей тұрып, халықтың денсаулығын тиімді түрде жақсарта алмайтыны сияқты, салауатты өмір салтын енгізбей тұрып, дене жаттығуларымен айналысу да күткен деңгейдегі тиімділікке қол жеткізбейді.

Салауатты өмір салты күн тәртібінен бастау алады (еңбек пен демалысты тиімді ұйымдастыру), оның құрамына ой еңбегі гигиенасы (ол, әсіресе мектеп оқушылары мен студент жастар үшін аса маңызды) мен зиянды әдеттен арылып, пайдалы іспен айналысу да кіреді.

Аталған ережелер мен қағидаларды мектеп жасынан түсінген адам келешекте дене жағынан қалыптасқан қасиеттерінің белсенділігін, шығармашылық белсенділігі мен сергектігін ұзақ уақыт сақтайды. Ертерек ойластырылып, байыппен жасалған күн тәртібінің ең болмаса апта бойы мүлткісіз орындау мектеп оқушысының бойында динамикалық стереотипті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Үлкен жартышар ми қыртысында, тиімді әрект ету үшін қажетті қозу мен тежелу процестерін өз ретімен қалыптастыру оның физиологиялық негізі болып табылады.

Әрқайсысымыздың өзгеге ұқсамайтын биологиялық сағатымыз – уақыт есептеушіміз бар, соған сәйкес ағза әлсін-әлсін өз тіршілігінің кейбір көрсеткіштерін өзгертіп отырады.

Барлық биоырғақтар бірнеше топқа жіктелеген. Олардың арасында тәуліктік немесе циркадалық ырғақ маңызды болып табылады.

Күннің түнге ауысуы түрлі физикалық өзгерістермен қатар жүретіні белгілі. Ауа температурасы төмендейді, ылғалдылық арта түседі, атмосфералық қысым өзгеріп, ғарыштық сәулелер ағыны үдей түседі. Табиғаттың осы құбылыстары адамның эволюциялық өзгеру барысында, физиологиялық қызметтерді тиісті өзгерістерге ұшыратып, бейімделуіне ықпалын тигізеді. Ағза функцияларының басым көпшілігінің әрекет ету деңгейі күндіз жоғарылап, сағат 16-20-ға дейін ең жоғарғы мөлшерге жетеді және түнде төмендейді.

Мысалы, адамдардың көпшілігінде мидың ең төменгі биоэлектрикалық белсенділігі түнгі сағат 2-4-тің арасында тіркелген. Кештетіп, әсіресе түнде ой еңбегін жасау кезінде осының салдарынан қателіктерге көбірек жол беріліп, осы сағаттарда ақпараттарды қабылдау мен игеру күрт нашарлап кетеді. Жүректің бұлшық етінің жұмыс істеу қабілеттілігі тәулік ішінде екі рет өзгереді, әдетте сағат 13 пен 21-ге төмендейді. Демек, бұл кездері өз ағзамызға үлкен мөлшерде дене жүктемелерді жасау орынсыз болып саналады.

Қыл тамырлар (капиллярлар) 18 сағатқа қарай кеңейіп (бұл уақытта адамның еңбекке деген дене жұмысы қабілеттілігі жоғары болады), ал сағат түнгі 2-де тарылады.

Тәуліктік биоырғақтар ас қорыту жүйесінің және ішкі секреция бездерінің жұмысына, қан құрамы мен зат алмасу процесіне әсер етеді. Мысалы, адам денесінің ең төменгі температурасы таң алдында, ең жоғарғы температурасы 1718 сағатқа сәйкес келеді.

Қаралған заңдылықтарды біле отырып, әр адам өзінің күн тәртібін дұрыс құра алады. Сонымен қатар барлық адамдардың тәуліктік биоырғақтары бірдей уақытта өтпейтінін ескеру керек. Мысалы, жапалақтың психикалық процестерінің өтуі кешке қарай жақсарады. Жұмысқа деген ынтасы артады. Ал таңеретең ұйқысынан тұра алмай, көбірек ұйықтағысы келеді. Бозторғайлар ертерек ұйықтағанды ұнатады. Есесіне таңатпай жатып тұрып алады да, ой еңбегімен белсенді айналысуға дайын тұрады.

Алайда өз ерік күшінің арқасында адамдар тәуліктік биоырғағына өзгеріс енгізіп, қайта құра алады. Бұл оқу аусымы өзгерген кезде, кей елдерде сағат тілін ауыстырған кезде қажет болады. Осындай кездері ағзаның аса қуатты бейімделу механизмі іске қосылады.

Әрқайсымыздың қоғам үшін қызықты, пайдалы, қажетті мақсатымыз, қалауымыз болып, дұрыс әрі тиімді еңбек ету тәртібін жасап алуымыз аса маңызды болып саналады.

Ой еңбегінің гигиеналық негізін қалаған – академик Н.С.Введенский. Оның қағидалары күні бүгінге дейін өз күшін жоймай келеді:

1. Түнгі ұйқыңнан оянған соң, сол сияқты еңбек демалысынан оралғаннан кейін, жұмысқа бірте-бірте асықпай кіріс.

2. Өзіңе ыңғайлы жеке еңбек ырғағын таңдап ал. Ғалымның ойы бойынша, бірқалыпты, орта қарқынды еңбек ырғағы адамға ең оңтайлы деп санайды. Ой еңбегін шапшаң және ырғақсыз орындау адамды қажытады. Соның салдарынан жылдам қажу басталады.

3. Ой еңбегін жүйелі және қалыптасқан ретімен орындаған жөн. Бұрын жоспарланған күн тәртібін сақтап және ой еңбек түрлерін ауыстырып отырса, еңбек ету қабілеттілігі анағұрлым жоғары деп саналады.

4. Еңбек ету мен демалуды дұрыс және тиімді ауыстырып отыру керек.

Бұл оймен еңбек ету қабілеттілігін жылдам қалпына келтіріп, оны оңтайлы деңгейде ұстап тұруға көмектеседі.

Қысқа мерзімді демалыс ұйымдастырып, күн тәртібіне дене жаттығулармен айналысуды белсенді түрде қосып отыру қажет.

Салауатты өмір салтын ұстануда, тамақтану ережелерін дұрыс ұйымдастыру маңызды рөл атқарады. Тамақ толыққанды болып, оның құрамында қажетті негізгі компоненттер (ақуыз, май, көмірсулар) мен ағзаға қажетті барлық дәрумендер болуға тиіс. Коректілігі жағынан ағзаның қуаттылық қажеттілігі толық қамтылу керек, алайда артық калориялар болмауы тиісті. Ас – адамның арқауы, өзінің түрімен, басқа да сапасы жағынан тәбетті аша түсіп, ұлттық және климаттық жағдайларға да сәйкес келуі қажет.

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**АЛТАЕВА ГУЛДАНА ДОСЫБАЕВНА**
**Түркістан облысы, Түркістан қаласы**
**Ө.Жәнібеков атындағы № 27 ІТ-мектеп-лицейінің**
**бастауыш сынып мұғалімі**

Бастауыш білім алу үрдісінде оқушылар дұрыс, еркін, тез әрі түсінікті оқуға, өз ойларын ауызша, жазбаша дұрыс қорытуға, мазмұндауға, арифметикалық есептер шығаруға бауланады, оларға табиғат жөнінде кейбір түсініктер беріледі.

Оқу барысында балалардың көркем өнерге деген ынтасы, өнерге деген ықылысы, сүйіспеншілігі артады, шығармашылық қабілеті, музыкалық сезімі, эстетиканы (көркемдікті) сезіне білу қабілеті дамиды. Баланың ғылыми мәліметтерді ұғып алуға ынталануы, ойлану операцияларын игеруі оның ойлау қабілетінің басты ерекшеліктеріне айналады да, ол қажетті білімдерді меңгере бастайды.

Бастауыш білім алу үрдісінде жасөспірімнің одан әрі білімін жетілдіре беруіне негіз салынады.

Жоғарыдағы педагог-психолог ғалымдардың еңбектерінен бастауыш мектеп жасында бала зейінінің дамуы, ұшқыр да, шапшаң қабылдау, ашық ойлау, есте сақтау жолымен оқу-танымдық әрекетті қалыптастыру қажетті және маңызды екенін байқауға болады.

Бұл жерде бірдей жастағы балалардың жалпы ортақ қасиеттері туралы айтылғанмен, оның өзі оқушыны сенім, дүниетаным, мұрат, бейімділік, қызығу, түрткі, қабілет, талғам, көзқарас арқылы сипатталатын тұлға екеніне сүйенуден шығады.

Жеті жастан он жасқа дейінгі кезеңге неғұрлым тән негізгі белгі мынада: бұл жаста мектеп жасына дейінгі бала мектеп оқушысына айналады. Бұл бала өз бойында мектеп жасына дейінгі балалық шақтың белгілерін оқушының ерекшеліктерімен ұштастыратын өтпелі кезең.

Бұл белгілер оның мінез-құлқында, санасында күрделі, ал кейде қайшылықты үйлесім түрінде қатар жүреді. Қез келген өтпелі күй сияқты бұл шақ көзі ашылмаған даму мүкіндіктеріне бай, оларды дер кезінде байқап, қолдап отыру маңызды.

Адамның кептеген психикалық қасиеттерінін негіздері тап осы бастауыш мектеп жасында калыптасады және әдетке айналады. Сондыктан ғалымдардың ерекше назары казір бастауыш класс оқушыларын дамытудыц резервтерін анықтауға бағытталған. Бұл резервтерді пайдалану балаларды одан арғы оқу және еңбек қызметіне неғұрлым табысты дайындауға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушыларының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері. Бұл жаста дененің барлық органдары мен тканьдарында елеулі өзгерістер болады. Мысалы, омыртканың барлық мойын, арқа бел бүгілістері дамиды. Әйтсе де скелеттің қатаюы әлі де аяқталмайды, оның аса иілгіштігі мен ширақты-лығы да осыдан, бул дұрыс дене тәрбиесін беру және спорттың көптеген түрімен айналысу үшін елеулі мүмкіндіктер де ашады, сондай-ақ теріс зардаптарға да (дене дамуының қалыпты жағдайлары болмаса) әкеліп соғуы мүмкін.

Бастауыш сынып оқушысы отыратын жихаздар көлемінің сай болуы, стол мен партаға дұрыс отырғызу — бала денесінің, оның тұлғасының қалыпты дамуының аса маңызды шарты, оның кейінгі бүкіл жұмыс қабілеттілігінің шарты екендігі осыдан.

Бастауыш сынып окушыларының бұлшық еттері мен сіңірлері жылдам қатаяды, олардың көлемі ұлғаяды, жалпы бұлшық ет күші артады. Ірі бұлшық еттер майдаларынан ертерек жетіледі. Сондықтан да балалар салыстырмалы түрде алғанда күшті де кең құлашты қимылдар жасауға көбірек қабілетті, алайда олар-ға дәлдікті талап ететін ұсақ қимылдарды орындау қиынырак соғады.

Саусақ сүйектерінің қатаюы тоғыз-он бір, ал білек сүйектерінің қатаюы он — он екі жасқа қарай аяқталады. Егер осы жайды ескерсек, онда бастауыш сынып оқушысы неліктен әр кез жазбаша тапсырмаларды үлкен күш жұмсап орындайтыны түсінікті болады. Оның білегі тез талады да, ол өте тез және тым ұзақ жаза алмайды.

Бастауыш сынып оқушыларына, әсіресе I-II сынып оқушыларына жазбаша тапсырмаларды аса көп беруге болмайды. Балаларда ұшырасатын графикалык жағынан нашар орындалған тапсырманы көшіріп алу тілегі кебінесе нәтижені жақсартпайды.

Бастауыш сынып окушыларының жүрек бұлшык еттері шап-шаң өседі және ол қанмен жаксы камтамасыз етіледі, сондықтан ол салыстырмалы түрде алғанда төзімді болады. Күре тамырлардың диаметрінің үлкендігі аркасында ми жеткілікті кан алады, бұл оның жұмыска кабілѐтт-і болуының маңызды шарты болып табылады.

Мидың салмағы жеті жастан кейін айтарлыктай артады. Әсіресе, маңдай беліктері еспелі олар адамның пси-хикалық іс-әрекетінде жоғары әрі неғұрлым күрделі функцияларын калыптастыруда үлкен роль атқарады.

Сонымен катар жеті жасқа қарай олардың жалпы байланысы тәртіпке, орнықтылыққа, төзімділікке қойылатын жаңа, мектеп талаптарына сай болады. Осылайша, мектеп жасына дейінгі балаларға қарағанда бастауыш класс окушыларының скелет-бұлшық ет жүйесі едәуір қатаяды, жүрек-тамыр қызметі салыстырмалы түрде тұрақтана-ды жүгікенің қозу және тежелу процестері көбірек тепе-теңдікке ие болады.

Мұның бәрі — мектеп өмірінің бастамасы — баладан айтарлықтай ақыл-ой күшін ғана емес, сонымен қатар үлкен дене төзімділігін де талап ететін ерекше оқу қызметінің бастамасы болғандықтан ерекше манызды.

Бастауыш мектеп – бұл окушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Сондықтан да бастауыш білім берудің алғашқы сатысы.

Соған сәйкес бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы бастауыш білімнің міндетті мемлекеттік стандарты жетілдірілді. Мемлекеттік стандартта дамыта оқыту ұстанымына сәйкес білімнің теориялық деңгейін көтеру, оқу- әрекетін қалыптастыруда білімнің танымдық , шығармашылық ролін мақсат етіп қояды.

Пәндерді оқыту арқылы ұлттық және әлемдік тәлім нәрімен сусындаған, болашақ халық игілігін жасайтын азамат тәрбиелеу.

Ал міндеті- оқушылардың танымдық деңгейін кеңейту, шығармашылық және еңбек біліктерін, қабілеттерін дамыту, рухани байлықты дамытуға жағдай жасай, салауатты өмір салтын насихаттау.

Соның негізінде ұшқыр ойлы, жаны сұлу, тәні сау, шығармашылықпен ойлай білетін дара тұлғаны тәрбиелеуге ұмытылуымыз қажет. Оқушылардың оқу- танымдық іс- әрекетін, белсенділігін қалыптастыруда олардың қабілеттерін дамытуға, танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал етіп, ізденісіне, талабын ұштауға білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше.

Оқушылардың оқу – танымдық іс – әрекеті – күрделі процесс. Ол іс – әрекет мақсатын, мазмұны мен қорытындысын, түрлері мен әдістерін, мотивтерін, деңгейлерін қамтиды. Оқу – танымдық іс – әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті.

Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады. Оқу үрдісі оқушылардың оқу- танымдық әрекеті негізінде жүзеге асады, ал оқу - танымдық әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады.

Танымдық белсенділіктің орындалуы оқушылардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді.

Білімді саналы меңгеру өз бетімен жаңа білім алуға мүміндік беретін ақыл-ой еңбегінің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды. Оқушылардың белсенді танымды іс- әрекетінің көздейтін мүддесі - білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету негізінде дамыту. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білуі болып табылады.

Оқу үрдісі оқушылардың танымдық әрекеті нәтижесінде жүзеге асады, ал танымдық әрекеті негізінде оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасады. Демек, оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруды арнайы ұйымдастыру- оқу үрдісін ұйымдастыра білудің маңызы зор.

Оқушылардың белсенділігінің маңызды шарты оқыту процесіндегі өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі бағалау болып табылады. Сондықтан да оларды осындай қызметке қажеттілік пен дағды қалыптастыру мұғалімнің бірден бір міндеті болып табылады.

# ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**ОҢҒАР АНАРКҮЛ АЛТАЙҚЫЗЫ**
**Түркістан облысы, Түркістан қаласы**
**Ө.Жәнібеков атындағы № 27 IT-мектеп-лицейінің**
**бастауыш сынып мұғалімі**

Жалпы педагогикалық үдерісте тәрбие жұмыстары да өз өрісін табады. Бұл үдеріс, әдетте, дербес сипатты құбылыс ретінде қарастырылады, себебі ол өз ерекшеліктеріне ие болуымен оқу үдерісіне де, даму үдерісіне де жанаса бермейді. Тәрбие барысын зерттеуші педагогика саласы тәрбие теориясы деп аталады. Егер оқу үдерісінің субъекттері мұғалім мен оқушы есептелетін болса, тәрбие үдерісінің қатысушылары - тәрбиеші мен тәрбиеленуші.Бастауыш мектепте оқуды да, тәрбиені де жүргізетін бір тұлға - маман педагог.

Тәрбие - мақсатты жүйеде тулға қалыптастыруга бағытталған үдеріс, яғни арнайы уйымдастырылған, тәрбие мақсатын іске асыруға бағышталған тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы басқарымды әрі бақылаулы өзара ықпалды іс-әрекет қатынастары.

Тәрбие бірнеше ерекшеліктерге ие. Оның ең басты ерекшелігі - мақсатты бағытталуы. Тәрбие ұйымдасуынан күтілетін жоғары тиімділік оның алдына тартылған мақсаттың балаға жақын әрі түсінікті болуынан. Мақсат бірлігі, өзара қызметтестік осы заманғы тәрбие үдерісінің негізгі сипатын құрайды.

Тәрбие үдерісі - көп жағдаятты, оның құрамында субъектив және шынайы себептер ықпал-әрекетке келеді. Ескеретін жәйт - тәрбиеші іс-әрекеті тек шынайы заңдылықтарымен анықталып қалмайды. Себебі тәрбие - өнер, ал өнер тәрбиеші тұлғасына, оның даралығына, тәрбиеленушілермен түзген қатынасына орай туындайды.

Тәрбие үдерісінің күрделілігі одан күткен нәтиженің нақты ұстамға келмейоқу үдерісіндегідей дер мезетінде көрінбеуінде.

Тәрбиелік пен тәрбиесіздік қалыптардың жүз беруі аралығында қажетті тұлға қажеттерінің ұзаққа созылған қалыптасу кезеңі жатыр. Себебі бала әртүрлі ықпалдарға кезігіп, оң да, теріс те тәжірибе жинақтайды. Ал тәрбие осы жинақталған тұлғалық тәжірибеден келеңсіз сапаларды шығарып тастап, олардың орнын ұнамды қасиеттермен толықтырып барады. Тәрбиенің және бір күрделілік себебі оның өте қозғалмалы (динамичность) болуында, осыдан тәрбие үдерісі жылдам ауысады, тез өзгеріске келеді.

Тәрбие үдерісінің айтарлықтай ерекшелігі - узақ мерзімділігінде, яғни адам тәрбиесі - өмір бойы тоқталмайтын іс. К.Гельвеций: "Мен әлі үйренудемін, менің тәрбием біткен емес. Ал ол қашан бітеді? Тәрбиеленуден қалған күні, яғни мен өлгеннен соң. Менің бүкіл өмірім, шынын айтсам, біртұтас ұзақ тәрбие". Адам санасында мектептегі тәрбиенің қалдыратын ізі аса бедерлі, себебі адамның жас шағындағы жүйке жүйесі өте икемшіл әрі қабылдағыш келеді. Дегенмен, мектептегі жақсы ұйымдастырылған тәрбие үдерісінің өзінен де жылдам табыс күту жаңсақтық: тәрбие өз нәтижесінің тікелей ықпал сәтінен біршама уақытқа созылуымен сипатталады.

Тәрбие үдерісінің және бір ерекше сипаты - оның үздіксіздігінде. Мектеп тәрбиесі -тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы бірі екіншісімен ұштасып, жүйеге келтірілген өзара ықпалды қатынас әрекеттері. Егер тәрбие үдерісі үзіліске түссе, науқандыққа негізделсе, тұрақталып келе жатқан әдеттерді бекіту орнына, бала санасында қайта-қайта жаңа "жолдар" қалыптастыруға мәжбүр боламыз.

Тәрбие үдерісі - кешенді, яғни бұл сипат тәрбиенің мақсат, міндет, мазмұн, форма мен әдістердің ажыралмас бірлігін аңдатады, оның тұлға қалыптасуының біртұтастығы идеясына бағыныштылығын білдіреді. Тұлға сапа-қасиеттері өзара бөлектенбей, бірлікте, бірігімді, бір уақытта кемелденіп жата-ды, осыдан оған бағытталған педагогикалық ықпалдар да ке-шенді сипатта болуы қажет. Айырым жағдайларда тәрбиеші талап деңгейіне сәйкес болмай жатқан тұлға қасиетіне көбірек назар салғаны жөн. Мысалы, бастауыш сынып оқушысында зейінділік, шыдамдылық, байқағыштық ж.т.с.с. қасиеттерді қалыптастыруға көбірек көңіл бөлінеді.

Тәрбиенің кешенділік сипаты бірқанша маңызды педагогикалық талаптар орындау-ды, тәрбиеші мен тәрбиеленушілер арасындағы ықпалдасты әрекеттерді мұқият таңдап, ұйымдастыруды қажет етеді. Нәтиже баламалылығы мен екіұштылығы да осы тәрбие үдерісін ерекшелейтін сипат. Бір жағдайда теңдей тәсілдерді қолданғанның өзінде қолға кірер нәтиже әрқилы болуы мүмкін. Мұның себебі - тәрбиеленушінің даралығы, әлеуметтік тәжірибесі мен тәрбиеге болған қатынасы. Тәрбиелеушілердің кәсіби дайындық деңгейі, олардың педагогикалық шеберлігі, тәрбиеленушілермен қатынас жасай білу ептілігі де - тәрбие барысы мен нәтижеге күшті әсерін тигізеді.

Тәрбие - екі тарапты үдеріс. Мұның тосындылығы үдерістің екі бағытта бірдей - тәрбиешіден тәрбиеленушіге (тура байланыс), тәрбиеленушіден тәрбиешіге (кері байла-ныс) қарай жүруінде. Үдерісті басқару, негізінен, кері байланыс арқылы орындалады, яғни тәрбиеленушілерден келіп түскен ақпараттар негізінде оқу, тәрбие нәтижесі анықталып барады. Кері байланыс ақпараттары неғұрлым көп болса, тәрбиешінің тәрбиелік ықпалы соғұрлым күшті болады.

Тәрбие үдерісі қарама-қарсылықты керек етеді. Осыдан тәрбие диалектикасы (дамуы) ішкі және сыртқы қайшылықтармен анықталады. Осы қайшылықтар тәрбие үдерісінің үздіксіз ағымын қамтамасыз етеді. Тұлға қалыптасуының барша сатысында көрінетін ішкі қайшылықтар жаңа қасиеттер мен оларды іске асыру мүмкіндіктері арасындағы айырмашылықтардан туындайды. "Білемін" және "білмеймін", "бар" және "жоқ" араларындағы сәйкессіздік баланы белсенді іс-әрекет орындауға, тәжірибе өрістетуге, жаңа білімдер мен қылық-әрекет формаларын игеруге, қалыпты талаптар мен ережелерді тануға ынталандырады. Тәрбие қызметі - тұлға қалыптасуын дұрыс бағытқа түсіру, ал бұл тәрбиеленушілерге қозғау салатын күштерді, олардың қажеттерін, сеп-түрткілерін, өмірлікжоспарлары мен құндылықты бағыт-бағдарларын терең білуге тәуелді.

Тәрбие үдерісінің бағыты мен нәтижесіне сыртқы қарама-қарсылықтар да күшті ықпал жасайды. Мысалы, мектеп пен отбасы, педагог пен ата-аналар арасындағы келіспеушіліктер осы сыртқы қайшылықтардың нақты дәлелі. Тәрбие барысында кезігетін көптеген қиыншылықтар астарында халықтың "молданың айтқанын істе, істегенін істеме" дегеніндей, адам аузынан шыққан лебіз бен оныңжасаған қылығыныңжарасым-ды болмауы жатыр.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет болуы-жас ұрпақтар тәрбие мәселелерін жаңаша ойлап жаңаша құруды талап етеді. Яки тәрбиенің мазмұнын, мақсаты мен міндеттерін қайта қарастырып, түбегейлі жаңашалау қажеттігі туып отыр.

Тәрбие мазмұны бойынша халықтың ғасырлар бойы жинақталған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтарға беру, оның жас ұрпақтарға, қоғамға қажеттігін ескеру болып отыр.

Тәрбиенің негізгі мақсаты - дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырған уақытта отбасы тәрбиесінен бастап әрбір баланы жеке тұлға ретінде танып, оның өзіне тән қасиетіне, санасын, қабілетін ескере отырып, тәрбие жұмысында мына төмендегі міндеттерді жүзеге асыруға тиістіміз.

Қазақ халқының төл мәдениеті, салт-дәстүрлері мен әдетғұрпы арқылы жас жеткіншектің ұлттық сана-сезімін, имандылық қадір-қасиетін тәрбиелеу.

Ұлтымыздың ой-парасатын нығайту мақсатымен дарынды балаларды анықтау, олардың қабілетін дамытуға жан-жақты жағдай жасау.

Ұлттық мәдениет пен өнер негізінде жан-жақты эстетикалық тәрбие беру, сұлулыққа, тазалыққа үйрету. Адамзат қоғамында бұрын-сонды жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеруге, жалпы әлемдік рухани құнды игіліктерді бағалай білуге тәрбиелеу.

Қорыта айтқанда, тәрбиенің мақсаты мен міндетгерін көрсетумен қатар, оның мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, ұйымдастыру ірге тасын қалайтын мынадай негізгі қағидалар ұсынылады.

Тәрбиенің мазмұны оны жүзеге асыратын әдіс-тәсілдердің негізі-адамгершілікке, имандылыққа арқа сүйеуі қажет. Үздіксіз тәрбиенің негізгі ұлттық тәлім-тәрбие. Жас ұрпақтың тәрбиесін іс-әрекет пен қарым-қатынас арқылы жүзеге асыру қажет.

Осы аталған тәрбие мазмұнын, мақсатын, міндеттерін терең түсіне отырып, негізгі қағидаларды басшылыққа ала отырып, тәрбие жұмысын ұйымдастыру ұстаздарды көздеген мақсатына жеткізеді.



# КРИТИЧЕСКОЕ МЫШЛЕНИЕ - МЫШЛЕНИЕ САМОСТОЯТЕЛЬНОЕ

**УСМАНОВ АЛИШЕР ШАЙЛАЕВИЧ**
**Учитель русского языка и литературы**
**Общеобразовательной школы Ханарык**
**Толебийского района Туркестанской области**

Выделив наиболее существенные умения критического мышления исследуем их развитие. Для этого была выбрана методика Замбацявичене Э.Ф., в которой изучалось: умение исключать лишнее; словесно–логическое мышление; умение обобщать; умение анализировать. Тест состоит из четырех субтестов, включающих в себя вербальные задания, которые были адаптированы мною с учетом программного материала начальных классов.

1 субтест - исследование дифференциации существенных признаков предметов и явлений от несущественных.

2 субтест - исследование операций обобщения и отвлечения.

3 субтест - исследование способности устанавливать логические связи и отношения между понятиями.

4 субтест - выявление умения обобщать.

Технология фокусирует внимание учащихся на проблемах и нахождении способов их решения.

Центром внимания является ученик, а не изучаемая тема и набор знаний по ней. Приведу цитату авторов данной технологии (Куртис Мередит, Чарльз Темпла и Джинни Стилл): «Думать критически означает проявлять любознательность и использовать исследовательские методы: ставить перед собой вопросы, осуществлять планомерный поиск ответов… Критическое мышление означает выработку точки зрения по определенному вопросу и способность отстоять эту точку зрения логическими доводами».

Урок, построенный в соответствии с технологией критического мышления, состоит из трёх фаз: стадия вызова; осмысление; рефлексия.

В технологии РКМЧП используются разные методы и приемы, применяемые как на определенном этапе, так и в качестве стратегии ведения урока в целом. Рассмотрим те приемы, которые эффективно используются при обучении русскому языку и литературы.

Первая стадия – вызов. Ее присутствие на каждом уроке обязательно. Эта стадия позволяет:

- актуализировать и обобщить имеющиеся у ученика знания по данной теме или проблеме;
- вызвать устойчивый интерес к изучаемой теме, мотивировать ученика к учебной деятельности;
- сформулировать вопросы, на которые хотелось бы получить ответы;
- побудить ученика к активной работе на уроке и дома.

На стадии вызова происходит актуализация имеющихся знаний по объявленной теме, т.е. еще до знакомства с текстом (под текстом понимается и письменный текст, и речь преподавателя, и видеоматериал) ученик начинает размышлять по поводу конкретного материала. На первом этапе включаются механизмы мотивации, определяется цель.

Выбор приёмов зависит от темы, типа и целей урока. В начале каждого урока русского языка учащиеся разрабатывают критерии успеха (знаю, понимаю, применяю). Они помогают оценить себя в конце урока, позволяют учителю проследить, на каком уровне усвоения учебного материала находится каждый ученик.

**На стадии вызова использем такие приёмы:**

**«Корзина идей»**

На уроке литературного чтения, при изучении рассказа В. Железникова «Рыцарь», учащимся было предложено нарисовать в тетради их представления о содержании данного рассказа. Многие нарисовали рыцаря на коне дерущегося с драконом, и только один учащийся изобразил мальчика, который уступает место в автобусе бабушке.

Данный приём позволил поработать над многозначностью слова «рыцарь», обогащением словарного запаса учащихся.

**Приём ассоциаций.**

Данный приём я использую не только на уроках литературного чтения, но и на уроках русского языка при выполнении словарной работы. После проведения словарной работы, я раздаю данные слова на карточках разной формы каждому ученику. Задаю вопрос: « На какие группы и по какому принципу можно разделить данные слова?» Учащиеся раскладывают данные слова на группы, объясняя, как и почему получились именно такие группы. Данная работа позволяет учителю за несколько минут вспомнить грамматические признаки частей речи, развивать абстрактное мышление, ликвидировать пробелы в знаниях, экономить время. Например, на уроке проведена словарная работа. Девочка, собака, класс, город, яблоко, деревня, помидор.

Учитель: На какие группы и по какому принципу можно разделить данные слова?

Ученики: по родам, по количеству слогов, на какой слог падает ударение, слова с удвоенной согласной, правописание чк – чн, парный согласный на конце слова, съедобное и несъедобное, одушевленное и неодушевлённое и тд.

**Составление кластера, я использую чаще на уроках литературного чтения.**

Работа в группах и парах, вопросы по Блюму.

Приём «Мозговая атака», который позволяет активизировать класс, мотивировать на дальнейшую работу. Учитель может начать урок с постановки проблемного вопроса, это может быть загадка, пословица, которые являются отправной точкой при изучении нового материала.

Диктант определений, позволяет выявить пробелы в знаниях.

Составление рассказа – предположения на уроках литературного чтения. Данный приём позволяет организовать работу и в группах, и парах, развитие речи учащихся. Каждой группе выдаются опорные слова, используя их нужно составить рассказ. Опорные слова я беру из рассказа или сказки, которые будем читать на уроке. Каждая группа читает свой рассказ – предположение. После чтения авторского текста, рассуждаем, что совпало с нашими предположениями.

Вторая стадия – осмысление. Здесь другие задачи. Эта стадия позволяет ученику:

- получить новую информацию, осмыслить ее;
- соотнести с уже имеющимися знаниями;
- искать ответы на вопросы, поставленные в первой части.

На стадии осмысления происходит непосредственная работа с текстом - чтение, которое сопровождается действиями ученика: маркировкой с использованием значков "v", "+", "-", "?" (по мере чтения ставятся на полях справа), составлением таблиц, поиск ответов на поставленные в первой части урока вопросы, работа в группах и парах. В результате этого ученики получают новую информацию, соотносят новые и имеющиеся знания, систематизируют полученные данные.

Таким образом, ученик следит за собственным пониманием самостоятельно.

**Групповая и парная работа.**

В моём классе учащимся очень тяжело работать в группах, поэтому я сократила количество учащихся в группах с 6 человек до 4. И состав групп постоянный. Составление кластеров.

**Составление «бортовых журналов».**

Данный приём позволяет работать над сознательным чтением текста.

Составление толстых и тонких вопросов по Блюму. При изучении темы «Имя прилагательное» я задала вопрос: «Если вы были художником, как изобразили бы имя прилагательное?» Ответы были такие: нарисовал маму, потому что она красивая, добрая, нежная; другой ученик сказал, что нарисовал бы радугу, в ней много цветов и имя прилагательное тоже обозначает цвет. При изучении темы «Имя существительное», я задала такой вопрос: « Если бы вы были корреспондентом, какой вопрос задали бы Существительному?», «За какие слова можем сказать спасибо Существительному»

**Третья стадия – рефлексия.** Здесь основным является:

- целостное осмысление, обобщение полученной информации;
- присвоение нового знания, новой информации учеником;
- формирование у каждого из учащихся собственного отношения к изучаемому материалу.

На стадии рефлексии происходит обобщение информации, возрастает роль письма. Письмо помогает не только разобраться в материале и поразмышлять над прочитанным, но и высказать новые гипотезы.

**Составление синквейна**

В начальной школе дети очень эмоциональны, поэтому для рефлексии я очень часто использую смайлики. Составление толстых и тонких вопросов по Блюму. Например, в конце урока я задаю такие вопросы: « Как можно помочь одноклассникам улучшить оценку за урок? Что бы вы им посоветовали?»

**Работа в группах и парах.**

Приём «Светофор» Зелёный цвет – тему понял и могу объяснить другому, жёлтый – тему понял, но пока не могу объяснить другому, красный – не понял тему.

Возвращение к составленным критериям успеха, рассуждают, что получилось, что нет. Почему?

Приём «Закончи предложение», позволяем оценить свою работу на уроке.

Хорошо видно, что уровень развития всех мыслительных умений критического мышления младших школьников стал значительно выше.

За год целенаправленной работы количество учащихся с низким уровнем развития критического мышления сократилось на 17%, 7% детей перешли на высокий уровень его развития.

Таким образом, я пришла к выводу, что используемые мною приемы развития критического мышления учащихся начальных классов эффективны.

Критическое мышление – это открытое мышление, не принимающее догм, развивающееся путем наложения новой информации на жизненный личный опыт.

Педагоги сходятся во мнении, что критическому мышлению нужно обучать, т.к. спонтанное развитие не обеспечивает должного уровня. Обучение критическому мышлению предполагает овладение такими, например, умениями: применять в спорах аргументы, смотреть на старые идеи с новой точки зрения, отличать факты от предположений, проводить разграничение между обоснованным оценочным суждением и необоснованной оценкой, выделять причинно-следственные связи, видеть ошибки в изучаемом материале, устанавливать рациональные способы их устранения.

*****



# ТАРИХИ ЗЕРТТЕУ ТЕОРИЯСЫ - ТАРИХ МЕТОДОЛОГИЯСЫ

**БЕЙСЕНОВА ГУЛЬНАР СЕРИКОВНА**
**Түркістан облысы Ордабасы ауданы**
**М.Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін мектебі**
**Тарих пәні мұғалімі**

Тарих методологиясы – (грек тіл. methodos – әдіс, таным жолы logos – сөзі) – тарих ғылымының әдістемелік таным туралы пәні және тарауы болып табылады. Әдістеме – тарихи зерттеудің құралы ретінде пайдаланылады. Әдістемелер арқылы тарихшы жаңа білім алып, оқиғалар туралы мәліметтерді нақтылайды. Осылайша, бастапқыда ХІХ ғасырда «методология» тарихи зерттеу әдістері мен тәжірибесінің негізінде қолданысқа енген. Бұл термин ең алғаш неміс тарихшыларының еңбектерінде қолданысқа еніп, кейінірек арнайы оқу пәні ретінде жүргізілген.

Қазіргі заманда «методология» ұғымы бастапқы мағанадағыдай ғана аясы тар емес, тарихи танымның жалпы негізін құрайды. Мәселен, ресей тарихнамасында «методология» термині ХІХ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басында университеттік оқыту жүйесі мен ғылыми зерттеудің тәжірибесінде пайда болды. Бұл методологияның құрамды бөлігі ретінде тарих философиясы да аталып жүр.

Бір сөзбен айтқанда, тарих методологиясы нақты тарихи зерттеу тәжірибесінің теориялық көрінісі ретіндегі әдістемелер, ұстанымдар, ғылыми тарихи түсініктер және т.б. Тарихшының зерттеу жұмысының тәжірибесін баяндай отырып, методология танымға жетелейтін ойға мүмкіндіктер береді. Демек, методология тарихи зерттеуде жеке және жалпы проблемаларға сараптама жасайды. Бірақ, кез-келген проблемаға нақты жауапты даярлап тұрмайды. Оны қарастырудың, зерттеудің жолдарын көрсетеді.

Тарих ғылымында методология мен метод бір біріне тәуелді емес.

Бұл методология мен методтың өз алдына жеке танымдық формалары бар. Мәселен, методология жеке зерттеу әдістеріне қоданылмайды. Зерттеу жүйесінде техникалық әдістерді методология емес, метод деп қарастырған жөн. Ал, методология міндеті ғылыми мәселелерді шешуге жалпы теориялық ұстанымдар көрсету болып табылады. Бұл жалпы ғылыми қарым-қатынас сипатын көрінісін байқатады.

Қазақ елінің тарихына қатысты өз пікірін білдірген қазақ зиялысы А. Байтұрсынов былай деп жазған еді: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел, қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді.

Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады». Демек, Отан тарихын тарихшылар өз дәрежесінде зерттеу үшін тарих ғылымының теориясы мен методологиясына баса назар аударуы қажет.

Деректанушы ғалым Қ.М. Атабаев Отан тарихы ғылымының методология мәселесіне байланысты мынадай тұжырым жасаған: «Отандық тарих ғылымындағы басты кемшілік – методологиялық кемшілік. Барлық ғылымның негізі методологияда жатыр. Методологиялық, теориялық мәселелерді анықтап алмай, басқа ғылымдар сияқты, тарих ғылымының да өз дәрежесінде дамуы мүмкін емес. Қазақстан тарих ғылымының міндеті, функциясы не болуы керек? Алдымен, осыны анықтап алуға тиіспіз. Ең бастысы методологиялық проблема – осы. Қазақстан тарихы ғылымының міндеті – қазақ ұлтының тарихын зерттеу болуы керек».

Тарихшы Б.Ғ. Аяған ұлттық тарихты қарастыруға қатысты мынадай пікірін білдірген:«Біздің міндетіміз тарихшылардың ғылыми мектептері арасындағы ителлектуалды ой жарысын, бәсекелестікті қолдай отырып, қазақ тарихының табиғаты және мәні туралы терең толғанған туындыларды өмірге келтіру. Бұл ерекше тарих екені анық. Ол батыстың да, шығыстың да тарихи дәстүрлеріне бағынбайтын феномен. Ол құбылыс өзегі

Дала өркениеті, мыңдаған жылдар бойы үзілмей келе жатқан тарихи жалғастық, ауызша дәстүр тағы басқалары бар. Сондықтан, Қазақ елінің тарихындағы өзекті мәселелелеріне қатысты тұжырымдамалар қажет. Ол үшін кең ауқымды және терең зерттеулер керек. Мысалы, Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеудегі міндеттерді шешу үшін жан-жақты білім алған, теориялық дайындықтары жақсы жаңаша ойлайтын мамандар қажет. Осы мәселелерді ширақ, ауқымды ретте шешіп отыру тарихшылардың міндеті болуы тиіс».

Жас тәуелсіз мемлекет өз қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін нығайта түсуі қажет. Оған рухани жаңғыру мен діни наным-сенімнің де айтарлықтай рөлі бар. Ал, тарихи білім Отан тарихын жетік біліп, шынайы сезінгенде ғана тәрбие құралына айналады. Ұлттық сана сезім Отан тарихын тану арқылы қалыптасады. Кез келген жас ұрпақ әлем елдері тарихынан да хабардар болуы керек.

Әлемдік педагогикалық ойдың тарихы мен мектепте оқытудың практикасында оқытуды ұйымдастыру формалары жүйесіне берік көзқарас қалыптасты. Оқытуды жүзеге асыруда білім мен оқытуды ұйымдастыруда оны модернизациялау көзделеді.

«Түрлері» деген ұғым латын тілінен аударғанда «Forma» сыртқы көрініс дегенді білдіреді, Сыртқы сызық белгілі орныққан тәртіп. Философиялық сөздікте: «Түрлері» ішкі мазмұнды ұйымдастыру деген анықтама береді. Яғни «Түрлері» ішкі байланысты білдіреді және ұйымдастыру тәсілдері, өзара құбылыс, сыртқы жағдайлармен сабақтастықта.

Жоғарыда «Түрлері» ұғымының мәнін басшылыққа отырып, оқытудың формасына былай анықтама беруге болады: «Оқыту формасы – оқу материалын меңгеруден оқушылардың өзара әрекеті». Оқыту формасы әдіспен, амалдарға, құралдарға, оқушылардың іс- әрекетіне тәуелді болады. Ресей педагогы Чередов И.М. бойынша: «Педагогикалық іс- әрекетті бұл бірімен – бірі, өзара байланысты ықпалдасық, әсер етушілік белгілі бір тапсырманы орындау кезіндегі оқушылар мен мұғалімнің қарым -қатынасы» деп түсіндіріледі.

Оқытудың формасы – оқыту үрдісінің белгілі бір оқу материалын игеру барысындағы оқушының оқу іс- әрекетін басқару мен оқу тәсілдерін меңгерумен сабақтас. болып саналады. Сабақтың сыртқы көрінісі оқу материалының ішкі бөліктерінің басын біріктіріп және дидактикалық категория ретінде оқу үрдісін ұйымдастырудың сыртқы пішімін белгілейді, мұның өөзі оқушылардың білім сапасының көрсеткішімен өтетін уақыты және орны, оның жүзеге асырылу тәртібі секілді жағдайлармен байланысты.

Қазіргі заманда «тарихтан тәрбие», «тарихтың тәрбиелік күш-қуаты» деген негізді ұғымдар біздің мәдениетіміз бен қоғамдық өмірімізде қолданысқа енген. Әсіресе, тәуелсіздік алған уақыттан бері мемлекеттің алдында жас ұрпақты жаңаша тарихи көзқарас тұрғысынан оқыту мен тәрбиелеу міндеті қойылды.

*****



# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТҮРЛІ ФОРМАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**КЕМЕЛБЕКОВА САБИРА РАХМАНҚЫЗЫ**
**Түркістан облысы Арыс қаласы**
**№ 1 Е.Молдабаев атындағы мектеп-интернаты**
**Бастауыш сынып мұғалімі**

Педагогикалық сөздікте: «Оқуды ұйымдастыру формасы- оқудың әдіс-тәсілдерін тиімді қолдануды жүзеге асыру үшін оқушыларды топтастыру» деп анықтама берілген.

Г.Усмановтың «Педагогика» атты оқулығында: «Оқытуды ұйымдастырудың формасы- бұл мұғалім мен оқушылардың оқу әрекетіне қолайлы жағдай жасау үшін арнайы ұйымдастырылған? белгілі бір тәртіппен өтілетін жұмыс» деп қарастырылады.

Оқытуды ұйымдастырудың формалары-белгілі бір тәртіп пен режим негізінде жүзеге асырылатын оқыту процесін ұйымдатыру тәсілі.

Мектептердің даму тарихыда ұлы педагогтардың тұжырымдамалары және оқуды ұйымдастырудың әртүрлі формалары белгілі. Оның дамып жетілуі, қоғамның қажеттілігі мен сұранысының талап- мүдесіне қатысты.

Оқытуды тиімді ұйымдастыру мәселелерімен педагогиканың «дидактика» деп аталатын арнаулы саласы шұғылданады. Дидактика бұл - білім мен оқытудың теориясын жасап шығаратын, педагогика саласы. Дидактиканың негізгі проблемалары оқыту процесінің заңдылығын ашу, білімнің мазмұнын анықтау, оқытудың барынша тиімді әдістері мен ұйымдастыру формаларын жасап шығару болып табылады.

«Оқытуды ұйымдастыру формасы» ұғымының мәнін ашу үшін оқыту ұғымының педагогикалық анықтамасы на тоқтала кетейік:

Оқыту- жеке адамның қалыптасуының және бірінші кезекте, ақыл -ойы мен жалпы білімін дамытудың маңызды құралы. Оқытудың білім алудың қалған барлық басқа түрлерінен және өздігінше білім алудан мынадай айырмашылығы бар. Ол белгілі бір жүйеде және жоспар бойынша, мұғалімнің басшылығымен өтіп жатқан бағдарлы мақсатқа бағытталған процесс болып табылады. Әрбір пәнді оқыған кезде оқушылар білімнің кейбір жиынтығын меңгереді және сол саламен байланысты белгілі іскерлік пен дағдыға ие болды. Іскерлік – деп іс жүзіндегі қимыл шәкірт алған білімнің негізінде жүзеге асырылатын және жаңа білім алуға алдағы уақытта ықпал жасай алатын әрекет деп айтуға болады.

Сонымен оқытуды ұйымдастырудың формасы ұғымының мәні «Оқыту» және «Ұйымдастыру формалары» деген категориялардың жиынтығы ғана емес, олардың синтезі болып табылады.

Педагогика тарихында ұлы педагогтардың тұжырымдары және оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдері белгілі. Оның дамып, жетілуі қоғамның қажеттілігімен сұраныстың талап-мүддесіне қатысты. Оқытуды ұйымдастырудың формалары бойынша жәктеледі:

- оқушыың саны мен құрамы
- жұмыс орны
- оқу жұмысының ұзақтығы

Оқыту процесінің әрқашанда мұғалімнің басшылығымен өтеді. Сын көзімен қарамаушылықтың нәтижесінде оқытудың әртүрлі формалары шетел педагогикасынан ауысып, мектептерде қолданылады.

Мектеп практикасының тарихында оқытуды ұйымдастырудың сыныптық оқу жүйесін зерделеу және қорытынды, сабақтың орнықты ғылыми теориясын жасауды алғаш рет қолға алған А.Я. Коменскии болды.

Я.А. Коменский «Ұлы дидактика» (1632) атты әйгілі еңбегінде сабақтың бір мезгілде басталуы; сабақтың белгілі бір уақыттағы; сабақ арасындағы үзіліс; топтағы балалардың саны мен жас шамасының біркелкілігі; материалды оқыту қарқынының бірдейлігі; сабақты белгілі бір ұйымдастырылған түрде өткізу мұғалімнің түсіндіруіне оқушылардың назарын аудару; оқушыларға сұрақтар қою, тақырыпты игеруін бақылау сияқты талаптарды қанағаттандыратын оқу сабақтарын өткізетін топтың түрінің тиімділігін және қажетті теория жүзінде негіздеді. Сыныптық оқу аталған топтық оқытудың осындай түрі кеңіннен таралып, нығая бастады және қазірдің өзінде жетілдіру үстінде.

А.Әбілқасымованың «Қазіргі заманғы сабақ» атты еңбегінде «Оқытуды ұйымдасырудың негіәзгі формасы » сыныптық – сабақтық жүйесінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсетеді:

жастары және дайындық деңгейлері біркелкі оқушылар бір сыныпты құрайды және мектептегі оқыту кезеңінде негізінен тұрақты құрамын сақтап қалады.

Сынып тұрақты кестеге сәйкес, бірыңғай жылдық жоспармен және бағдарламамен жұмыс істейді.

Сабақ оқудың негізгі бірлігі болып саналады.

Сабақ оқу пәніне, тақырыпқа арналады, Сондықтан сынып оқушылары сол материалмен жұмыс істейді.

Сабақта оқушылардың жұмысына мұғалім басшылық жасайды, ол аз пән бойынша оқу нәтижесін, әрбір оқушының мегеру деңгейін жекеше бағалайды және оқу жылының соңында оқушыны келесі сыныпқа көшіру туралы шешім қабылданды.

Оқудың сыныптық – сабақтық жүйесі осы кезге дейін әлем педагогтарын ойландырып келеді. Оның жетістіктері мен кемшіліктері дидактика жөніндегі көптеген оқу пәндерін оқыту әдістері жөніндегі көптеген іргелі еңбектерде сондай -ақ педагогикалық психологиялық өнімдегі еңбектерде жан -жақты талданған және сипатталған. Бұл еңбектердің авторлары оқытудың сыныптық сабақтық жүйесінің даралап оқытумен салыатырғанда бірқатар артықылықтарын және кемшіліктерін атап көрсетеді.

Сабақ теориясы мен практикасының жағдайын дәлірек анықтау үшін қазіргі бастауыш мектептің өзіндік келбеті бәрінен бұрын оқушыларды оқыту толыққанды қызметін және оқуға сұранысы мен ынтасын топтастыруға бағытталуы тиіс бұрынғыша тек қана пәнді білімді, оқу, жазу және есептеу білімі мен дағдысын меңгерумен шектелмеуі тиіс. Осыған орай, оқытудың барлық мазмұны, әдістері, құралдары сабақты оқыту процесін ұйымдастыру осы мақсаттарға жетуге ғана бағытталуы тиіс.

Оқытудың әдістемелік жүйесін жетілдіру процесінде оқытудың мазмұнын, әдістерін және құралдарын дамытуға бағытты күшейтудің әсерінен сабақ әдістерінің проблемасы өткір тұрды. Осы уақыттарда педагогтардың, психологтардың жүргізген белгілі эксперименттік зерттеулерінің арқасында бұрын қалыптасқан сабақ әдістемесі, оның мазмұны және ұйымдастыруы оқушыларды оқытудың жаңа талаптары мен міндеттеріне сай еместігі анықталады.

Сонымен жоғарыда аталған оқыту жұмысын ұйымдастырудың формаларының артықшылықтары мен кемшіліктерін келесі 3- сызбанұсқа арқылы көрсетуге болады.

Оқу жұмысын ұйымдастыру формаларын оқу процесінде пайдалану бастауыш сыныптарда өте тиімді. Сондай -ақ бастауыш сыныпта оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда және танымдық іс -әрекетін дамытуда оқытудың басқа да формаларын пайдалану ерекше мәнге ие болып саналады. Осыған байланысты келесмі тақырыпта оқу -тәрбие процесінде оқытудың түрлі формаларын пайдалану бастауыш сынып оқушыларының танымдық әрекетін дамыту факторы ретінде қарастырылады.

*****



# ТАРИХ ПӘНІН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**ИДИРИСОВА МЕРЕКЕ АБИЛХАЙРҚЫЗЫ**
**Түркістан облысы Ордабасы ауданы**
**М.Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін мектебі**
**Тарих пәнінің мұғалімі**

Тарихи үдерісті мектепте оқытудың түрі, тәсілі, құралдары ғылыми зерттеу тәсілдерінен өзгеше, алайда, жоғарғы сыныпта пайдаланылатын саналуан «зерттеу» тәсілдері жасөспірімдердің ғылыми зерттеу жұмысының алғашқы үлгілерімен танысуға мүмкіндік жасайды.

Егер тарих ғылымы тарих сабағының пәні ретіндегі мазмұнын анықтаса, педагогика ғылымы берілген тарихи білімдердің абстракциялану көлемі мен деңгейін айқындап берді. Сондықтан, тарихты оқытуда табысқа жету үшін сабақ беру іс-тәжірибесінде, нені және қалай оқыту керек деген проблеманы шешуде, әдістемелік зерттеулерде педагогиканың жетістіктерін ескеріп отыру керек.

Тарихты оқыту әдістемесі психологиямен де тығыз байланысты. Психология курсынан бізге оқушылардың танымдық қызметін ұйымдастырған кезде мұғалім нақты фактілерді талдай отырып, жалпылау және түсінік қалыптастыруға өтетіні белгілі. Бұл индуктивті әдіс деп аталады. Сонымен қоса, қазіргі заманғы психология балалардың тарихи материалмен мектептен тыс жерлерде де танысатынын ескертеді. Сондықтан, танымды ұйымдастыру дедукциялық әдіс, яғни, оқушыларды алдымен теориялық ережелермен таныстырып, соңынан барып фактілермен таныстыру арқылы да жүзеге асырылады. Сондай-ақ, оқушылардың танымында сезімдік және рационалдық қызметтерін ұйымдастыру қажет екендігін ескертеді, оқытудың көрнекілігін және оқушылардың белсенді ойлау қызметін талап етеді.

Тарихты мектепте оқытудың әдістемесінің міндеттері оның мазмұны мен педагогикалық ғылымдар жүйесіндегі орнына байланысты болады. Әдістеме мұғалімдерді тиімді тарихи білім беруге қажет оқытудың мазмұнымен және педагогикалық құралдармен, біліммен және іскерліктермен қаруландырады.

Мектепте тарихи білім берудің құрылымы мен мазмұнының проблемасы арасында факті мен теориялық тұжырымның арақатынасы, оқушы санасында тарихи түсінік және қоғамдық даму заңдарын түсінуді қалыптастыру, тарихи үдерістер мағынасын ашу маңызды орын алады.

Әдістеменің маңызды міндетінің бірі – оқушылардың ойлауын дамыту. Оқушылардың тарихи ойлауын дамыту, олардың ойлау тәуелсіздігін қалыптастыру міндеттері өздеріне сәйкес әдістер және оқу құралдарын қажет етеді.

Тарих курсында концентрациялық түрде адамзаттық өндірістік, әлеуметтік-саяси және адамгершілік тәжірибесі көрсетілген. Оқытудың әдістемесінің өзекті міндетінің бірі – тарихтың мектеп курсының тәрбиелік мүмкіндігін ашу, тарих сабақтарында тәрбиелеудің міндеттін тиімді шешудің жолдарын анықтау. Сөйтіп, тарихты оқыту барысында тәрбие беру, білім беру, дамыту мақсаттарын біріктіре жүзеге асыру.

Тарихты оқыту әдістемесі оқушыларға жаңа материалды меңгеру кезінде өздерінің бұрын алған білімдерін неғұрлым толық пайдалануға мүмкіндік беретін жолдарды іздестіреді, сондықтан, әр тақырып беретін білімнің өзектілігін іздестіру барысында курсішілік және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру проблемасы пайда болады.

Әдістеме мектеп тәжірибесін зерттеуге негізделеді. Әдістемелік зерттеулер бақылау және тәжірибе қою тәсілдері арқылы жүзеге асырылады.

Бірінші жағдайда зерттеуші оқыту үдерісіне ықпал етпейді, керісінше тарихты оқыту іс-тәжірибесіндегі жетістіктер мен кемшіліктер туралы білім жинақтайды. Оқыту іс-тәжірибесін талдау мынадай бөліктерден құралады:

Педагогикалық басылымдарда жарық көрген іс-тәжірибелерді оқып-зерттеу;

Оқыту нәтижелерін көрсететін құжаттарды, мұғалімдер баяндамасы, мәлімдемелері, оқушылардың жазба жұмыстары, сабақ конспектілері мен оны талдау хаттамаларын және анкеталарды оқып-зерттеу;

Оқыту барысын тікелей бақылау (сабаққа қатысу, мақсат, мазмұн, оқытуды ұйымдастыруды және басқаларын анықтау).

Тарихты оқытудың педагогикалық іс-тәжірибесін талдау әдістемелік зерттеуге материал береді.

Тәжірибе қоя отырып зерттеу кезінде тәжірибені жасаушы арнайы, белгілі-бір мақсатты көздеп оқыту үдерісіне кіріседі және зерттеу мақсатына орай оқу үдерісін қайта құрады, оның мазмұнына, құралдарына, оқыту тәсілдеріне жаңа өзгерістер енгізеді. Алайда, оқытудың үдерісінің кез-келген өзгертілуі барысында оның жалпы заңдылықтары әрқашан есте болуы тиіс.

жалпытарихи және әлеуметтік түсініктер жүйесін меңгеру оқушыларды тарихи даму заңдылықтарын түсінуге алып келеді. Тарихи даму заңдылығын ашу дегеніміз – тарихи құбылыстар мен процесстер арасындағы объективті, ішкі, маңызды, үнемі қайталанып отыратын байланыстырды анықтау деген сөз. Бұл байланыстарды анықтау үшін оқушы фактылық білімнің үлкен қорын меңгеруі керек. Сондықтан, тарихи даму заңдылықтарын түсінуді қалыптастыру ұзақ та күрделі болып келеді.

Тарихи үдерістің заңдылығын меңгеру үшін тарихи құбылыстардың арасындағы белгілі-бір байланыстар тобын анықтай алу керек. Оның алғашқысы – себеп-салдарлық байланыстар. Оны саналы түрде меңгеру үшін байланысқа түсуші әрбір түсінік пен құбылыс туралы және олардың байланысының себебі мен салдары, яғни нәтижесі туралы толық білім оқушы санасынан орын алуы тиіс.

Мысалы, мемлекеттің пайда болуын түсіндіре отырып мұғалім өзара байланысты образды фактілердің тізбегін құрайды. Яғни, еңбек құралының жетілуі, еңбек өнімділігінің артуы, артық өнімнің және бір адамның екінші адамды қанауының мүмкіндігінің, қарама-қарсы таптардың, мемлекеттің пайда болуы. Осы тақырыпқа байланысты кесте мектеп оқулығында бар, бірақ соның аппликациялық түрін сабақ үстінде оқушылардың көзалдында біртіндеп құру маңызды.

Мұғалім түсіндіруін тыңдап және көрнекі образдарды көре отырып, олар заңдылық тізбесінің әрбір бөлігінің кезектілігін тереңірек түсетін болады. Ең алғаш рет бұл схема Ежелгі Египет тарихы материалын меңгеру кезінде түсіндіріледі. Дәл осы тізбе Қосөзен және Грекия мемлекеттерінің пайда болуын түсіндірген кезде де пайдаланылады. Оқушылар бұл тізбені өзбеттерінше құрастыра бастаған кезде мұғалім тапсырманы күрделілендіреді. Индия мен Қытайдағы мемлекеттердің пайда болуын қарастыру кезінде (оқу жылының соңы, оқушылар нақты фактілік материалдың үлкен қорын жинақтаған, кесте тізбесінің кезектілігін меңгерген кез) мұғалім тізбе байланыстарының алғашқы және соңғы нүктелерін ғана көрсетеді де, қарастырылатын елдің нақты материалының негізінде еңбек құралының жетілуі мен мемлекеттің пайда болуы тізбесін оқушылардың өздерінің толық құрастыруын талап етеді.

Байланыстардың екінші тобы – аймақтық байланыстар. Мысалы, ежелгі дүние мемлекеттеріндегі табиғат жағдайы мен шаруашылық түрлері арасындағы байланыстар, адамзат қоғамының белгілі-бір бағытта дамуына оның географиялық жағдайының ықпалы және т.б. Тарихпен таныса отырып, оқушылар қоғам өміріне табиғат жағдайлары бірқатар ықпал етеді; ежелгі заманда адам табиғатқа тәуелді болады; табиғатты толық меңгергеннен кейін адам оны қорғай бастады деген қорытындыларға келеді. Жоғарғы сыныптарда экологиялық мәселелерге үлкен көңіл бөліне бастайды.

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ СӘЙКЕС ОҚУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

**Абдикашова Жанерке Мейрамовна**
**Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласы,**
**КМҚК «Жас терек» бөбекжайының тәрбиешісі**

Балалардың жас ерекшеліктерін есепке алу – оқыту және тәрбие мен жүйесіндегі негізгі принциптердің бірі. Оқыту және тәрбие беру ісінде осы принципті педагог әр уақытта басшылыққа алады. Баалалардың жас ерекшеліктеріне сай балбақшаның ішкі тәртіп ережелері, сабақ және тәрбие жұмыстарының кестелері, оқу жоспарлары мен бағдарламалы және тәрбие жұмысының бағдарламасы жасалынады. Осылардың негізінде балбақшада оқу және тәрбие жұмыстарының мазмұны, формалары мен әдістері балалардың жас ерекшеліктеріне сай іс жүзіне асырылады.

Оқу және тәрбие жұмыстарының барасында балалардың жас кезеңдерін еске алу қажетті шарттардың бірі.

*Кіші топ (3 жастан 4 жасқа дейін):*

Үш жастан бастап бала қызығушылықтың айқын және мағыналы көрінісіне ие болады, осы кезеңде бала өзін ерік-жігері бар жеке адам ретінде сезіне бастайды. Ми функциялары, психикалық функциялар қарқынды дамып келеді, мінезде өзгерістер болады.

3-4 жастағы балаларды тәрбиелеудегі тәрбиешінің басты міндеті -олардың эмоционалды және жағымды әл-ауқатын қамтамасыз ету, балалардың тәуелсіздігін көтермелеу және қолдау, пәндік-танымдық іс-әрекетте сенсорлық тәжірибені жинақтау.

Мектеп жасына дейінгі балалар, ең алдымен, бақылаушылар емес, «қайраткерлер». Сондықтан баланың балабақшада болуы әртүрлі істерге қатысуға мүмкіндік алатындай етіп ұйымдастырылады. Балабақшадағы кіші мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды бай және әр түрлі іс-әрекеттері барлық білім беру міндеттерін шешуге негіз болып табылады.

Ұйымдастырылған оқу қызметі «Денсаулық», «Таным», «Коммуникация», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім беру салаларын біріктіру арқылы іске асырылады.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 7-15 минутты құрайды.

Педагог баланың денсаулығының маңызды факторы физикалық белсенділік екенін білуі керек. Оған моторикалық белсенділігі, әр түрлі қызмет түрлерін өзгерту қажет.

Балалардың бір-бірін итермей, белгіленген қарқынға сүйене отырып жүру, жүгіру, секіру қабілеттерін қалыптастыруға баса назар аудару керек. Бұған педагог тікелей қатысып, сондай-ақ визуалды нұсқаулықтарды қолдану арқылы қол жеткізіді. Жүгіру ұзақтығын біртіндеп арттыру керек. Сонымен, оқу жылының басында баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру 20-30 секундқа созылуы мүмкін, жылдың ортасында 10 м қашықтыққа жылдам қарқынмен жүгіру беріледі.

Осы жастағы балалар доппен әрекет етуді үйренуді жалғастыруда. Педагог балаларға допты 70 см қашықтықтан лақтыруға үйретеді, ол біртіндеп 1 метрге дейін артады, сонымен қатар балаларға допты еденге лақтырып, ұстап алуға үйрету керек.

Педагог баланың сөйлеу дағдысын дамыту және сөздік қорын толықтыру үшін осы жасқа тән еліктеуге және ономатопеяға деген ұмтылысты ескеруі және қолдануы керек. Нәтижесінде ересек адамның сұрақтарын есту және түсіну және оларға жауап беру қабілеті қалыптасады.

3-4 жасар балалар ауа райы құбылыстары мен оның салдары арасындағы қарапайым байланыстарды түсіне бастайды. Тек қана өзі ғана емес, басқа да тіршілік иелері де тағам мен судағы қажеттілігі бар екенін түсінеді. 3-4 жасар балаларда құрастыру әрекеті әлі де ойынмен бірге ұштаса отырып жүргізіледі. Әр түрлі материалдарды қолдану барысында балалар олардың қасиеттері мен құрастырудың ерекшеліктерін танып-біледі.

Материалдардың қасиеттері мен жұмыс техникасымен танысу кезінде педагог балалармен бірге әрекеттерді кезең-кезеңімен көрсетеді және орындайды. Бұл жағдайда балалар үйренген әдістерді өз бетінше қолдануы керек, бірақ өз бетінше жұмыс жасамас бұрын оны талдап, бөлшектерді бекіту әдісі мен дәйектілігін көрсету керек.

Осы жас кезеңінде педагог баланы қоршаған әлемнің ерекшеліктері, оның мазмұндық ерекшелігі туралы түсінік беретін түс, композиция, эстетикалық талғам негіздерімен таныстырады. Білім беру процесін ұйымдастыруда педагог бейнелеу қызметінің қажетті технологиялық әдістерін қолданады.

Оқу жылы ішінде педагог отбасының басқа мүшелерінің есімдерін атай білуге, туыстары туралы айтуға, балаларды отбасы мүшелеріне құрметпен және қамқорлықпен қарауға үйретуі керек. Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас және өзара әрекеттесу ережелерін сақтауға үйрету: құрдастарына аты-жөнімен жүгіну, бір-бірін тыңдау, жақын жерде ойнау және бір-біріне кедергі жасамай, басқа адамға қамқорлық жасау.

Педагог әртүрлі әдістерді қолдана отырып, балалардың еңбекке деген қызығушылығын, отбасына, балабақшаға деген сүйіспеншілік сезімін дамытады, баланың өзін-өзі бағалауын қолдайды, балаға ересек адамның өз жетістіктеріне қуануға дайын екенін түсінуге мүмкіндік береді.

*Орта топ (4 жастан 5 жасқа дейін)*

4-5 жас аралығындағы кезең - орта мектепке дейінгі кезең. Бұл баланың өміріндегі маңызды кезең. Бұл бала денесінің қарқынды дамуы мен өсу кезеңі. Осы кезеңде баланың табиғаты айтарлықтай өзгереді, танымдық және коммуникативті қабілеттер белсенді түрде жетілдірілуде. Осы жастағы балалардың тек осы жасқа тән қаситтері бар. Бұл дегеніміз, ол әрдайым құрдастарымен бірге ортақ тіл табады. Құрбыларымен қарым-қатынас, әдетте, жағдайды көрсетеді. Ересектермен өзара әрекеттесу, керісінше, нақты жағдайдан тыс болып, аннотацияға айналады. Бала ата-аналарды жаңа ақпараттың жетілмеген және беделді көзі ретінде қарастырады, сондықтан ол көптеген түрлі сұрақтарды сұрайды.

4-5 жастағы әртүрлі психикалық үдерістер тез дамып келеді: есте сақтау, көңіл бөлу, қабылдау және басқалар. Маңызды ерекшелігі - олар саналы, ерікті: болашақта пайдалы болатындай ерікті қасиеттерді дамыту. Қазіргі уақытта балаға тән ойлау түрі визуалды-фигуративті болып табылады. Бұл, ең бастысы, балалардың әрекеттері практикалық, эксперименталды сипатта болады. Олар үшін көріну өте маңызды.

Ойын - әлі де бала үшін негізгі қызмет болып табылады, бірақ ерте жастан гөрі едәуір күрделі. Ойын рөлінің өзгеруі жас кезеңіне қарағанда, негізінене балада көптеген пайдалы жеке даралық сапалардың даму мен қалыптасу құралының қызметін атқаратынымен байланысты. Мектепке дейінгі баланың ойынында тәрбиелік функциясы баланың әртүрлі қажеттілігін қанағаттандыру құралымен, оның мотивациялық ауқымының даму қызметін атқарады. Ойында баланың жаңадан қызығушылықтары мен іс – әрекеттің жаңа мотивтері пайда болып, бекиді.

Мектепке дейінгі баланың ойынына: Тақырыптық рөлдік ойындар. 4-5 жас аралығындағы балалардың жас ерекшеліктері олар өздерінің құрбыларымен әңгімелесуге бейімделеді. Қыздар отбасылық және тұрмыстық тақырыптарды (қыз-анасы, дүкен) жақсы көреді. Балалар матростар, әскери, рыцарлар ойнайды. Осы кезеңде балалар бірінші жарыс ұйымдастырады, олар табысқа жетуге тырысады.

Мектепке дейінгі орта білім беру кезеңінде сөйлеу қабілетін белсенді дамыту. Дыбыс сапасын едәуір жақсартады, сөздік белсенді түрде өсіп, шамамен екі мың сөзге жетеді. Бала кішкене ертегілерді немесе әндерді құрастыра алады, қандай рифмаларды түсінеді және оларды пайдаланады. Жарқын қиял және бай қиял, баланың өз алдына қандай да бір рөлді таңдай алатын басы немесе қағаз бетіне толық үйірмелер жасауға мүмкіндік береді.

4 жастан 5 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту олардың дене, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық дамуына, денсаулығын нығайтуға, білім, білік және дағды негіздерін қалыптастыруға бағытталған.

Осы жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын игеру білім беру салалары арқылы оларды интеграциялау және пәндік-дамытушылық ортаны қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Топтың пәндік-кеңістіктік ортасы балалардың жеке кіші топтарда ойнау және айналысу мүмкіндіктерін ескере отырып ұйымдастырылады. Көрнекілік материалдар, ойыншықтар балалардың еркін жүруіне кедергі келтірмейтіндей етіп орналастырылады. Мектеп жасына дейінгі баланың уақытша жалғыздығы үшін орын беру керек, онда ол армандай алады.

Бұл жаста балалар қозғалыс нәтижелеріне, олардың дұрыс орындалуына қызығушылық танытады, жеңілдік, ырғақ пайда болады. Балалардың қозғалысқа деген қажеттілігі ашық ойындарда, тәуелсіз қозғалыс белсенділігінде, арнайы ұйымдастырылған сабақтарда жүзеге асырылады.

Білім беру іс-әрекеті барысында педагог балаларда әртүрлі түстерден, өлшемдерден тұратын көптеген пәндер туралы түсінік қалыптастырады, салыстыру негізінде олардың теңдігін немесе теңсіздігін анықтай отырып, осы пәндерді салыстыруға үйретеді.

Педагог балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, өсімдіктер мен жануарларға ұқыпты қарауды тәрбиелеу бойынша жұмысын жалғастыруда. Табиғат құбылыстарын бақылау негізінде балалар қарапайым байланыстар мен тәуелділіктерді құруды үйренеді (суық болды, су қатып, мұзға айналды және т.б.).

Педагог бұл жаста балалар жай көшіріп қана коймай (үлгі бойынша жұмыс істей алады), белгілі бір шарттар мен жоспар бойынша тапсырмаларды орындауға көшетінін, жеке жұмыстарын жалпы композицияға біріктіруді үйренетінін ескеруі керек.

Орта топта педагог балалардың айналасындағы әлемге, өзіне деген саналы көзқарасын қалыптастырады, ересектер мен құрдастарына қамқор, мейірімді қатынасты тәрбиелейді. Балаларды қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, әртүрлі эмоционалды жағдайды жеткізуге, қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету керек.

Бала жоғарыда аталған барлық дағдылар мен қабілеттерді экология бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті, қоршаған әлеммен, көркем әдебиетпен таныстыру арқылы, сондай-ақ режимдік сәттер процесінде ойын және еңбек қызметі арқылы біледі.

*Ересектер тобы (5 жастан 6 жасқа дейін)*

Алты жаста баланың денесі және психикалық дамуында бірқатар маңызды өзгерістер орын алады.

6 жасқа қарай балалардың қимыл-қозғалысы жігерленді және нақты болып, жеңілдік пен икемділікке ие болады. Балалар биіктікке және ұзындыққа сенімді секіреді, заттарды жігерлі түрде сермейді және лақтырады.

Бұл жаста қол саусақтарының қимылдарының дамығандығы соншалықты, бала өздігімен қағаздан түрлі пішіндерді – тік төртбұрыштарды, сопақшаларды, дөңгелектерді қайшымен қияды; сазбалшықтан ыдыс-аяқ, адам мен жануарлардың мүсіндерін жасап, бояу қарындаштармен және майлы бояумен еркін сурет сала алады.

Бұл кезеңнің жаңадан пайда болған маңыздысы – албырт және өзіндік ерікті мінез-құлық. Бала өзінің мінез-құлқын үлгімен салыстыра отырып игеріп және басқара алады. Еріктілік бала психикасының дамуындағы орталық желі болады.

Ішкі психологиялық өмірі мен ішкі өзін-өзі реттеуінің қалыптасуы – танымдық салада бірқатар жаңа құрылымдардың пайда болуымен байланысты.

5-6 жаста сөздік-логикалық ойлау қабілетінің күрт дамиды. Сол арқылы балада көзге көрінбейтін заттар мен құбылыстар арасындағы байланысты түсіну қабілеті қалыптасады.

Балалардың іс-әрекеттерінің күрделенуіне және олардың қимыл-қозғалыстарына байланысты назар жалпы ақыл-ой дамуында жоғары шоғырланушылық пен тұрақтылыққа ие болады, ойынның ұзақтығы 2 сағатқа дейін артады.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыру ойын және оқу-танымдық әрекет кезінде дербестігін тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Режимдік сәттер барысында ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің түрлері кезінде құрбыларымен және ересектермен қарым-қатынас жасаудың мәдени мінез-құлық дағдылары қалыптасады, денсаулықты нығайту бойынша іс-шаралар кешені жүргізіледі.

Аталған топта ұйымдастырылған оқу қызметі түрлеріне арналып бөлінген уақыт көлемі артады, бағдарламалық материал күрделене түседі. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті күннің алғашқы жартысында өткізіледі. Жұмыстың әдіс-тәсілдері баланың эмоциялық көңіл-күйі мен қимылына жағымды ықпал етуі тиіс.

5 - 6 жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту олардың денесін, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық дамуын, денсаулығын нығайтуға және білімін, білігін мен дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

Осы жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту мазмұнын игерту білім беру салаларын кіріктіру жолымен және заттық-дамытушылық ортаны қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Мазмұнды жабдықталған заттық-кеңістіктік-дамытушы орта әр баланы жан-жақты дамытуды ұйымдастырудың негізі болып табылады және әр бала өзінің ұнайтын ісімен айналысатындай етіп ұйымдастырылуы тиіс. Құрал-жабдықтарды бөлімдер бойынша орналастыру балаларға шағын топтармен ортақ мүдделеріне қарай (құрастыру, сурет, театрландырылған ойын әрекеті, эксперимент) бірігуге мүмкіндік береді. Бөлімдер танымдық әрекетті белсендіретін материалдармен жабдықталуы тиіс: дамытушы ойындар, техникалық құрылғылар мен ойыншықтар,үлгілер, тәжірибелік-зерттеу жұмысына қажетті заттар– магниттер, ұлғайтқыш әйнектер, серіппелер, таразылар, қолдан ойыншықтар жасауға арналған табиғи материалдар. Балаларды сауаттылықты меңгеруге ынталандыратын, әлеуметтік мүдделері мен танымдық белсенділігін дамытуға ықпал ететін материалдар кеңінен қолданылады.

*Әр түрлі жастағы балалар тобымен оқу-тәрбие үрдісінде жұмыс жүргізу:*

Әр түрлі жастағы балалар тобымен оқу-тәрбие үрдісінде жұмыс жүргізу тәрбиешілер мен әдіскерлерге қатысты болады. Мұндай топтағы оқыту мен тәрбиенің өзіндік қиындықтары бар, себебі тәрбиешілердің білім,біліктілері әр түрлі жастағы балалармен жұмыс жүргізе алу шеберлігін талап етеді.

Баланың психологиялық жас ерекшелігімен қатар, олардың жыныстық ерекшелігін ескерген жөн. Әр түрлі жыныстағы жас нәрестенің де даму үрдісі әр түрлі болады. Қыз балаларға қарағанда ер балалардың ми дамуы жедел болады. Ер балалардың математикалық және визуалдық ойлау қабілеттері жоғары болады, ал қыз балаларда вертуалды қабілеттері жетік дамыған. Сондықтан да қыз бала мен ер баланы оқытуды 4 жастан бастап қолға алған дұрыс.

Сол себепті педогог күнделікті сабаққа дайындалғанда балалардың интелектуалды-психологиялық қабілеттерін ескере отырып дайындалуы керек. Мектепке дейінгі шағын орталықтарда ғылыми әдістемелік негіздегі үрдіс әртүрлі жастағы әр топтағы тәрбиенің нақты шарттарының дұрыс болуын талап етеді. Кез келген жағдайда тәрбиеші топтың құрамын нақты анықтап соның ішінен 2-3 топқа бөліп,соған сәйкес оқу-тәрбие шараларын ұйымдастыруы керек.

Мақсатқа жетудің тиімді тәсілі жас ерекшеліктері сәйкестеу келетін балаларды топтастыру болып табылады. Мұндай жағдайда баланың максималды қабілеттерін ескерген дұрыс. Әр топтағы балалардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне жауап беретін ортақ тәртіп орнатылады, жеке жұмыстармен сабақтар өткізуге қолайлы жағдай жасалады. Әртүрлі жастағы топтарда оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың тиімді жақтары; әртүрлі жас балалар жұмыс жүргізу педогогқа қиын қатынас жасауға үлкен мүмкіндік береді. Әртүрлі топтағы жасы кіші балалар өздерінен үлкен балалардың айтқан кеңестері мен ескертулерін тыңдап, бірлесе жұмыс жасағанда олардың жетекшілігін қабылдап,олардың авторитарлық қарым-қатынасына кері әсер етеді.

Жасы кішілердің ересектермен үздіксіз қатынаста болуы, олардың достық қатынасы мен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады. Кіші жастағы балаларға ересектер ерекше үлгі бола алады. Балалардың тек бақылаушы болуын қамтамасыз ету тәрбиешіге жүктеледі. Әртүрлі жастағы топтармен жұмыс жүргізудің екі түрлі формасы бар; оқу және ойын, олардың негізгі мақсаты көп жақты тәрбие мен әр оқушының жеке дамуы.

**Ойын.** Ойын әр жастағы топ балаларының жетістіктеріне жетуге көмектеседі. себебі педогогпен баланың және өзара байланысын қамтамасыз етеді. Дидактикалық және интелектуалдық ойындарының маңызы зор,өйткені оларда өзін-өзі оқыту қолданылады. Ал дидактикалық ойындарда жеке оқыту және ойын қатар жүреді. Осыған сәйкес тәрбиеші балаларды оқыта ойнатады, ал балалар ойнай жүріп оқиды. Дидактикалық ойындарда әр түрлі жастағы балалармен жұмысты ұйымдастырудың жаппай ойнату маңызды орын алады. Әр түрлі жастағы топтың дамуында балалар дың үйлерінен әкелген ойыншықтары қолданылады,өйткені қарым-қатынастың жаңа қырлары пайда болады. Педогогикалық үрдіс кезінде ойыншықтың маңызы зор десекте оқытудың негізгі формасы сабақ болады.

**Сабақ.** Әр түрлі жастағы топтарда оқытудың жеке және топтың түрлері қолданылады. Мұндай әдіс педогогтың балаларымен және балалардың өз-ара байланысына зор үлесін қосады. Әр түрлі жұмыстың формалары бар (ұжымжық жұмыс, топтық жұмыс, жеке жұмыс).

Оқыту мәселесін жеке оқыту үрдісіне қолдануға болады (жаңа материалдар меңгерту, бекіту және толықтыру). Оқыту үрдісінің ұйымдастырудағы 4 түрлі жұмысты мысалға келтірейік.

Орта топпен және сәбилер тобында қолдану.

Оқыту үрдісін ұйымдастырудың түрлері:

I түрі сатылай оқыту:

Бірінші бөлімде орта топтың балалары бірінші жұмысты бастайды.

Жаңа тақырып меңгеріледі.

Жеке тапсырмалар орындалады.

Екінші бөлімінде сәбилер тобы жұмысқа кіріседі.

Олармен педогог жұмыс істейді,ал ересектер жұптасып жұмыс жүргізеді.

Үшінші бөлімінде барлық балалар бірге жұмыс жасайды.

II түрі Оқытудың сатылай аяқталуы:

Жұмыстың басталуы жалпы балаларға бірдей болады.

Бірінші бөлімінде Ойын жағдайы,дүниетанымдық бағыттағы сұрақтар ұйымдастыру кезеңі.

Екінші бөлімде сәбилер тобы жалпы оқытудың 15-20мин ғана қатысады, белсенді қатысу ересек балалармен жүргізіледі. Осыдан кейін сәбилер тобы жұмыстарын аяқтайды.

Үшінші бөлімінде әр түрлі үрдістерінде орта топ балалары қатысады: әңгімелесу, диалог, бірақ орта топтағы жұмыс жүргізу 20-25 минуттан аспау керек.

Педагог топтағы оқу тәрбие үрдісін ұйымдастыруда балалардың жас ерекшелігімен жынысы және жеке қабілеттерін ескере отырып барлығын қатыстыру керек. Педагогикалық үрдістің ұйымдастыруы бағдарлы жұмысқа ғана емес, сонымен қатар баланың қызығушылығы қажеттілігі және дамушылығына сәйкес болуы керек.

Әр жастағы топпен жұмыс ұйымдастырған кезде мынаны ескерген жөн:

- Әр жастағы топпен жұмыс істейтін тәрбиеші оқытудың мақсаты, міндеті мен мазмұның нақты анықтап алу керек.
- Бағдарлама оқытудың әрт түрлі тәсілдері арқылы жүзеге асады.
- Жеке оқытуда білім беру жүзеге асса, әр түрлі мәселелерді топтың арасындағы сабақта қолданған жөн.
- Әр жастағы топтық жұмыстың негізі сабақ болып қала береді. Топтарды біріктіре оқытқан кезде бір топтарының жұмысы екінші топтың балаларына кедергі келтірмеуі керек, біріктірілген сабақтарды бірдей және жақын тақырапта таңдап алған дұрыс.
- Сабаққа дайындалған материал әр топқа ортақ мазмұнда болуы керек. Себебі: ондай әдіс тәрбиенелушілердің арасында ойын ұйымдастыруға тиімді болады.
- Әр жастағы топта орындалатын тапсырма екі түрлі болады:
- Педогогиканың басқаруы арқылы.
- Дидактикалық ойындар және дидактикалық материалдар арқылы.

7.Оқу тәрбие үрдісін ұйымдастырғанда мектепке дейінгі жастағы оқушылардың жеке жас ерекшелігі мен жыныстық ерекшеліктерін ескерген жөн.

# ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИГРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ОБУЧЕНИИ ИНФОРМАТИКЕ

**АДЕШОВА ГУЛЬМИРА ДУЛАТОВНА**
**учитель информатики**

**НУРЖАЕВА ЗАУРЕ УСМАНОВНА**
**учитель информатики, зам.директора по УР**
**КГУ «ОШ им. Ж.Ташенева» г. Караганды**

Главной задачей любого образовательного учреждения была и остаётся задача «научить учиться». Сейчас появилась проблема: научить правильно и интересно. Дети, взбудораженные гаджетами, интернетом и помешанные на играх со скукой воспринимают обычный режим обучения. В первые годы работы в школе я не совсем понимала, а как же завлечь детей в процесс обучения, как стать для них «интересным учителем, который не только учит на уроке». Одним из основных решений проблемы повышения эффективности обучения и повышения уровня самостоятельности обучающихся является внедрение инновационных игровых технологий в весь учебно-воспитательный процесс. Игра является наиболее доступным и интересным для обучающихся видом деятельности, способом понимания и усвоения знаний, полученных из окружающего мира.

Феномен игры заключается в том, что, являясь развлечением, отдыхом, она способна перерасти в игру-творчество, в игру-обучение, в игру терапию, в игру-модель типа человеческих отношений и проявлений в труде.

Игра – это активное поле деятельности обучающихся, место общения со сверстниками. В игре обучающиеся объединены общими целями, для достижения, которых им необходимо объединить свои усилия. Использование игр в процессе обучения помогает детям, самим того не замечая, усваивать новый материал или закреплять ранее изученный, а также приносит моральное удовлетворение и повышение самооценки и мотивации обучающихся. Так как игра занимает огромное место в развитии, то она давно используется как педагогическое средство.

Игровые технологии отличаются от других педагогических технологий тем, что игра:

– привычная и любимая форма деятельности для человека любого возраста;

– способствует использованию различных способов мотивации: мотивы общения, моральные мотивы, познавательные мотивы;

– вызывает у обучающихся высокое эмоциональное и физическое напряжение, в игре значительно легче преодолеваются трудности, препятствия, психологические барьеры;

– требует и вызывает у участников инициативу, настойчивость, творческий подход, воображение, устремленность;

– позволяет решать вопросы передачи знаний, навыков, умений;

- способствует практическому применению умений и навыков, полученных на уроке;

– способствует усвоению учащимися учебного материала, расширению их кругозора через использование дополнительных источников;

– преимущественно коллективная, групповая форма деятельности, в основе которой лежит соревновательный аспект, развивает у учащихся коммуникативные качества, умение работать в парах и командах.

Игровые технологии на уроках информатики способствуют выполнению важных методических задач:

– созданию психологической готовности детей к освоению технологий обработки информации;

– обеспечению естественной необходимости повторения и закрепления ими материала;

– развитию логического мышления, творческих способностей;

– тренировке учащихся в выборе нужного программного обеспечения для обработки различного вида информации.

Игровые технологии повышают эффективность учебного процесса, уменьшают время на изучение учебного материала, превращают процесс обучения в творческое и увлекательное занятие.

В отличие от игр вообще педагогическая игра обладает существенным признаком четко поставленной целью обучения и соответствующим ей педагогическим результатом, которые могут быть обоснованы, выделены в явном виде и характеризуются учебно-познавательной направленностью.

Конечно, не стоит забывать и о минусах игр на уроке: шум, время (особенно если только начинаете практиковать), также не у всех детей есть гаджеты, поэтому нужно предупреждать их накануне о необходимости мобильного телефона или иметь возможность заменить телефон на компьютер.

Практикуя игры на своих уроках, могу сказать, что не все учащиеся любят и хотят играть. К сожалению, бывают моменты отрицания данного вида деятельности на уроке и нужно быть готовым к этому. Тут есть несколько мотивов: боязнь быть вторым, отсутствие командного духа. И всё же элементы игры можно использовать практически на каждом уроке. Фронтальный опрос для учеников шестых-седьмых классов можно сделать более привлекательным и интересным, если вопросы написать не просто на карточках, а, например, на карточках, предварительно спрятав их в разных местах кабинета. Далее даем направление и дети в поиске вопросов и ответов на них.

Таким образом, мы не только провели опрос, закрепили изученный материал, но и сделали небольшую физкультминутку. Для рефлексии на уроке можно предложить детям нарисовать своё настроение: на листочках или в графическом редакторе, а учащимся старших классов – создать модель своего настроения в 3D программах. На самом деле, вариантов очень много, главное подобрать своё и под себя.

При закреплении изученного материала можно использовать онлайн игры: http://compute-it.toxicode.fr/, https://codecombat.com/, а также хорошо воспринимается детьми игры на проверку изученного материала через сервисы https://kahoot.com/ и https://quizlet.com/.

1. «Compute IT». Учащиеся в онлайн режиме играют на сайте. Сайт предоставляет полностью бесплатную игру суть которой заключается в чтении программного кода. После завершения всех уровней игры у ребенка остается хорошая практика чтения некоторого кода компьютером. Это будет полезным навыком при обнаружении кода, написанного другими людьми. Дополнительным плюсом в этой игре считаю понятный, интуитивный интерфейс и представление команд и элементов программного кода на английском языке, что помогает вводить полиязычие на уроках информатики.

2. «Code combat» - это оригинальная игра по кодированию. Рекомендуется для всех возрастов и категорий людей: школьников, родителей, отдельных лиц, преподавателей и студентов, которые хотят сыграть в одну из самых любимых игр по программированию в мире.

3. Онлайн сервис «Kahoot»-это популярная обучающая платформа для проведения викторин, создания тестов и образовательных игр. На платформе доступно 2 режима: Study и Play. Дополнительно в каждом из этих режимов есть подразделы: режим Study Flashcards, Practice и Test yourself, режим Play Challenge и Host Life. Большим плюсом данной платформы наличие мобильной версии доступной как на Android, так и на IOS.

4. «Quizlet». Данный онлайн сервис помогает изучать иностранные слова по карточкам: на одной стороне слово, на другой – перевод (или картинка). Сайт и мобильное приложение воспроизводят и усиливают старую, проверенную мнемотехнику. Слова в Quizlet можно не просто учить, но и тестировать с помощью игр. Карточки можно создавать самому, что позволяет каждому учителю создавать задания для отдельного класса в зависимости от уровня обученности и подготовки, можно работать коллективно, в классах. Программа полностью переведена на русский язык и разобраться в ней очень легко. Как и в Kahoot тут можно использовать не только авторские задания, но и задания с общего доступа.

Интерес к предмету можно и нужно повышать, как раз используя различные способы и методы, но самым привлекательным для детей является занимательность, увлеченность, ожидание. И даже у самых слабых и маленьких обучающихся нужно вызвать интерес к предмету, используя на уроках игровые технологии. Увлекшись, ребёнок не замечает, что учится – он познаёт, запоминает новое, ориентируется в необычной ситуации, а потом рассказывает свои впечатления, делится достижениями и приходит с интересом на следующее занятие.

Дидактические игры развивают умение оперировать предметами и понятиями, помогают в развитии интеллектуальных способностей, памяти, мышления, сообразительности. Огромное влияние оказывает игра на учебную деятельность интеллектуально-пассивных обучающихся и на тех, кто испытывает трудности в обучении. Ученики в игре способны выполнить такой объем работы, который никогда не выполнят в обычной учебной обстановке.

При использовании игр на уроках развивается интерес детей к познанию нового, развитие их способностей. Результатами использования элементов игры на уроках являются:

– положительная динамика состояния эмоциональной сферы учащихся;

– положительная динамика состояния мотивационной сферы деятельности учащихся;

– положительная динамика состояния интеллектуальной сферы учащихся.

В этом случае работать учителю и учиться детям интересно. Ведь не только учитель учит ребенка, но и дети учат нас. И такое сотрудничество в классе – залог развития ребенка, его успехов. А это и является главной целью обучения и развития гармоничной личности.

**Литература:**

1. Коджаспирова Г.М. Педагогика. 2010 г.

2.Современные образовательные технологии: учеб. Пособие. Н.В. Бордовская. 2017 г.

* * * * *

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА БАУЛУ

**БАХТИЯРОВА БАҚЫТ БАКЕНОВНА**
**Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласы,**
**КМҚК «Жас терек» бөбекжайының тәрбиешісі**

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыстағы негізгі міндеттердің бірі – салауатты өмір салтына баулуды дұрыс жүргізу болып табылады.Салауатты өмір салтына баулу – жалпы тәрбиенің құрамды бөлігі. Ол денені жетілдіруге, яғни денсаулықтың, дене дамуының және дене әзірлігінің жоғары деңгейіне жетуіне бағытталған. Ол тәрбиенің басқа түрлері – адамгершілік, эстетикалық, ақыл-ой, еңбек тәрбиелерімен байланысты. Сондықтан да біздің елімізде салауатты өмір салтына баулу процесінде жалпы тәрбие мақсатынан туындайтын педагогикалық міндеттер де шешімін табады.

Дене мәдениет білімі – салауатты өмір салтына баулу салаларының бірі; ол арнаулы білімді, қимыл-қозғалыс дағдылары мен іскерліктерді меңгеріп қамтиды.

Салауатты өмір салтына баулу мәдениеті – жалпы мәдениеттің бір бөлігі, қоғамның адам денесін жетілдіру саласында қоғамдық — тарихи практика процесінде жиналған табыстарының жиынтығы. Салауатты өмір салтына баулу мәдениеті – салауатты өмір салтына баулу теориясының барлық ұғымдарының ішіндегі ең кең ұғым. Ол жоғарыда қарастырылған ұғымдардың бәрінің мазмұнын қамтиды.

Салауатты өмір салтына баулу теориясы – адам денесін жетілдіру процесін басқарудың жалпы заңдары туралы ғылым. Ол педагогикалық ғылымдар жүйесіне енеді, психологиямен және педагогикамен, спорттың жекелеген түрлерінің теориясы және методикасымен тығыз байланыста болады.

Салауатты өмір салтына баулу құзіреттілігі салауатты өмір салтын ұстану ниеті мен қызығушылығының артуына байланысты — қажетті гигиеналық шараларды, күн тәртібін орындау, қимыл-қозғалыс белсенділігін реттеу, қозғалысын жетілдіру сияқты әрекеттерден көрініс береді.

Салауатты өмір салтына баулу теориясы спорттың жекелеген түрлерінің жалпы және өзіндік заңдылықтарын спортпен айналысатындардың әр түрлі құрамындағылармен сабақтар оқу және өткізу әдістемесін талдап жасау кезінде ескеріп отырады. Мәселен, спорттың жекелеген түрлері бойынша жүргізілген зерттеулердің мәліметтері мектеп жасына дейінгі балалармен сабақ өткізу әдістемесін талдап жасауға көмектеседі.

Мектеп жасына дейінгі балалар салауатты өмір салтына баулудың теориясы тәрбиелеу және оқыту процесінде баланың дамуын басқарудың жалпы заңдылықтарын танып біледі.

Мектепке дейінгі жастағы балалар салауатты өмір салтына баулудың басты міндеті — балалардың өмір қорғау және денсаулық нығайту, организмін шынықтыру болып табылады.

Ал, жақсы денсаулық барлық органдар мен организм жүйелерінің нормаға сай жұмыс істеуімен анықталады.

Балалар денесінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұрады. Денсаулығы мықты адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетіне жемісті қатысуының маңызды кепілі.

Балалардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүлделі. Барлық балалардың дене жаттығуларын күн сайын ұйымдастыруына қолайлы жағдайлар жасау қажет. Әрбір оқу-тәрбие мекемелерінде жабдықтармен және құралдармен жақсы жарақталған спорт залдары мен алаңдары болуы тиіс. Балаларға дене жаттығуларынан беру мекемелердің базасы кеңінен пайдаланылуы керек.

Мектеп жасына дейінгі балалар салауатты өмір салтына баулу теориясының қазіргі кездегі проблемаларын одан әрі дамыту қоғамдық өмір талаптарымен байланысты.Өмірдің шапшаң қарқыны, ғылыми – техникалық прогресс, еңбектің алуан саласындағы сан түрлі шығармашылық іс-әрекет қабылдау, еске сақтау, ойлау процестерінің активтілігін, дәл және тез бағдарлауға және түсіп жатқан ақпараттар жауап қайтарудағы тудыруға деген қабілетті талап етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар салауатты өмір салтына баулу теориясының қазіргі кездегі проблемаларын одан әрі дамыту қоғамдық өмір талаптарымен байланысты.Өмірдің шапшаң қарқыны, ғылыми – техникалық прогресс, еңбектің алуан саласындағы сан түрлі шығармашылық іс-әрекет қабылдау, еске сақтау, ойлау процестерінің активтілігін, дәл және тез бағдарлауға және түсіп жатқан ақпараттар жауап қайтарудағы тудыруға деген қабілетті талап етеді.

Осыған байланысты сәби жастан бастап балалардың салауатты өмір салтына баулуды дұрыс ұйымдастыру, денсаулығын нығайту және жан-жақты дамыту, мектепке және алдағы қоғамдық өмірге дер кезінде даярлауды жүзеге асыру маңызды болып табылады.

Өркениетті ел қатарына қосыламыз, келешекте көш бастайтындай ұрпақ өсіреміз дейтін болсақ, тәрбие сырларын, тағылымдарын еш уақытта да естен шығармауымыз керек.

Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде калыптасады. Сондықтан, бала организмінің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады. Бұл міндеттердің маңыздылығы мынада: организмнің қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондай-ақ, баланың қозғалысын жетілдіру, қимылдық дағдыларып және дененің икемдігін, шапшандық, күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін калыптастыруға тұрмыста және салауатты өмір салтына баулу сабақтарында кажетті жеке және қоғамдық гигиена дағдыларын дамытуға баса назар аударылады. Мектепке дейінгі ұйымдардағы салауатты өмір салтына баулу балалардың ақыл-ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардын сергек, шат көңілді және белсенді болуларына мүмкіндік тудырады. Мектепке дейінгі ұйымдарда дене тәрбиесінің мазмұнды жүргізілуіне дене жаттығулары, табиғаттың сауықтырушы күші, гигиеналык және әлеуметтік - тұрмыстық факторлар қолданылады.

Қорыта келгенде, мектеп жасына дейінгі балалар салауатты өмір салтына баулу – балалардың оқуға деген ынтасын арттырудың маңызды құралы. Мектепке дейінгі ұйымның табалдырығын алғаш аттаған бала әлі ойын баласы. Сондықтан да, олар дайындық барысында ойынды көп қажет етеді. Оларға пайдаланатын дене жаттығулары мен ойындар балалардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніп отырады. Яғни, жасына байланысты балалармен ойналатын ойынның мазмұны жеңіл болады, ал жасы жоғарылаған сайын бұл ойынның мазмұны да күшейеді. Сондықтан ойынды балалардың жас ерекшелігіне және өтілетін сабақтардың тақырыбына, мазмұнына сай етіп таңдап алған дұрыс. А.С.Сухомлинский сөзімен айтқанда «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспеттес, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алуына жәрдемдеседі».

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ОЙЫН АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НЕГІЗДЕРІ

**БАКТИЯРОВА АЛТЫНАЙ БАКЕНОВНА**
**Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласы,**
**КМҚК «Еркетай» бөбекжайының тәрбиешісі**

Мектеп жасына дейінгі балалар болашақ қоғам иесі болғандықтан, дүниежүзілік мәдениетті танитын, өзінің төл мәдениетін білетін, сыйлайтын рухани дүниесі бай, жоғары саналы болуы міндетті. Ғасырлар бойы жинақталған тәжірибиесін, мәдениетін жас буынның бойына саналы сіңіру, қоршаған ортадағы қарым-қатынасын мінез-құлқын өмірге деген моральдік көзқарасын, бағытын дұрыс қалыптастыру тәрбиеге байланысты.

Тәрбие жөніндегі Аристотельдің пікірлері кейінгі дәстүрлерде педагогикалық ой-пікірлердің дамуына үлкен әсер еттті. Қазақстанда XIX-XY ғасырларда өмір сүрген қазақ ақын жыраулары (Асан Қайғы, Жиембет, Бұқар, махамбет және т.б.) өз толғауларында адамгершілік тәрбиелік мәні мол қанатты сөздерді, ұлттық дәстүрлерді жақсылық пен жамандық туралы сыр шерткен. Ізгі ниетті жан болуға шақырған. Адамгершілік тәрбиесі туралы Я. А. Каменский : «Егер егістікті отамайтын болсақ, егістікке қауіп төндірітін арам шөп өседі» Гере ағаш бұтақтары кесіліп отырмаса жабайыланады. Я.А. Каменский өз пікірлерін білдіре отырып, адамгершілік тәрбиесіне зор мән берген: «Балалардың қандай болып туары ешкімге де байланысты емес, бірақ тәрбие беру арқылы олардың жақсы болып шығу – біздің қолымыздағы нәрсе деген болатын ».

Д.Локтың педагогикалық пікірлерінде гумманизм және адамды силап құрметтеу элементтері орын алады. Оның пікірінше адамгершілік тәрбиенің нақты тәсілдері мен құралдары мынандай қағидаларға негізделуі тиіс: табиғатқа сәйкестігі, бала табиғатын жеке зерттеу және оларда даралық қатынас орнату: тәрбиедегі қаталдықты балаға сүйіспеншілікпен білдірумен ұштастыру.

И. И.Гербарт пікірінше, адамгершілік тәрбиенің мақсаты – мінез-құлықты қалыптастыру. Бұл тәрбие негізінен оқу арқылы жүргізіледі. Осыған байланысты адамгершілік тәрбиесі де оқу сияқты баланың салалы қызуғушылықтарымен адамгершілікті елестеулеріне негізделеді деп есептеді. Тәрбиеші тіптен тәртіпсіз баланың өзінен жақсы сапаларды ойын арқылы іздестіруі тиісті деген идеясына біздер қосыламыз.

Адамгершілік тәрбиесі туралы ой-пікірлер, толғаулары осы күнде де өз жалғасын тауып келеді. Олай болса қазақтың ұлттық ойындарын үйрету арқылы жас ұрпақ адамгершілік асыл қасиеттеріне: ар-ұят, сыпайыгершілік сақтауға, еңбекті қадірлеуге, қайырымдылық, рақымдылық, жолдастыққа, жерін елін сүюге тәрбиелеу проблемалары Т. Қуанышев., Г. Нұрқанова., А. Асарбаева., Ә. Наурызбайқызы., А. Табілдиев., А. Тұрабаев т. б. Зерттеулерін де қарастырылды. Баланың бүкіл өмірі ойыншықпен байланысты екенін білеміз.

Ойыншық – әдейі балалар ойынына арналып жасалған зат. Біздің ойымызша, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан қарастыратын болсақ, ойыншық бала өмірінің мәнін толықтыруға соның негізінде тезірек есейюге ықпалы тигізеді (ой-өрісін кеңейтеді, бейнеленген заттармен өмір құбылыстарына деген ықпалын тәрбиелейді, дербестігін дамытады, өзара қарым-қатынастарын өз іс-әрекеттерін үйлестіру қабілеттерін дамытады).

Сонымен мектеп жасындағы баланың дамуымен тәрбиесінде біріншіде ойынға ерекше мән беріледі, себебі ойын бала өміріндегі негізгі іс-әрекеттің түрі болып табылады, екіншіден жеке тұлғаның қалыптасуын еріктік қасиет саналады дамытудың құралы болып табылады. Ойын адамгершілік тәрбиенің негізгі әдісі.Оған қысқаша мынандай сипаттама береміз.

Үлгі ету-адамгершілік тәрбиенің негізгі әдісі. Адамгершілікке тәрбиелеудің әдісі ретінде басқа әдістермен бірлікте ойын барысында елеулі рол атқарады.

Түсіндіру – барысында балалардың тәртібіне қойылатын талаптарды, үйрету, тікелей нұсқау беру түрінде өтеді.

Сендіру-баланың санасына,сезіміне,еркіне мақсат көздей отырып,ойын арқылы жағымды әдеттерге,қасиеттерге баулиды.

Адамгершілікке тәрбиелеуде баланың ойын-әрекетін мақұлдау әдістері қолданылады.Мұнда педагогиканың адамдарға барынша талап қою және оны барынша құрметтеу сияқты жалпы қағидаларына сүйенеді. Мақұлдау баланың жақсы іс істесек деген тілегін тудырады,бірақ бұл тілек күйінде ғана қалып қоймай,баланың ой-әрекетіне,мінез-құлық тәртібіне ауысуын қамтамасыз ету керек. Мақұлдың қарапайым түрі-іс-әрекет дұрыстығын қолдау.

Кіналау – ықпалды әдіс,кіналау әділ болмаса баланы ренжітіп жасытады. Бұл да мақұлдау сияқты дер кезінде қолданылмаса,балада нашар мінез-құлықтың әдеттке айналуына себеп болады,кіналаудың түрлері-ескерту,сақтандыру,сөгу. Ескерту баланың жасаған кемшілігін оңай жөндеуге болатын кезде қолданылады.Бірақ оны жиі қолданылса,тәрбиелік ықпал күшін жояды,себебі бала оған бала үйреніп кетеді.

Н.К.Крупская,А.С.Макаренко балаға берілетін еңбек, ақыл-ой, адамгершілік тәрбиелері бір бағытта болуын,еңбек сүйгішттікке тәрбиелеудегі ойынның мәні мен маңызын, олардың өзара тығыз байланысты процесс екенін айқындап мынадай қағидаларды ұсынады: ұстамдылық, баланың жеке басын құрметтеу, талап қою, сезімге, санаға ықпал жасау. Батылдықты тәрбиелеудің тамаша құралы – ойын, ол өз ролін игеруге тырысады. Ойын барысында ұялышақ балаларда батыл болып келеді. Батылдыққа тәрбиелеуде ата-аналардың батыл адамдарға құрмет сезімін тудырып, еліктеу ниетін ұштайды. Тәрбиешінің батылдыққа үлгісі де әсерлі ықпал етеді. Баланы батылдыққа баулуды теріс тәрбиеден пайда болған қорқыныш тудыратын негізсіз себептерді жою тәжірибиесін кеңейту үлкен рол атқарады. Балалардың табандылығын, мақсаттылығын, шешімділігін, белсенділігі батылдығын тәрбиелеумен қатар, олардың ұстамдылығын, өз-өзі тежей білу қабілетін тәрбиелеуде маңызды. Ұстамдылықты тәрбиелеу дегеніміз – бала өзінің талап-тілегін, сезімін, мінез-құлықын, тәртібін меңгере білу, өзін-өзі алып жүре білу қабілетін тәрбиелеу. Ол үшін баланың қырсық мінезін түзету керек, әрине баланың қырсықтығын бұйрықпен жазалау емес оны тәрбиелеумен баланы ерік қайратын мұқалтпай жеңу абзал. Кейде балалнық қырсық қыңырлығын басқа нәрсеге ойынға зейін аудару арқылы жеңуге болады.

Бұл қағида адамды құрметтеуге және оның адамгершілігін бағалауға негізделген, оны тәрбиеде қолдануда тәрбиешінің мейірімділікті балалардың жеке ерекшеліктерін, дамуу мүмкіндігін ескере отырып, ойын кезінде талап қоя білумен ұштастыруынан көрінеді. Ал бұл балалардың ынта жігерін басып тастамай, адамгершілік мінез-құлықтың тәртіптіліктің негізін қалыптасырады.

Адамгершілік мінез-құлықтың тәртіптіліктің негізін қалыптастыруға топта орнатылған тәртіпті құрметтеуге мүмкіндік береді. Адамгершілік тәрбиелеу мақсатын ойын арқылы жүзеге асыру үшін бірнеше мынадай принциптерге сүйендік балаларды ұжымда тәрбиелеу қағидасы балаға талап кою онйың жеке басын құрметтеу. Сезімге, сапаға және мінез-құлыққа талап жасау бірлік қағидасы.Балалар бақшасында мектепте және отбасында балаға қойылатын талаптардың жүйелігі, бірізділігі және бірлігі. Жеке – дара тәсіл қағидасы. Педагогикалық процесте тәрбиешімен баланың арасындағы тұлғалық бағдарлық ойын арқылы өзара әрекеттестік, ынтымақтасатын қағидасы.

Қорыта келгенде, адамгершілік тәрбиенің жүйелі жоғарыда аталған мақсат, сезім, сана, талап, ұжыммен (қағидалары) анықталады. Балалар бұл қағидаларды күнделікті өмір сүру барысында және ойынды қабылдап, дағдыланады. Дегенмен, адамгершілік, қағидаларды ережелер моралдық өлшемдер мәңгілік, бірақ та кейбір адамдар да нақты байқалады, ал біреулер бұл қағиданы ескермеу мүмкін. Ал, бірақ мұндай бала жеке тұлға субьект ретінде өзін ойын кезінде танытуға ұмтылатын, өзін іс-әрекетте қалыптастыруға бағыттайды.

**Пайдаланатын әдебиеттер:**


- Отбасы және балабақша // ұлттық ойындарды ұмытпайық 1990 20б.
- Отбасы және балабақшада баланы мектепке дайындау бағдарламасы. Алматы, 2000ж.
- Әмірова Ә. Балаларды әдебиет арқылы адамгершілікке тәрбиелеу Алматы 1988ж.
- Габбасов с. Халық педагогикасының негіздері. Монография 1995.
- Қалиев С., Айтманбетова Б., Бейсенбаева А., метептегі тәрбие жұмысынң теориясымен әдістемесі алматы 1999ж – 151б.

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДА ҚОЛДАНАТЫН ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

**ҚАЛЫҚБЕРГЕН ЛӘЙЛӘ СОЦИАЛҚЫЗЫ**
**Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласы,**
**КМҚК «Жас терек» бөбекжайының тәрбиешісі**

Тәрбиеші педагогтер кіші мектеп жастағы балалармен жұмыста шағын фольклор түрлерін (тақпақтар, жұмбақтар, санамақтар, өлеңдер, қысқа ертегілер) қолдану ұсынылады.

Шағын фольклор түрлері бала еститін, алғашқы көркем шығармалар болып табылады. Бұл жаста балалар жылдам айтылған сөзді қабылдай алмайды, сондықтан балаға әрбір сөздің мағынасы түсінікті болуы үшін, тақпақтар, өлеңдер, жұмбақтар, санамақтар асықпай, анық оқылады.

Бала назар аударып және оны есінде қалдыруы үшін, сөйлемдегі басты сөзді нақты бөліп алып, логикалық, психологиялық және ырғақты үзілістер сақталуы тиіс. Шағын фольклор түрлері бала өміріне нық енуі үшін, оның мазмұнын түсінуге көмектесу керек. Тек оқып, ән айтып беріп қана қоймай, эмоционалды көңіл-күй тудыруда, оларды қандай түрде түсіндіруге болатынын ойластыру қажет.

Тәрбиешінің халықтық - қолданбалы өнер заттарын және қазақтың халық музыкалық аспаптарын (домбыра, қобыз және т.б.) қолдануы өте әсерлі болады. Шағын фольклор түрлері көп жағдайда өзіне - өзі қызмет көрсету және гигена дағдыларын қалыптастыруда қолданған абзал.

Еңбек әрекетін көрсетуді тақпақтармен, әнмен және т.б. сүйемелдеуге болады. Тақпақтардың көмегімен балаларды режимдік сәттер барысында жағымды қарым-қатынасқа тәрбиелейді: жуыну, шашын тарау, тамақтану, киіну және т.б.

Тақпақтарды әр түрлі әдістермен ойнап, көрсетуге болады: оқып отырып, ойыншықтың әрекетімен сүйемелдеу, саусақ театрын, би-ба-бо қуыршақтарын, бас киімдерді, әр түрлі кейіпкерлердің маскаларын қолдану. Осылай көрсету арқылы балалар тақпақтарды тез есінде сақтайды. Сондай- ақ, балалар оларды өздері ойнауға үйренеді: тақпақ кім туралы айтылса, соған байланысты әрекет жасау, түлкі сияқты қозғалу, аю сияқты сөйлеу, қоян сияқты секіру.

Дұрыс таңдалған тақпақ баламен байланыс орнатуға, оның сезімін оятуға көмектеседі. Тек қана эмоционалды байланыс орнатып және топта қолайлы ахуал құра отырып, балаларға жақсылық пен жамандық, сұлулық, шындық, батылдық, еңбексүйгіштік және адалдық туралы түсінікті сіңіруге болады. Тақпақ баланы әлемге енгізеді, өмір сүруге үйретеді.

Балаларды тәрбиелеуде әндердің алатын рөлі ерекше. Әндерде халықтың ежелден келе жатқан асыл арманы бейнеленеді. Әнде сұлулық пен мейірімділік бірге айтылады. Халық жырлаған мейірімді батырлар тек ер жүрек, батыл, қайырымды ғана емес, сұлулықтың тұлғасы ретінде көрсетіледі. Халық әндері өзіне ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, тек қана қайырымдылыққа, адам бақытына бағытталған.

Жұмбақтар - фольклордың ең қызықты жанрларының бірі. Жұмбақ жасыру, яғни оны шешу үшін белгісізді ойлап табу. Жұмбақтар балалардың ой-өрісін кеңейтеді, оларды қоршаған ортамен таныстырады, білуге құмарлығын, байқағыштығын, есте сақтауын, ойлауын, тапқырлығын, қиялын дамытуға ықпал етеді. Олар затты бөліктері бойынша тануға (түлкінің құйрығы сары, керіктің мойыны ұзын және т.б.) көмектеседі. Жұмбақ балалардың тапқырылық, шапшаңдық сияқты дағдыларын дамытады. Оларды шешу білімнің барлығын тұспалдайды, дүниетанымын кеңейтеді, балаға қуаныш сыйлайды. Педагогтер тақырып мазмұны бойынша жұмбақтарды қолдануы керек.

Санамақтар халық ойындарымен тығыз байланысты. Санамақтардың міндеттері ойынды дайындау және ұйымдастыруға көмектесу, рөлдерді бөлу, ойынның басталуы үшін кезекті тағайындау. Санамақтың халық даналығы көптеген тәрбие міндеттерін шешуге көмектеседі. Сонымен қатар, балалар санамақ арқылы өлең ұйқастарын жеңіл меңгереді. Санамақты бірнеше рет қайталау сөйлеудің дыбыстық мәдениетін меңгеруге көмектеседі.

Кіші мектеп жасындағы балаларды алғашқы ертегілермен таныстырады. («Шалқан», «Бауырсақ» және т.б.).

Ортаңғы топта тәрбиеші балаларды халық шығармашылығының туындыларымен таныстыруды жалғастырады және ең алдымен ертегілермен, жаңылтпаштармен таныстырады.

Ертегілер кіші және ортаңғы мектеп жасындағы балаларға жақсы таныс. Олар балалар өміріне берік енді. Өзінің мазмұны бойынша, ертегілер кішкентай балаға түсінікті, оның ойлауы мен түсінігіне жақын. Ертегі балаларда сүйіспеншілік және жарқын бейнелерге қызығушылық, оқиғаларға қызығушылық, шексіз қиял мүмкіндігін туғызады. Балаларға еңбек, заттар, техника, табиғат туралы танымдық ертегілер қызықты. Ертегілерде халықтың өмір шындығы ашылып айтылады. Көркем бейнелердің жарқын көрнекілігі, композициялардың қарапайымдылығы, ертегілер тілінің байлығы халықтың идеясын, оның қайырымдылық пен зұлымдық, шындық және әділетсіздік, адамның сұлулығы туралы ұғымын баланың терең және тұрақты қабылдауына ықпал етеді. Ертегілер бала тұлғасын дамытады, оның қиялын оятады, армандауға үйретеді.

Әрбір жаңылтпаштың құпиясы мен тартымдылығы оның қайталанбайтын дыбыспен сөздің үндесуінде болып табылады. Жаңылтпаштар баланы сөз таптары мен сөз бөлігін дұрыс, саналы айтуға жаттықтыратын, сөз ойлап табуға үйрететін грамматикалық пайдалы жаттығулар болып табылады. Жаңылтпаштар баланың сөйлеуін дамыту үшін қолданылады. Олар әрбір дыбыстың нақты айтылуын қадағалау білігін дамытуға ықпал етеді.

Ересек топта тәрбиеші қазақтың халық ауыз әдебиетіне арналған, ұйымдастырылған оқу қызметін жоспарлайды. Фольклормен танысуды мақсатты түрде серуенде жалғастыру, балалар тәрбиешінің айналасына отырады және оларға ертегі айтады, жұмбақтар жасырады, балалармен бірге халық әндерін орындайды және халық ойындарын ойнайды.

Халық әндерін еркін драмалауды өткізу пайдалы және өте қызықты. Ересек топта балалар алғаш рет мақал-мәтелдермен танысады.

Педагог, халық жалқаулықтан жиренетін, қайраттылықты, қарапайымдылықты, еңбексүйгіштікті үлгі ететін қысқа нақты ой-тұжырымдар жасағандығын айта келе, мақал- мәтелдерді орынды қолдануға болатындығын түсіндіреді. Балаларды мақал - мәтелдермен таныстыру қоршаған ортамен танысу және сөйлеуді дамыту бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бір бөлігі болып табылады.

Мектеп алды даярлық сыныптарында (топтарында) балалар фольклор туындыларымен таныстыруды жалғастырады. Мақал және мәтелдермен танысуға ерекше орын беріледі. Тәрбиеші тек қана олардың мазмұнын, жасырын мағынасын, мүмкін болатын қолдану нұсқаларын түсіндіріп қана қоймай, сол немесе басқа мақал-мәтелдерді орынды дұрыс қолдануға үйретеді. Балаларды тек ғана қазақ халқының ғана емес, басқа да ұлттардың мазмұны бойынша терең ұлттық эпосы (аңыздар, әңгімелер) туындыларымен, халық әндерімен таныстыруға болады.

Әр түрлі қызмет түрлерінің ішінде, мектеп жасына дейінгі балаларға зор тәрбиелік және білімдік маңызы бар ойын болып табылады. Қазақтың ұлттық ойындарын мектеп жасына дейінгі баланың ақыл ойын дамыту құралы ретінде қарауға болады.

Қазақ халқының ұлттық ойындарының мазмұнында баланың дүниетанымын әлем, ел, туған халқы туралы ұғымдармен нақтылап, жеткілікті дәрежеде кеңейтетін танымдық материалдар жеткілікті. Олардың ішінде әсіресе қазақтың халық ойындары «Көкпар», «Түйілген орамал», «Айгөлек», «Арқан тарту», «Тақия тастамақ», «Ақсерек-көксерек», «Аударыспақ» және т.б. танымал, онда ұлы адамдардың және батырлардың өмірінен кейбір үзінділер, қоршаған ортаның құбылыстары, табиғаттың ерекшеліктері, үй және жабайы жануарлардың қылықтары келтірілген. Сондықтанда осы және басқада ойындар балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруда, жаңа білімді алуда, оларды меңгеру мен қолдануда маңызы зор.

Балаларды эстетикалық тәрбиелеуде барлық педагогикалық және балалар ұжымы қатысатын мерекелердің орны ерекше. Олар балаларда қуанышты сезімдер туғызады, әр түрлі көркем әрекеттерде шығармашылық бастамашылдық танытуға мүмкіндік береді және олардың есінде терең із қалдырады.

Мереке – бұл күнделікті жағдайды жарқын, қуанышты, салтанатты сәтке ауыстыру. Мерекелердің басты тәрбиелік ықпалы, негізгі идея жарқын эмоциялық құралдар көмегімен балаларға дейін бейнелі түрде жеткізілумен түсіндіріледі. Әрбір мерекенің мазмұны балаларды эстетикалық сезімге жетелейді, олардың талғамын қалыптастырады. Сондықтан да мерекедегі әрекеттің алуан түрлерінің үйлесімділігін мұқият ойластыру керек.

Бір тақырыпты ашуда бірін бірі толықтыра отырып, олар балаларға мерекенің эмоционалдық іс-әрекетінің күшін көбейтеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда Наурыз (Жаңа жыл) мейрамын атап өту жақсы дәстүр болып, қазақтың ұлттық мерекелерінің ішінде құрметті орын алады.

Наурыз мерекесі күн мен түннің теңесуі - 22 наурызда атап өтіледі. Бұл күні топтар безендіріледі, балалармен әндер, өлеңдер айтылады, билер биленеді, қойылымдар қойылады, халық ойындары өткізіледі. Наурыз мерекесінде дәстүрлі ұлттық тағам «Наурыз көже» дайындалады. Халықтық дәстүр бойынша оған бидай, тары, сүр ет, бұршақ, сүт, су, тұз сияқты кем дегенде жеті түрлі азықтық заттар міндетті түрде қосылуы тиіс.

Балаларды ұлттық мәдениетке тарту олардың патриоттық сезімі мен рухани дамуын қалыптастырудың құралы болып табылады. Балалар ерте жастан бастап олар ұлы қазақ халқының бөлігі екендігін білуі керек.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**


- Қазақ этнопедагогикасы- тәрбие бастауы. (әдістемелік құрал Астана 2011ж)
- А.Бәделқызы халық қазынасы Астана 2012ж
- Алпысбаев Т. «Қазақ халық әдебиеті» Т.3; Ертегілер. Алматы, «Жазушы» 1975ж. 135-1846.
- Айдашаев А. «Қазақ халық әдебиеті» Ертегілер.


* * * * *

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫНДА ІСКЕР ОЙЫННЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ ОРНЫ


**МУЗАПБЕРОВА ГОЗЕЛ РАМАЗАНОВНА**
**Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласы,**
**КМҚК «Еркетай» бөбекжайының тәрбиешісі**


Іскер ойындар біздің балабақшаның әдістемелік жұмысында кеңінен пайдаланылады. Іскер ойынды өткізуге алдын -ала дайындық керектігіне қарамастан, педкеңестер және кеңестерде іскер ойынның элементтерін енгізеді .

Педагогиалық кеңес- іскер ойын- үйрету үлгісі , онда қатысушылар айқын ролдермен анықталады. Іскер ойын талдауды және адам қарым -қатынасының күрделі мәселесін шешеді, зерттеуде маңызды болып тек дұрыс шешім ғана емес сонымен қатар қатысушылардың тәртібі, қатынас жүйесі, сөйлеу мәнері, ымы назарға алынады.

*Іскер ойынның - педагогикалық кеңеске арналған негізгі шарты.*

- педагогикалық ұжым шешетін мақсат және мәселенің болуы;
- нақты жағдайға еліктеу, ойын рольдерінің болуы және оларды ойынға қатысушыларға тағайындау (көбіне әлеуметтік рөлдер: педагог, балалар, ата-аналар, әкімшілік, басқару органдары т.б.);
- қатысушылардың пікірі, қызығушылықтардың нақты айырып тануы;
- ойын ережесін және жағдайын сақтау;
- ынталандырудың болуы, жарысу
- қоғамдық белсенділікте, тек сараптама бағалау және ұжымдық үлес, ойын әрекетінің қоғамдық қорытынды бағасы.

Іскер ойынның бір формасы- «миға шабуыл». Айқынды мерзімде немесе мәселе бойынша ұжымның қортындысын келтіруге пайдаланылады. Бұндай педагогиклық кеңесте маңызды орын топтық әрекет. Ұйымдастырушылр сценарииді ойластыру керек , рөльдерді, тапсырманы, айқындап, регламентті есептеу керек. Қатысушылар қойылған сұрақтарды талқылайды, мақсатын және міндетін жасайды, педкеңес шешімінің негізіне жататын бағдарлама құрайды.

Іскер ойындар небір жағдайды «бастан өткізу», оны тікелей әрекетте үйрену. Іскер ойындар түрлі жағдайды үлгілеуге, ұсынылған моделдер арқылы әркетті әдістерін жобалайды, нақты тәжірибелік мәселені шешу бойынша жүйелі теориялық білім үрдісін көрсетеді.

Іскер ойынды әдістемелік жұмыста пайдалану педагогтың белсенділігін көтереді, нақты мәселенің шешімін жетілдіре біледі, кәсіби шығармашылық ойлауды қалыптастыруға әрекет жасайды.

*Сонымен, іскер ойын рөлін келесі параметрлерге бөлуге болады:*

Іскер ойындарда басқару шешімін қабылдау нақты бір рөлді орындайтын оның қатысушыларымен жүргізіледі, түрлі рөлдер сәйкес болмағандықтан, шешім дау-жанжал жағдайда шешуге тура келеді;

Іскер ойындар өткізу оқытудың ұжымдық түрі болып есептеледі, ойын қорытындысында ұжымдық пікір қалыптасады.

Іскер ойында арнайы құралдармен ойыншылардың эмоционалдық күйге келтіруі құрылады, зерттеу мәселедегі шешімге енуге белсенді көмектеседі.

Егер, педагогтардың проблемма бойынша жеткілікті білімі болса іскер ойын нәтижелі болады, ол ойында көрінеді. Іскер ойын алдын ала үлкен жұмысты талап етеді, ол жерде педагогтар түрлі білім үлгісімен керекті әдіс және тәсілдер алады: көрнекі үгіт, мәтіндік көрмелер, кеңес, талқылау. Егер осындай алдын ала жұмыс жүргізілмесе онда шараның бір бөлігі алған проблемма бойынша проблемманы бекіту сияқты болып бұрылып кетеді.

Алдын ала проблема бойынша сұрақтармен 2-3 сұрақтар дайындалады.

Үстелдерді 2 немесе 3 командадаға арнап қою керек (жетекшісінің қарастыруына байланысты) іскер ойынның командасында 4-5 қатысушыдан. Педагогтар үстелді жағалай отырады, осыған орай қатысушылардың командасы анықталады. Команданың біреуі - <u>төреші сарапшысы</u> – бұл ұсынылған мәселе бойынша неғұрлым құзыретті педагогтар.

Әр командаға карточкалар беріліп , капитан таңдалады, ол команданың жалпы шығуына айтады, тапсырмамны орындай отыра, шешімді дайындауға уақыт беріледі, одан кейін жауаптары тыңдалады. Жауаптар реті капитандардың жребимен анықталады. Әр жауап беруші топқа 3 қосымша беріліп, мадақтау балл қойылады, ол жалпы ұпайлардың есебіне кіреді. Ойынның соңында – ең жақсы (толық, дәлелді) жауапқа жеңімпаз анықталады.

***Іскер ойындар келесі түрде болады:***

- еліктеу, келесі талдаумен көшіру жүргізіледі.
- меңгеру, бұл жерде нақты басқару қызметі елестетіледі;
- зерттеуші, ол ғылыми-зерттеу жұмыспен байланысты, ойын үлгісі бойынша нақты бағыттар бойынша әдістемелер үйретіледі.
- ұйымдастырылған әрекет . Нақты мәтін бойынша белгісіз қызметті құрастырады.
- ойын –тренингтер. Дағдыны бекітетін жаттығулар.
- жобалау ойындары, бұнда жеке жоба құралады, бір әрекеттің алгоритмі, ұсынылған жобаның қорғалуы және қызмет жоспары жүргізіледі. Жобалау ойынның тақырыбы болуы мүмкін: «Қорытынды педкеңесті қалай өткізуге болады?» (ата-аналар жиналысы, практикалық семинар т.б.)

Іскер ойынды ұйымдастырып және жүргізгенде ойынның жетекшісінің рөлі түрлі болады – ойынға дейін ол нұсқаушы, оның өту үрдісінде – кеңесші, ақырғы деңгейде – талқылау жетекшісі.

Ойынның негізгі мақсаты – оқыту –тәрбиелеу үрдістің тірі құрастыруы, педагогтардың тәжірибелік білімін нақты қалыптастыру, мазмұнды жаңартуға неғұрлым тез қалыптасу, өзіндік даму мәдениетіне қызығушылығын қалыптастыру; педагогикалдық технологияның нақты кәсіби дағдысын еңбекпен өтеу.

<u>*Ұйымдастыру және өткізу әдісі:*</u>

<u>Ойынды өткізу және ұйымдастыру үрдісі 4 деңгейге бөлуге болады:</u>

- Ойынды құрастыру:

ойынның жалпы мақсатын нақты қою және қатысушыларға жеке мақсат;

ойынның жалпы ережесін әзірлеу.

2. Нақты дидактикалық мақсатты жүзеге асыру нақты ойынды дайындауды ұйымдастыру.

- жетекші қатысушыларға ойынның мағынасын түсүндіріп , жалпы ережемен және бағдарламамен таныстырады, рөлдерді бөліп және орындаушылар алдына нақты мақсат қояды, ол олармен шешілуі керек;
- сарапшылар тағайындалады, олар ойынның барысын бақылайды, жағдайларды талдап баға береді;

3. Ойын барысы.

4. Қорытынды жасап, ойынды толық талдайды:

**9.** ойынның жалпы бағасы, толық талдау, мақсат және міндетті жүзеге асыру, әлді және әлсіз жақтары, оның себептері.

**10.** алған тапсырманы орындаудың өзіндік бағасы, жеке қанағаттандыру дәрежесі;

**11.** ойын барысында анықталған кәсіби білімнің және білудің сипаттамасы;

**12.** сарапшылармен ойынды талдау және бағалау.

*Іскер ойынды өткізу реті.*

Жетекші тыңдаушыларға іскер ойынды өткізу ретін, мағынасын, мазмұнын хабарлайды. Әдебиетті мұқият оқуды ұсынады, талқылауға шығарылған сұрақтармен таныстырады. Ойының қатысушылары 3-5 адамнан топқа бөлінеді. Әр топта көшбасшы таңдалады , оның міндетіне топтың жұмысын ұйымдастыру жатады. Қатысушылардан 3-5 адамның құрамында сарапшы топ таңдалады.

Жетекші топтар арасында сұрақтарды бөледі, әр топтың өкіліне сұрақтар бойынша сөз береді, мәселе бойынша талқылау ұйымдастырады. Сөз сөйлеуге әр қатысушыға 5 минут уақыт беріледі, бұл уақытта аргументті нақтысын айту, идеяны негіздеу, оны «қорғау».

Қарастырылған проблемма бойынша қатысушылардың сөз сөйлеуіне және өз пікірі бойынша сарапшы топ ұсыныс жобасын әзірлейді (тәжірибелік сабақ), тәжірибелік шығармашылықта педагогтардың бірдей позияциясын анықтайды.

Сарапшы топ сөз сөйлеу мазмұны бойынша қабылданған шешімді, қатысушылардың белсенділігін, іскер ойндағы топтың нәтижелігін хабарлайды. Бағалау критериясы болып шығарылған идеяның мазмұны және саны , өзіндік дәрежесі , тәжірибелік мағынасы болады.

Іскер ойындар педагогикалық міндеттерді шешумен байланысты, нақты жағдайларды шешумен, қатысушыларға айқын рөлді шешуді және өзара әрекет әдістерін таңдауды талап етеді.

Қорыта келгенде, балабақшада іскер ойын арқылы оқыту –тәрбиелеу жұмысының мәселесін үйрену, бастаушы және тәжірибелі педагогқа сабақтың және тәрбиелеу шараларды өткізу технологиясын меңгеруді үйретеді. Ол әдіс қатысушыларды қызықтырады, сонысымен ол бағалы, еліктеу әдісі (көрсету, еліктеу, ұқсау ) таңдалған немесе берілген ереже бойынша түрлі жағдайлардан шешім қабылдауға үйретеді.

* * * * *

## «БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУІ САУСАҚТАРЫНЫҢ ҰШЫНДА»

**Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласы ,**
**КМҚК «Жас терек» бөбекжайы логопеді**
**ОСПАНОВА ГУЛЬЖАЗИРА БАКОВНА**

Отбасы жағдайында балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарына кеңес беру. Ата – аналарға ұсақ моториканы дамыту ойындарының маңыздылығын ұғындыру.

Мектепке дейінге жасында бала тілінің дамуы, өзіне –өзі қызмет көрсету және жазуға дайындық дағдысын қалыптастыруда ұсақ қол моторикасын дамыту және үйлестіру жұмыстарын жүргізудің маңызы өте зор. Бала өз саусақтарын қаншалықты басқара алса, оның одан әрі дамуы да соған тікелей байланысты. Ұсақ қол моторикамен қоса балалардың есте сақтау қабілеті мен назары, сондай –ақ, сөздік қоры да дами түседі.

Қол және көз, қолдыңептілігі, ритмикасы қозғалысын үйлестіру және нақтылығын жақсарту.Саусақтар мен қол буынының ұсақ қол моторикасын жақсарту. Жалпы қозғалыстық белсенділікті арттыру.Сөйлеу функциясын тұрақты етуге көмектесу. Қиялын, логикалық ойлауын, еркін назарын, көру және есту қабылдауларын, шығармашылық белсенділіктерін дамыту.

Адамның сөйлеу тілі және қозғалыс жүйесі бір-бірімен тығыз байланыста болады. Себебі, сондай байланыс қолмен және мидың сөйлеу орталағында орналасқан.

Соңғы 10-15 жылда балалардың сөйлеу тілінің төмендеп кеткені айқын байқалады. Өйткені, ата-аналар балалармен аз сөйлеседі, олардың жұмыстан қолдары босамайтынын айтады. Балалар өз беттерімен тілдік қарым-қатынаста болады, себебі, олар қарайды және тыңдайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту жұмыстарын ерте сәбилік шақтан

бастаған дұрыс. Омыраудағы баланың өзіне саусақтағы бас миымен байланысқан активті нүктелеріне әсер ете отырып массаж жасау керек.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту арқылы сөйлеу тілін жетілдірудегі саусақ ойын – жаттығуларының маңызы зор.

**Ұсақ моториканы дамытудың маңыздылығы неде?** Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз.

Педагогтар мен балалар психологының мақсаты- ата – аналарға ұсақ моториканы дамыту ойындарының маңыздылығын ұғындыру. Баланы қызықтыруда және жаңа хабарларды игеруіне көмектесуде үйретуді ойынмен алмастыру, алға қойған мақсатына жетуін, тапсырманы орындауда қиындыққа кездессе мойымауына үйрете отырып, аз мөлшердегі жетістіктерін де бағалап, мадақтап қоюды да ұмытпауы керек.Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Осыдан келіп қол қимылдарын басқара білу туады. Сондықтан ешқашан да баланы мәжбүрлеуге болмайды.

Қазіргі кезде баулы ойыншықтардың көбейгенін немен түсіндіруге болады. Бұрын ата – аналарда мұндай ойыншықтар болған жоқ қой, сонда олар осындай қалыпты деңгейге қалай жетті? Бір түсінбейтін нәрсе, осының бәрі не үшін керек?

Бүгінгі күнде балаларында жалпы моторлық артта қалушық байқалады,өйткені балабақшадағы балалардың ешбірінде баулы аяқ киім кездеспейді.Бау байлауды үйрету ата- анаға да, тәрбиешіге де қиындық туғызатын болса керек. Осыдан 20 жыл бұрын ата- аналарға, олармен қоса олардың балаларына көп нәрсені қолмен жасауға тура келді: кір жуу, тоқу, тігу т.б. Ал қазіргі кезде осының бәрін жасайтын машина.

Жалпы моториканың дамуының аздығын, соның ішінде қол қимылының аздық себебін зерттей келе қазіргі заманғы барлық баланың жазуға дайын еместігі немесе тілінің дамуында бір ақау бар екендігі анықталды. Осыдан келе мынадай қорытынды шығаруға болады: егер тілінің дамуында ақау болса, онда бұл ұсақ моториканың мәселесі.

Тіпті баланың сөйлеу тілі қалыпты болған жағдайда бұл қолын басқаруы қалыпты деген сөз емес. Егер 4 - 5 жастағы балада бау байлау қиындық келтірсе, ал, ермексаздан тек шар мен ұзынша жабыстырылса, онда сіздің балаңыз кінәлі емес.

Өкінішке орай көп ата- ана қолдың икемі мен ұсақ моториканың даму деңгейінің төмендігін тек мектепке барарда ғана байқайды. Бұл балаға өте ауыр жүк. Жаңа хабарларды қабылдаумен қатар, икемге келмейтін саусақтарымен қарандашпен жазып үйренуі керек.
Егер сіз бірінші сынып оқушысында жазуда қиындық болмасын десеңіз немесе 3 жастағы баланың тілінің дамуында ақау болмасын десеңіз дамыту ойын – жаттығуларын бала туылған соң екі айдан кейін бастаңыз. Ұсақ моториканы дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді. Омыраудағы баланың саусақтарын уқалауға болады, жас жарымдағы баламен саусақ ойындарын бастауға болады.

**Бала саусағын ойната отырып тілін дамыту.** Пассивті жаттығу – ұсақ мотоиканы дамытудың алғашқы сатысы. Саусақ жаттығуларын ең төменгі деңгейден бастаған дұрыс. Содан кейін ғана активті саусақ жаттығуларына көшуұсынылады. Оныңдеңгейі баланың ұсақ моторикасының даму деңгейіне қарай таңдалады. Қол саусақтарына арналған пассивті жаттығулар жасау кезінде балаға қолайсыз жағдай туғызбауын және тітіркендіпмеуін қадағалаған жөн. Жаттығулардың мақсатты пайдаланылуы мынадай әдістерді ұсынады: сипау, жаймен уқалау және діріл. Массажды әрекеттер саусақ ұшынан басталып төменгі буынға қарай жалғасады. Массаж жасау кезінде жай лирикалық әуен қоюға да болады. Адамның он екі мүшесінің тіршілікте атқарар міндеті зор. Соның ішінде екі қолға бес – бестен біткен он саусақты күнделікті қажетті жұмыстарды атқаруға пайдаланытынымыз белгілі. Сонымен қатар ертеден бізге жеткен «Қуырмаш» ойынынан саусақ атауларын бала тәрбиелеуге, оның тілін жетілдіруге, ойын ұштауға әдемі пайдаланғанын білеміз.

Қуыр, қуыр, қуырмаш,
Тауықтарға тары шаш.
Балапанға бидай шаш,
Балаларға тәтті шаш .

- дей келіп, жұмылған әр саусақты жеке-жеке ашарда:

Сен түйеңе бар,
Сен жылқыға бар.
Сен сиырға бар,
Сен қойыңа бар,
Сен үйде отырып
Шешеңе көмектес.

- деп әр саусаққа тапсырма беріледі. Одан соң әр саусақтың басынан ұстай тұрып «қарның ашса: мына жерде нан бар, мына жерде май бар» деп әртүрлі астың атай келіп, қолтыққа жеткенде «қуырмаш»», «қуырмаш» деп қытықтайды.

Көтеріңкі көңіл – күй сыйлайтын бұл ойын балаға саусақтардың атын, адамға нәр берер түрлі астың атауын да үйретеді. Сондай – ақ төрт түлік малды таныстырып, оны бағып еңбектенгенде ғана тамақтануға болатынын ескертіп, еңбекпен тапқан тамақ тәтті болатынын уағыздайды.

Халық өзінің өмір тәжірибесінде тіршілікте қалай қолдануына қарай саусақтарға ат қойған. 1-ші саусақ- «Басбармақ», 2-ші саусақ – «Балаң үйрек», 3-ші саусақ –«Ортан терек», 4-ші саусақ- «Шылдыр шүмек», 5-ші саусақ – «Кішкентай бөбек».

**3**.Саусақ ойыны - бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық. Саусақ ойыны-саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын сахналау болып табылады. Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс- қимылына қарап бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады және өлеңдегі үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алуды үйренеді. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету- тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды. Саусақ ойынын балабақшада және үй жағдайында әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Алдымен балаларға саусақ ойыны түсіндіріледі, әр қимылы көрсетіледі. Балалар осындай саусақ ойынын ойнай отырып, өлең шумағын қызыға айтады.

Жаттығу нәтижесінде бала саусақ қимылдарын өз бетімен және жеңіл орындайды.Ойын қимылдары әрдайым қызықты да,тартымды болуы шарт,баланы мезі қылмауы керек.

Сонымен қорыта айтқанда, балабақша балаларының тілін дамытуда түрлі ойын, әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану, осы бағыттағы атқарылатын игі іс-шаралардың нәтижесіз қалмайтындығының айқын дәлелі деп санаймын. В.А.Сухомлинский «балалардың қабілеттері мен дарындылығының бұлағы – олардың саусақ ұшында. Неғұрлым бала қолының қозғалысында ширақтылық болса, соғұрлым қолының еңбек қаруымен өзара іс-қимылы жіңішкерек болады, бала ақыл-ойының шығармашылық сұрапылдығы көрнекті болады. Ал бала қолында шеберлік көбірек болса, бала ақылды болады…» деп жазған.

Сондықтан да баланы сөйлеуге үйрету үшін, оны тек артикуляциялық аппаратын ғана жаттықтырып қоймай, сондай ақ қолдарындағы саусақтарының қимыл қозғалысын да немесе ұсақ қол қимылдарын да дамыту керек. Сонымен бірге, ғалымдар ұсақ қол қимылдары тек сөйлеумен ғана емес, сондай ақ зейін, ой, қиял, байқампаздық, көру және қимыл – қозғалысты ес тәрізді сананың жоғары қасиеттерімен өзара байланысты екенін дәлелдеді.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1.В.А.Запорожец «Баланың психологиялық дамуы»

2.И.А. Соколянский «Нәрестенің психикалық дамуы»

3.Қордабаева А. Ойындардың тиімділігі // Ұлағат. - №7. – 2005ж –(3 бет)

4.Оңғарова А. Ойын технологиясының элементтерін қолдану тиімділігі Қазақстан мектебі. - №12, 2009ж – (11бет)

5.Ахметова Р.М. Бала тілін дамытуда ойын технологиясын пайдаланудың теориялық негіздері. Отбасы және балабақша - №1 – 2012ж-( 5 бет)

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ (1-3) ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СЕНСОРЛЫҚ ДАМУЫНА БАҒЫТТАЛҒАН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРЫ

**РАХМАНОВА АЙДАНА НУРЛАНОВНА**
**Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласы,**
**КМҚК «Жас терек» бөбекжайының тәрбиешісі**

Мектеп жасына дейінгі баланы дамыту үшін жас баланың психологиялық ерекшелігін жақсы білуі керек. Өйткені бала психологиясын білмей, баламен жұмыс жасап, одан нәтиже шығару мүмкін емес. Сондықтан «баланың бойында не бар, ол не істей алады, жасы өскен сайын ол қалай өзгеріп, нені үйреніп келеді?» - дегенді анықтау әлде қайда маңызды. Баланың дамуы үлкендерді үнемі таңдандырады, әрі қуанышқа бөлейді. Ол бүгін кешегісіне, ал ертең бүгінгісіне ұқсамайды. Алғашқыда басын жерден шаққа көтеретін, ол екі айдан кейін отырып, шылдырмақтармен ойнайды, ал тағы бірнеше уақыттан соң тәй-тәй басып, алғашқы қадамдарын жасайды. Бұл қадам әлі сенімсіз, тәлтірек болғанымен, ең маңыздысы оның басталуында. Енді оның алдынан жаңа кең байтақ дүние – бұрын ол ағаш бесіктің тал қоршауының ішінде отырған кезде ойына кіріп те шықпаған жаңа дүние есігін ашады. Тағы бірсыпыра күндерден кейін ата-анасының ет-бауырын елжіретіп «ма-ма-ма», «ба-ба-ба» дегенді айтады. Содан соң сәби «мама» деп те, «папа» деп те, «бер», «ал» деп те айта бастайды. Әлі де сөз қоры аз болғанымен, бұл жердегі ең бастысы оның сөйлеуді бастағаны, оның адамзат тілінің бай қазынасына жол ашқаны. Баланың үнемі ілгері ұмтылуы, оның мінез-құлқында, іс-әрекетінде жаңалықтың пайда болуы қарапайымдылықтан неғұрлым күрделі, ойланып атқарылатын қимылға ауысуы, сөйлеуді игеруі, дербестілігінің алғашқы көріністерінің пайда болуы, міне, осылардың бәрі сәбидің дамуын сипаттайтын фактілер.

Жеке балалардың дамуындағы өзгешеліктерге, олардың өзіндік ерекшеліктеріне қарамастан, бүкіл сәбилердің бәріне ортақ қасиеттер болады. Олардың барлығы да дамудың бір кезеңдерінен, сатыларынан өтеді.

Психолог ғалым Ә.Алдамұратов сәби жастан бастап, баланың өсуін, дамуын үш кезеңге бөліп сипаттаған:

«**Алғашқы саты** - сөйлеуге дейінгі кезең. Бұл кезең баланың екі айлығынан он бір айға дейінгі сатысы деп аталады.

**Екінші саты**-баланың алғашқы тілінің шығу кезеңі-он бір айдан 1 жыл 7 айға дейінгі аралық.

**Үшінші сатыда** бала тілдің грамматикасын меңгере бастайды. Бұл кезең үш жасқа дейінгі уақытты қамтиды. Бала тілінің шығуы оның дүниетаным шеңберін кеңейтіп, сөйлеу тілін дамытады»,-деп қорытқан[3].

Мектеп жасына дейінгі баланың психикасы толық жетіліп қалыптаспағаны, қоршаған дүниені әлі толық танып-білмегені,сондықтан оның сөздік қоры да шамалы екенін барлық дерлік психологтар көрсетіп отырған.

Т.Тәжібаев ол туралы былай деген: «Мектепке дейінгі бала заттар мен құбылыстардың шын мазмұны мен қарым-қатынасын толық аша алмайды. Заттардың мазмұны мен ішкі байланыстарын дұрыс аша алмағандықтан, бала көбінесе заттардың сыртқы көрінісі мен құрылысына қарай бір-бірімен байланыстыра қабылдайды» — деген [4].

Бұдан жас бала затты танығанмен, оның қасиетін бірден біле алмайтыны анықталды,олай болса заттың ішкі сырын ашуға тәрбиешінің көмегі керек екені анықталды.

Ал психолог Қ.Жарықбаев: «Мектеп жасына дейінгі балалар түрлі нәрселерді ұстап, байқап, сипап қарайды, олардың формасын, үлкен- кішілігін көреді. Кейін есейіп, тәжірибесі артып, ой-өрісі кеңейген кезде заттардың кеңістікте орналасуын жақсы аңғара алатын болады» -деп көрсеткен [5]. В. Сухомлинский «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ол дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспеттес, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын-ұшқын білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар отыр» - деген ой айтқан. [6]

Баланың дүние танымының өсуі қоршаған дүниемен таныстырумен тікелей байланысты. Сондықтан да ғалымдардың бәрі қоршаған ортамен таныстыруды баланың ақыл-ойын дамытудың негізгі нысаны ретінде алып отырған. «Баланы қоршаған дүниемен таныстыру-баланың психикасын дамытудың, жеке бастың сапасын қалыптастырудың қажетті шарты. Тәрбиешінің міндеті заттар жөнінде, адамдар мен олардың еңбегі жайындағы балалардың ой-өрісін кеңейту болып табылады» - деп көрсетті.

Енді мына біздің алдымызда екі-үш жасар бала делік. **Бұл — өзінің ерекше ішкі дүниесі, өзіндік тілегі, әдеті, талғамы бар, көп жағдайда өз дербестігін көрсетіп, оны табандылықпен сақтай алатын адам.** Ол жүруді, қол сілтеп әр түрлі қимыл жасауды ғана емес, сонымен бірге киімдерді, ыдыс-аяқты, басқа да көптеген заттарды қолдану тәсілдерін де игереді, яғни сәбидің сенсорлық дамуының қарқынды кезеңі басталады. Сенсорлық даму ақыл-ой тәрбиесінің негізі-сенсорлық тәрбие арқылы жузеге асады. Ол баланың сезімдік тәжірибесінің дамуын және баюын қамтамасыз етеді, заттардың қасиеті мен сапасы туралы түсінігін қалыптастырады.

**Сенсорлық тәрбие дегеніміз -** бұл түйсік пен қабылдаудың дұрыс бағытта дамуы.Түйсігі мен қабылдауы мол баланың қоршаған дүние жайлы көзқарасы кең,жан-жақты келеді. Сөйтіп баланың сенсорлық мәдениеті,оның түйсігі мен қабылдауының даму деңгейі ойдағыдай дамыған таным қызметінің алғы шарты болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі баланың сенсорлық дамуының бір-бірімен байланысты екі жағы бар.Біріншісі- заттар мен құбылыстардың әр түрлі қасиеттері мен байланыстары жөніндегі түсініктерді меңгеру. Екіншісі- қоршаған ортаны толықтай және жекелей қабылдауға мүмкіндік беретін қабылдаудың жаңа әрекетін игеру.

Мектепке дейінгі балалық шақта бала өзінің сенсорлық тәрбиесін жинақтау нәтижесі болып табылатын заттық үлгілерді қолданудан көпшілік қабылдаған сенсорлық этолонға ауысады.

**Сенсорлық этолондар дегеніміз –** қасиеттер мен қарым-қатынастардың әр түрінің негізгі жеке түрлері жөнінде адамзатта қалыптасқан түрлері. Бұларға түс, пішін, заттардың шамасы, олардың кеңістіктегі орны, дыбыс күші, уақыт аралықтарының ұзақтығы, тағы басқалар жатады. Баланың сенсорлық этолондарды игеруі балалар бақшасының бағдарламасына сәйкес жеке геометриялық пішіндермен, түстермен танысудан басталады. Заттардың қасиеттері туралы кез-келген түсініктер пайда болу сияқты сенсорлық этолонды меңгеруде, үлгілердің мәніне ие болуға тиісті тексерілуге бағытталған пішіннің жеке түрлері, түсі, шама бойынша қатысы басқа да қасиеттері мен қатыстылығы қабылдау әрекеттерінің нәтижесінде өтеді. Әйтсе де бұл жеткіліксіз.

1 жастан 3 жасқа дейінгі сенсорлық тәрбие балалардың әр түрлі сенсорлық әсерлерін байытуға бағытталған. Ол баланың жалпы ақыл-ой дамуының негізін құрайды, сенсорлық этолондар мен қарапайым рәміздік нысандарды меңгеруге негізделеді және кейінгі танымдық, интеллектуалды, шығармашылық қабілеттерді дамытудың алғы шарты болып табылады. Сенсорлық тәрбие жалпы сенсорлық қабілеттерді қалыптастыруды және балалардың бойында аналитикалық қабылдауда, түстердің үйлесімін заттардың пішіндерін тани білуді, шаманың жекелеген өлшемдерін ажыратуды көздейді.

Балаларды сенсорлық этолондардың көптеген түрлерімен және оларды жүйелеумен тетелес таныстыру — мектеп жасына дейінгі балаларды сенсорлық тәрбиелеудің басты міндеттерінің бірі. Мұндай таныстырудың негізінде әрбір қасиеттердің негізгі жеке түрлерін тексеру мен есіне сақтау балалардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру жатыр. Осы жеке түрлер этолондар мәніне ие болуы тиіс. Балаларды сенсорлық этолондармен таныстыру заттардың қасиеттерінің негізгі жеке түрлерін білдіретін сөздерді баланың есінде сақтауын ұйымдастыру болып табылады. Балаларға геометриялық пішіндердің, түстердін, шамалар қатынасының жеке түрлерін тек қана көрсетіп, олардың аттарын есте сақтауға қол жеткізген жағдайларда, тіпті дұрыс қолданатын сөздің өзі мектеп жасына дейінгі баланың ұғымдары мен қабылдауларын жетілдіруге себепші бола алмайды.

1-3 жастағы балалармен пішіндер, көлемдерін, түр – түстерін арнайы оқу іс – әрекеттерін жүргізіп отыруы тиіс. Бұл іс әрекеттерде 10 аспайтын негізгі заттармен таныстырып, оның 4 оның ішкі нұсқаулары бірдей және сондай затпен таныстыру.

XX ғасырдың басында Монтессори талдап жасаған сенсорлық тәрбие жүйесі балалардың түстер мен реңктерді, пішіндер мен көлемдерді ажырату дәрежесі жоғары болуына қол жеткізуді өз алдына мақсат етіп қояды.

Қай кезеңде болмасын балабақшада Монтессори әдісі еш уақытта орның жоғалтқан емес. Сондықтан да мына заманда балабақшадағы педагогтардың ұлттық қалып, ұлттық мінезді сақтай отырып, бала тәрбиесінің әдістерін тынбай ізденіп, жиі жанартып отыруы заңдылық.

Бұл әдістің мақсаты – балалардың табиғи мінезін, қабілетін, тәрбиешінің нұсқауымен емес өз еркімен тәуелсіздік рухында тәрбиелеу. Бұл жастың қабілетін ашуға, үлкеннің кішіге мейірім, қамқорлығын сезінуге мүмкіндік берері сөзсіз.

Монтессоридің жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі: ересектер дамитын орта, дидактикалық құралдар.

Сенсорика әлеміне ойын - саяхат ретінде өткіземіз. Бірақта алдыменен, сенсорлық тәрбие не екендігімізді еске түсіріп алайық. Баланың балабақшада, мектепте, одан қалса өскенде еңбектенген кезінде де, сенсорлық, сенсомоторлық дамуы ақыл - ой дамуына фундамент болып табылатыны психолог мамандар дәлелдеген.

**Ойын «Мұнара тұрғызайық»**

Мақсаты: белгілі бір түсті айыруға үйрету. Әр түрлі кубиктар еденге шашылады, балаларға белгілі бір түстен тұратын кубик арқылы мұнара тұрғызу деген тапсырма беріледі. Балаларға қызыл түсті кубик көрсетіледі, оны еденге қойып «мына түсті кубикті алып мұнара тұрғызайық! Осындай түсті кубик табыңдар». Балаға әкелген кубигін салыстыру арқылы түсіндіру және көмектесу. Содан соң екі ата - ананы шығарып жарыстыру, кім жылдам мұнараны құрады. Кім бірінші құрады сол жеңімпаз болады. Осы ойынды 1 - 2 рет ойнату.

**«Түрлі түсті тулар» ойыны**

Балалардың зейіні мен реакциясын дамуына арналған екі жастан асқан балаларға арналған көңілді және қимылды ойын - сергіту. Және де түсті ажыратуға арналған ойын. Ойынның өту барысы: Ойын үшін бірнеше түсті тулар алу қажет. Жүргізуші қызыл түсті туды көтергенде балалар секіру, жасыл түсті туды көтергенде шапалақтау, көкті - орында тұрып жүру, сарыны қолдарынан ұстауға қажет болады.

Қорыта келіп айтатын болсақ, аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007ж
2. Алдамұратов Ә. «Қызықты психология» Алматы 1992 ж
3. Тәжібаев Т. «Жалпы психология» Алматы 1993 ж
4. Жарықбаев Қ. «Жалпы психология» Алматы 1986 ж
5. Сухомлинский В. «Арнаулы педагогиканың таңдаулы шығармалары» Педагогика 1980 ж

# СИҚЫРЛЫ ЕРТЕГІЛЕР ӘЛЕМІ

**ТЕМИРБЕКОВА САУЛЕ САГИНДЫКОВНА**
**Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласы,**
**КМҚК «Қарқаралы» бөбекжайының әдіскері**

Баланың ой-өрісін шыңдап, қиялына қанат бітіретін ғажайып құрал – ол ертегілер.

Балабақша өмірі, ондағы сан қилы білім және тәрбие беру мақсаттарының бірегейі – балаларды қазақ халқының, әлем халықтарының ертегілермен таныстыру болып табылады. Сонымен бірге, жас ұрпақ бойына адамгершілік-рухани тәрбиені қалыптастыруда да ертегілер әлемінің маңызы аса зор. Ең алдымен ол ертегілердегі кейіпкерлердің өмірі, мінез-құлықтары арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың мінез-құлықтарынан, өзгелермен, бір-бірімен қарым-қатынас жасай білуін жетілдіруінен көрініс табады. Ертегілерді слайдтар арқылы түсінікті тілмен баяндай отырып, ондағы түрлі кейіпкерлерді бүлдіршіндердің өздерінің сомдап, сахналық көріністерге айналдыра алуына қол жеткізу қажет. Сол кезде біз балалардың бойына адамгершілік-рухани байлықтың қайнарын сіңіріп, оларды нағыз азамат ретінде тәрбиелеп шығару үшін жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік ұстанымдарды, әділдік пен бір-біріне өзара көмек көрсете білулерін дамытуға жол аша аламыз. Өйткені мектепке дейінгі жастағы балалардың болашағына балабақшада жүргізілетін сан-салалы шаралардың ықпалымен жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе.

Балаларды сиқырлы ертегілер әлеміне жетелей отырып, олардың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырамыз. Өйткені балаға бұл өмірдегі ең бір қызық оқиғалар осы ертегілерден табылады. Оның балабақша өміріне қызығушылығын арттыратын да осы ертегілер.

Мысалы, балабақшада «Шалқан» ертегісін оқытудың мақсаты - ертегілерді сахналау барысында кейіпкерлердің мінез - құлқын жеткізе білуге үйретумен бірге балаларға ұжымдық тәрбие бере отырып, бірігіп, ұжымдасып әрекет етсе, істің нәтижелі болатынын ұғындыру. Бірінші кезекте, суретке көңіл қойып мазмұнын түсіне білуге үйрету керек. Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл - қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету аса маңызды. Сөздерді анық айтуға дағдыландыру, есте сақтау қабілетін дамыту да естен шықпағаны абзал. Достыққа, қайырымдылыққа, өзара сыйластыққа, мейірімділікке тәрбиелеу осы ертегіні балалардың өздерін қатыстыра отырып сахналау арқылы, нәтижесін сұрақ-жауап әдісімен бекіту арқылы жүзеге асырылады.

Құрал - жабдықтарына «Шалқан» ертегісіне арналған костюмдер, «Шалқан» муляжі, ертегі мазмұнына сәйкес сурет – таблицаларды алуға болады. «Шалқан» ертегісінің мазмұнын толық меңгерген, ертегі кейіпкерлерінің костюмдерін киген балалар ертегіні өз беттерімен сахналай алады.

Ал «Бауырсақ» ертегісін өтерде сабақтың мақсаты - ертегі кейіпкерлерін қонаққа шақыра отырып, қиялы мен қабілетін жетілдіру болып табылады. Балалардың сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыра отырып, жағымды, жағымсыз қасиеттерді айыра білуді үйрету қажет.

Ертегі өзара сыйласып, достық қарым-қатынаста болуға, біреуге қызғанып қарамауға, бірін-бірі құрметтеп, үлгі тұтуға тәрбиелейді. Ертегі мазмұнын балалардың қызығушылығын арттыра отырып, қойылымның кейіпкерлері: шал, кемпір, бауырсақ, қоян, қасқыр, аю, түлкіні балалардың өздеріне сахналату арқылы ашуға болады. Көрнекілікке тақта, орман, орманды мекендеген аңдар, ағаштарды да орынды пайдаланған жөн. Балалар осындай үйлесімді әрекеттер арқылы ертегі әлеміне еніп кететіндей болуы тиіс.

Қорытындысында неліктен аю, қасқыр, жағымды кейіпкерлерге жатады? – деген тәрбиешінің сұрағына: -өйткені олар бауырсақты жеген жоқ, -деп өздері ойланып жауап беретін болады. – Ал түлкіні айлакер, қу деп ұғады. Осылайша ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді балалардың өздері танып алады. Сонымен бірге бауырсақтың неден жасалатаны, түр-түсі, пішіні қандай болатыны жөнінде де түсініктер алады.

«Қасқыр мен жеті лақ» ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту - педагог шеберлігінің бір қыры болып табылады. Ертегіні түсіндіре отырып, сұрақ-жауап әдісін қолдана отырып бүлдіршіндердің сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту басты орын алады.

Алдымен, суретін көрсете отырып қасқыр туралы, оның жабайы жануар екені, қауіпті аңдар қатарына жататыны туралы түсінік беру қажет.

Ал ешкі мен лақтың үй жануары екені, қандай қасиеттері бар екені туралы балалармен бірге ой бөлісу қажет. Сонымен бірге ертегі мазмұны балаларды батылдыққа, сергектікке, қиын кезе абыржымай өз беттерімен шешім қабылдай алуға да тәрбиелейді. Айтқан тапсырманы бұлжытпай орындауға, ұсақ-түйек нәрселерге көңіл бөле білуге, зеректікке тәрбиелеуде де аталған ертегінің маңызы аса зор. Ертегіні сахналатып, балаларға рөлдерді сомдатуда тіл байлығы мен ой ұшқырлығын дамыту басты мақсаттың бірі. Балалар ертегі мазмұнынан қызығу, ойлану, әрекет ету арқылы рухани-адамгершілік қағидаларын да ұғынатын болады.

Айналасындағылардың бәрін ертегідей қабылдаған баланың бойында өшпес ізгілік қалыптасады. Мағжан Жұмабаев: «Жан тұрмысы өркендеу үшін, яғни ойы, ақылы кеңейіп, құлқы түзеліп, тілі баю үшін, жас балаға ертегі тым қымбат нәрсе. Бала ертегіні жан-тәнімен тыңдайды.» — десе, атақты педагог Сухомлинский «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта — әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады.», — дейді.

Жер бетіндегі барлық халық ертегілерінің мазмұны мен мақсаты бір деуге болады. Оның себебі Ұлы Табиғат балалармен ертегі арқылы сөйлеседі, ертегі арқылы сырласады, ертегі арқылы өнеге, білім, тәрбие береді. Ертегілердің барлығы да бір-ақ тілде сөйлейді. Ертегі – баланы рухани-парасатқа тәриелеудің бірден-бір құралы.

Ертегілер арқылы рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізгі мақсаты- дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Ертегі балаға рухани ләззат беріп, қиялына қанат бітіреді, жас баланың рухының өсіп жетілуінің бірден-бір төте жолы. Бұл - балалардың адамгершілік сана-сезімін, мінез- құлқын қалыптастыруды қамтиды. Дәлірек айтқанда, адалдық пен шыншылдық, адамгершілік, кішіпейілдік, қоғамдағы және өмірдегі қарапайымдылық пен сыпайылық, үлкенді сыйлау мен ибалық адамгершілік тәрбиесінің жүйелі сатылап қамтитын мәселелері. Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасын ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет- ғұрыпты жан-жақты терең білумен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс. Ол бүлдіршіндердің адамгершілік санасын қалыптастырып, оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды.

Мен өзім еңбек ететін балабақшада бүлдіршіндердің алған білімін бағалау мен оны бақылауға аса мән беремін. Көркем әдебиет бойынша қазақ халқының ертегілерімен бірге баланың ой ұшқырлығын дамытуға септігін тигізетін шетел ертегілерін де кеңінен пайдалануға тырысамын. Сабақтың қызықты да мазмұнды өтуі үшін ертегі кейіпкерлерін балалардың өздері сомдап, сахналық көріністерге айналдыра білуі қажет. Ертегі кейіпкерлерінің бойындағы мейірімділік, татулық қасиеттерін балалар бойына сіңіре білу – сабақтың басты мақсаты болуы тиіс. Ал ертегілерде кездесетін қатігездік, іштарлық, өзімшілдік сияқты теріс мінез-құлықтардан жирендіре білу – келешек саналы азаматты тәрбиелеп шығарудың бастамасы болып табылады. Сонымен бірге, балалардың ертегі-аңыздар бойынша ойын жинақтап, сауатты әңгімелей білуі және қандай тапсырманы болсын ұқыпты, жинақы орындауына көңіл бөлу керек. Ал тіл дамыту жұмысында ертегілер сюжетіндегі дидактикалық ойындарды жиі пайдалану – балалардың ойлау қабілеттерін дамытуда, сөздік қорын молайтуда таптырмас құрал болып табылады.

Қорыта айтқанда, Отанымыздың алдыңғы қатарлы дамыған елдер қатарына қосылуы оның болашақ азаматтарының тұлғалық-кәсіби әлеуетіне тікелей байланысты екенін естен шығармау керек.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. «Қазақ ертегілері» Алматы «Балауса», 2019ж.
2. Қалиев С. «Халық ертегілері» // Тәрбие 2020ж.
3. Хайуанаттар туралы қазақ ертегілері Алматы «Ғылым» 2019ж.

# ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

**ТАЛДЫБАЕВА П.С.,**
**Қарағанды қаласы, «Ж.Тәшенев атындағы ЖББМ» КММ**
**қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

Оқу –тәрбие жұмысының негізі – сабақ. Сондықтан сабақ тартымды, қызықты, мазмұнды болуы керек. Демек, сабақтың ұйымдастыру формаларын, сабақтың құрылымын жетілдіріп, әр түрлі керекті, пайдалы дидактикалық материалдармен толықтырып отырған жөн. Сабақ үстінде оқушының жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызу, сабақтың тақырыбына сай нақтылы міндет қоя білу – оқытушы шеберлігін қажет етеді. Өйткені оқушыларды терең әрі жинақты біліммен қаруландыру, олардың шығармашылық қабілетін дамыту, өз бетімен жұмыс жасау дағдысын арттыру, өз қызметіне талдау жасап, өзіне –өзі баға беруі, жаңалыққа ұмтылуы – сабақ барысында қалыптасады.

Орыс тілді сыныптарда жүргізілетін қазақ тілі пәнінің негізгі мақсаты – оқушыларға қазақ тілін меңгерту, қазақ халқының салт-дәстүрімен, тіршілігімен жан –жақты, терең таныстыру.

Сабақ барысында өткізілетін ең күрделі жұмыс түрлерінің бірі – кітаптағы жаттығулармен және мәтіндермен жұмыс. Мәтін алдындағы жұмыс – кіріспе, яғни мәтін мазмұнын игеруге дайындық түрінде құруға болады, өтілетін мәтін мазмұнына байланысты сұрақтарға ауызша жауап беру. Мәтінмен тікелей ожұмыс жүргізудің алғашқы түрі – мәтінді дұрыс оқи білуге дағдыландыру.

Мәтінмен жұмыс кезінде әр түрлі әдіс –тәсілдер қолданылады.

- Мәнерлеп оқылған мәтінді тыңдау.
- Мәтіндегі жаңа сөздермен жұмыс, олардың мағынасын түсіндіру. Жаңа сөздің оқушы есінде сақталуын қамтамасыз етуге өте үлкен мән беру керек. Жаңа сөзді оқушы жақсы игеру үшін, оның мәнін жақсы түсіну керек.
- Сөздік жұмысы әр сабақ үстінде бүкіл оқу кезеңінде жоспарлы, жүйелі түрде жүргізілу керек. Сөздікпен жұмыс тек қана мәтін өткенде ғана жүргізіліп қоймайды, сонымен бірге грамматикалық анықтамаларды, жаттығу жұмыстарын, өлең, жұмбақ, мақал-мәтелдер жаттатуда жүргізіліп отырады.
- Мәтінді оқушыға оқыту.

Мәтінді оқу кезінде қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылуына, дұрыс оқылуына назар аудару керек.

- Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру.
- Тілдік материалды игерту жұмысы.

Оқушының мәтінді түсіну қабілетін әр түрлі әдіс – тәсілдер арқылы білуге болады.

- Мәтінді орыс тіліне аудару.
- Мәтін мазмұнын айтқызу.
- Сұрақтарға жауап беру.

Мәтін аудару – тіл үйренудегі, тіл дамытудағы негізгі мәселелердің бірі. Мәтінді аударудан бұрын жаңа сөздермен жұмыс жүргізіледі. Мәтін аудару арқылы оқушы оның мазмұнын түсінеді, ойды қазақша білдірудің үлгісіне жаттығады. Мәтін мазмұнын айтқызу алғашқы кезеңде мәтінге сүйену арқылы болады. Мәтін бойынша сұрақ қойып әңгімелетуге, оқушылардың өздеріне бір-біріне сұрақ қою арқылы да мазмұнын айтқызуға, мәтін мазмұнына байланысты сұрақтарға жауапты жазбаша түрде беру арқылы оқушының жазбаша тілін дамытуға болады.

Оқушы мәтін мазмұнын толық түсінгеннен кейін, грамматикалық тапсырмаларды орындауға көшеді. Мәтінмен жұмыс барысында оқушылардың сөздік қорын молайтып, өз ойын аузыша жеткізе білуге жетелейді. Грамматикалық ережелерді қолданып, жаттығу жұмыстарын орындау - тіл дамыту жұмысының бір саласы. Жаттығуларды орындау барысында оқушы байланыстырып сөйлеуге, сөйлемді дұрыс құруға, сауатты жазуға жаттығады.

Тәжірибеде жиі жүргізілетін жұмыс түрлері:

• Атау тұлғада берілген сөздерге тиісті қосымша қосу, сөйлем, құрастыру немесе белгілі бір септікке қою.

• Шашыранды түрде берліген сөздерден сөйлем құрастыру.

• Берілген сөйлемдерді басқа грамматикалық тұлғаны қою. Мысалы: осы шақ тұлғасындағы етістікті өткен шаққа қою.

• Белгілі бір грамматикалық тұлғаны қатыстыра отырып сөйлем құрастыру.

• Тірек сөздерді беру арқылы шағын шығарма жаздыру.

• Сөз тіркестерін орыс тілінде беріп, оны қазақ тіліне аударып, сөйлем құрау.

Кейбір жаттығу, тапсырмаларды кеңейтіп тіл дамыту мақсатында пайдалануға болады.

• Сұрақ қою арқылы сөйлемді өрбіту. Мәтін бойынша да, жаттығу жұмыстары бойынша да қосымша сұрақтар қоюға болады. Мысалы, жаттығу бойынша берілген сөйлемдерді оқып, аударғаннан кейін бұларды сұрақ қою арқылы кеңейтіп, өрбітіп айту пайдалы.

• Сөздерден сөйлем құрап жазу. Байланыссыз түрде берілген жеке сөздерден сөйлем құрату.

Үнемі оқулықтағы жаттығулармен жұмыс жүргізу – оқушыны жалықытырып жіберу мүмкін, сондықтан грамматикалық тапсырмаларды сызбаны толтыру, қиықшылар арқылы, перфокарталар қолдану арқылы жүргізсе, ынтамен орындайды.

Сабақ барысында мақал – мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштардан, аңыз – әңгімелерден үзінділерді кеңінен пайдаланымыз. Мақал –мәтелдерді өтілген мәтіннің мазмұнына сай, тақырыпқа байланысты қолдану – оқушы таным – түсінігінің теңдеуіне көмегін тигізеді. Мақал- мәтелдерді өтілген мәтіннің мазмұнына сай, тақырыпқа байланысты қолдану – оқушы таным – түсінігінің тереңдеуіне көмегін тигізеді. Мақал – мәтелдерді орыс тіліне аударып, оның мазмұнын түсінуге үйрету қажет. Олардың әр түрлі тақырыпта болатындығына тоқталып, жаттауға беріледі.

Мақал – мәтелдердің әрбір сөзін дұрыс айтуына, мән – мағынасын ұғынуына көп көңіл бөлінеді. Қазақ халқының шешен билері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты шешен билері, Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр т.б. тарихи тұлғалар туралы мәтіндер өтіледі. Олардың халықтың ұлттық бірлігін нығайтып, халықтығын сақтауға зор әсерін тигізген, данышпан, ақын, батыр болғанын, өнегелі сөздердің мағынасын түсіндіріп, орыс тіліне аудартып отыруды мақсат еткен жөн. Өнегелі сөздері жаттап алған да дұрыс. Ұлағатты шешендердің сөздері адамгершілікке тәрбиелейді, тілді үйренуге талпындырады.

Сабақ барысында ойын элементтерін қолдану – сабаққа қызығуын, белсенділігін арттыруға, ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Ойын элементтері арқылы оқушының сөйлеу дағдысы қалыптасады. Топтық жұмыстарды орындауда «Кім көп біледі?» , «Км көп мақал айтады?» деген ойын элементтерін тиімді қолдану – сабақтың тартымды өтуіне әсерін тигізіп, оқушылардың белсенділіктерін арттырады.

Тіл дамыту жұмыстарының бірі – ауызекі сөйлеуге үйрету. Ол үшін сұхбат тақырыптары беріледі. Бұл тапсырманы жұппен орындаған тиімді. Мысалы: «Асханада», «Мектепте», «Емханада».

Мұндай тапсырмалар оқушылардың сөздік қорын молайтады, тілге деген қызығушылығын арттырады. Міне, қазақ тілін үйретуде осындай жұмыс түрлерін кеңінен және жүйелі түрде пайдалану керек. Орыс тілді сыныптарында жүрігізілетін қазақ тілі пәні өтілетін материалдарға қажетті көрнекіліктерді жүйелі түрде дайындап, білімнің танымдық мән –мағынасына айрықша көңіл бөлуді қажет етеді.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерінің басты міндеті – тіл үйретудің соңғы дамыған әдіс – тәсілдерін қолдана отырып, әр сабағын тартымды да қызықты өткізуге күш салу, өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйрету.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


- 1. Ж.Адамбаева «Орыс мектептеріндегі қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері» Алматы 2002ж.
- 2. С.Рахметова. Қазақ тілін оқыту методикасы. 1991ж

# ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ ТРАВМАТИЗМА НА ЗАНЯТИЯХ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРОЙ ПУТЁМ ПРИМЕНЕНИЯ ПРЫЖКОВЫХ УПРАЖНЕНИЙ

**АКИМОВА ЕЛЕНА БОГДАНОВНА, КОШКИНА ТАТЬЯНА ВАЛЕРЬЯНОВНА**
**Учителя физической культуры**
**г. Караганда КГУ ОШ №32**

На сегодняшний день эта тема достаточно актуальна, поскольку связана с повышением частоты случаев травматизма среди детей, как в школе, так и за её пределами, что можно объяснить слабостью костно-мышечной системы, развившейся вследствие гиподинамии.

Актуальность данной темы исследования связана с повышением частоты случаев травматизма среди детей, как в школе, так и за её пределами, что можно объяснить слабостью костно-мышечной системы, развившейся вследствие гиподинамии. Гиподинамия – патологическое состояние, которое характеризуется нарушением практически всех функций человеческого организма (дыхательной, пищеварительной, функции кроветворения и кровообращения).

Все это происходит по одной причине – снижение двигательной активности. Как результат, сократительная способность мышечных структур в значительной мере снижается, а отсюда и риск возникновения травм у детей. Поэтому детский травматизм требует самого пристального внимания, изучения и внедрения профилактических мероприятий на всех этапах физического воспитания.

Основой предупреждения гиподинамии является двигательная активность и физические нагрузки, и порою только уроки физической культуры восполняют у детей этот пробел. Из-за недостаточной двигательной активности учащиеся часто травмируются, а это в свою очередь, не только угрожает здоровью и жизни детей, но и вызывает прямые и косвенные экономические потери государства и населения. Дети и подростки в будущем будут определять уровень благосостояния страны, ее экономический, научный и культурный потенциал. По этой причине данная проблема требует пристального внимания. Установление в спортивных залах многофункциональной скамейки поможет учителям физической культуры повысить тренированность учащихся за счёт многообразия выполнения упражнений на ней. Решением в уменьшении числа детского травматизма мы видим в последовательном выполнении комплексов прыжковых упражнений, с использованием гимнастических скамеек.

В жизни каждого человека, в лучшем варианте, физическая культура должна быть неотъемлемой её частью, а особенно это касается наших детей. И большинство нашего населения понимает, что двигательная активность должна в той или иной мере присутствовать в повседневной жизни. На сегодняшний день заметна такая ситуация, что дети из-за большого засилья высоких компьютерных технологий очень часто предпочитают проводить своё свободное время с ними, нежели заниматься физической культурой и спортом.

При выполнении физических упражнений организм человека реагирует на заданную нагрузку ответными реакциями. Активизируется деятельность всех органов и систем, в результате чего расходуются энергетические ресурсы, повышается подвижность нервных процессов, укрепляются мышечная и костно-связочная системы. Таким образом, улучшается физическая подготовленность занимающихся и в результате этого достигается такое состояние организма, когда нагрузки переносятся легко, а бывшие ранее недоступными результаты в разных видах физических упражнений становятся нормой. У вас всегда хорошее самочувствие, желание заниматься, приподнятое настроение и хороший сон. При правильных и регулярных занятиях физическими упражнениями тренированность улучшается из года в год, а вы будете в хорошей форме на протяжении длительного времени. [2, с 64]

Физические упражнения важно подбирать так, чтобы они активно содействовали укреплению здоровья и гармоничному физическому развитию, формировали необходимые двигательные качества, были направлены одновременно на обучение двигательным действиям, способствовали формированию правильной осанки и становлению школы движений. [3, с. 4]

Систематические занятия физической культурой или спортом вызывают адаптацию (специфическое приспособление) организма к физическим нагрузкам. В основе такой адаптации лежат возникающие в результате тренировки морфологические, метаболические и функциональные изменения в различных органах и тканях' совершенствование нервной, гормональной и автономной клеточной регуляции функций. Все эти изменения определяют тренировочные эффекты. Они проявляются в улучшении разнообразных функций организма, обеспечивающих осуществление данной (тренируемой) мышечной деятельности, и, как следствие, в повышении уровня физической подготовленности (тренированности) занимающегося, в росте спортивного результата. [4, с 184]

В школе по физической культуре базовыми видами спорта являются лёгкая атлетика, спортивные игры, гимнастика, лыжный спорт, казахские национальные и подвижные игры.

Во всех видах лёгкой атлетики чаще всего встречаются повреждения голеностопного и коленного суставов, особенно растяжения и разрывы связочного аппарата, разрывы и надрывы сухожилий. Большие статические и динамические нагрузки на занятиях лёгкой атлетикой приходятся на стопы ног. Они могут вызвать функциональную недостаточность. В этих условиях возрастает возможность травм и заболеваний голеностопного сустава и стопы. [5, с.98]

Футбол – эта игра связана с длительной физической нагрузкой на организм в целом и в частности – на сердечно-сосудистую и нервную системы, на опорно-двигательный аппарат. Самая же большая нагрузка приходится на нижние конечности, и с нарастанием утомления, как правило, наблюдается нарушение координации движений. При противодействии движениям, превышающим пределы растяжимости, часто возникают повреждения связок. Одновременно травмируются мениски коленных суставов и сумочно-связочный аппарат голеностопного сустава. Кроме того наблюдаются разрывы мышц задней поверхности бедра и приводящих мышц. [5, с. 96]

Баскетбол - спортивная игра с нестандартными движениями и работой переменной мощности. Наиболее типичные травмы – вывихи, реже – переломы кисти и пальцев, разрывы ахиллова сухожилия, повреждения сумочно-связочного аппарата коленного и голеностопного суставов. (5, с 97)

Ручной мяч – это игра отличается сложностью и многообразием движений. Травмы при игре весьма разнообразны. Чаще всего это ушибы различной локализации, повреждения сумочно-связочного аппарата коленного и голеностопного суставов, вывихи в локтевом и лучезапястном суставах, разрывы мышц; иногда - переломы [5, с. 97]

Волейбол – спортивная игра, отличающаяся высокой динамикой, скоростно-силовой работой переменной мощности. Наиболее типичные травмы – растяжение сумочно-связочного аппарата, ушибы тела и пальцев рук; реже – переломы, вывихи плечевого сустава и пальцев рук. [5, с. 97]

Гимнастика и акробатика, это виды спорта, где характерны сложные движения высокой степени пластичности, координации и точности в сочетании с силовыми элементами. Наиболее часто наблюдаются растяжения сумочно-связочного аппарата коленного и голеностопного суставов, травм мышц нижних и верхних конечностей. Нередко имеют место разрывы ахиллова сухожилия и трехглавой мышцы голени. [5, с. 100]

Лыжный спорт - лыжнику, наряду с выносливостью, необходимы пластичность, ритмичность движений, согласованность работы мышц конечностей и туловища с дыхательными движениями грудной клетки. В лыжных гонках чаще всего получают ушибы, ссадины. Растяжения сумочно-связочного аппарата конечностей. [5, с. 109]

Из вышеперечисленного, можно выделить то, что практически во всех базовых видах спорта, которые даются в школе, есть возможность получения травмы преимущественно нижних конечностей. И конечно работа учителей физической культуры должна быть направлена на должную подготовку детского организма к нагрузкам во время занятий этими видами спорта. Поэтому на каждом уроке необходимо тренировать мышечно-связочный аппарат нижних конечностей при помощи различных прыжковых упражнений и других.

Физические упражнения должны быть хорошо знакомы учащимся, не требовать подстраховки, избирательно воздействовать на определенные системы организма, соответствовать возрасту и подготовленности занимающихся. При составлении комплексов упражнений учитель должен стремиться к тому, чтобы каждое последующее было «разгрузочным» по отношению к предыдущему и чтобы в работу поочередно включались основные мышечные группы. [6, с 168]

Результаты систематических занятий физкультурой с физиологической точки зрения не заставят себя ждать. Стоит проявить волю и упорство, преодолеть себя, выработать привычку тренировать своё тело – и организм с благодарностью откликнется прочностью костного аппарата, увеличением мышечной массы, крепостью и упругостью мышц, улучшением телосложения, кровоснабжения, работы сердца, более быстрым включением всех органов и систем в рабочий ритм, экономным расходованием энергоресурсов и, наконец, улучшением деятельности центральной нервной системы. Но одно непременное условие – занятия не должны носить эпизодический характер. Непрерывность – это главное. [7, с. 7]

Упражнения в прыжках положительно влияют на организм ребенка: укрепляют мышцы и связки нижних конечностей, совершенствуют координацию движений, развивают ловкость и смелость. Однако следует помнить, что при неумелом использовании прыжков (неподготовленность места приземления, несоблюдение рекомендуемых требований в отношении высоты прыжка и т. д.), у дошкольников могут возникнуть травмы и плоскостопие.

Прыжок требует согласованной работы многих мышц, сложной координации движений, что возможно лишь при соответствующем уровне развития двигательного анализатора и подготовленности опорно-двигательного аппарата ребенка. Поэтому детей обучают определенному виду прыжков, исходя из их анатомо-физиологических возможностей и возрастных особенностей.

Особую группу составляют специальные упражнения с мгновенным преодолением ударно воздействующего отягощения, которые направлены на увеличение мощности усилий, связанных с наиболее полной мобилизацией реактивных свойств мышц. Это прыжки в глубину, запрыгивания на тумбу, выпрыгивания вверх мгновенным рывком преодоления отягощения, эти упражнения позволяют проявлять наибольшую «взрывную силу». Данные упражнения можно давать учащимся среднего возраста, как в подготовительной, так и в основной части урока.

В качестве основных средств воспитания скоростно-силовых качеств школьников среднего возраста применяют упражнения, характеризующиеся высокой мощностью мышечных сокращений. Иначе говоря, для них типично такое соотношение силовых и скоростных характеристик движений, при которых значительная сила проявляется в возможно меньшее время. Такого рода упражнения принято называть «скоростно-силовыми». Эти упражнения отличаются от силовых повышенной скоростью и использованием менее значительных отягощений. [8, с.132]

Хотя прыгучесть и является в какой-то степени врожденной способностью человека, специальное воздействие физическими упражнениями может значительно повысить уровень скоростно-силовой подготовленности занимающихся [9, с.43]

Тщательный анализ статистики спортивного травматизма у детей на протяжении 17 лет показал, что травматизм это управляемый механизм. При соблюдении определенных правил можно свести показатели детского спортивного травматизма к минимуму. Кроме общепринятых мер для обеспечения тренировок и проведения спортивных соревнований существуют отдельные виды спорта, которым присущи специфические меры профилактики.

При соблюдении методики в процессе обучения физической подготовке необходимо выполнять:

- Логическая последовательность в освоении двигательными навыками.
- Постепенно увеличивать нагрузку.
- Правильно демонстрировать упражнения и проводить четкий и понятный инструктаж учащимся.
– Следить за правильным выполнением упражнений.

Перед тем как приступить к основным упражнениям, необходимо провести тщательную разминку. Не допускать истощение физических сил спортсмена, что может привести к получению травмы. Контролировать физическое состояние занимающихся детей в процессе тренировки или соревнований. Необходимо обеспечить безопасность при выполнении физических упражнений путем страховки и самостраховки. После лечения травмы или других заболеваний не допускать к физическим упражнениям детей без медицинской справки. [10, с.18

В исследовании принимали участие учащиеся параллелей 5-6-х классов. Учителя физической культуры практически на каждом уроке применяли различные комплексы прыжковых упражнений на гимнастической скамейке, варьирую количество и дозировку от возрастных особенностей учащихся, а также от их физической подготовленности.

Эта форма динамических упражнений, позволяют задействовать в работу весь класс, при этом возможно использовать групповой или поточный метод, а также определённую группу занимающихся. Здесь представлены некоторая часть упражнений, которые учителя физической культуры преподносили учащимся в различной вариации, как по количеству, так и по временным рамкам.

Прыжковые упражнения на гимнастической скамейке:

- стоя сбоку, прыжки через скамейку на двух с продвижением вперёд:
- стоя на скамейке, соскок ноги врозь на пол, вскок на скамейку ноги вместе с продвижением вперёд (можно на месте);
- стоя лицом к скамейке, прыжок на двух через скамейку, поворот прыжком на 180 градусов, прыжок на двух через скамейку
- стоя лицом к скамейке, вскок на скамейку, соскок с поворотом кругом;
- стоя лицом к скамейке, прыжки со сменой ног;
- стоя сбоку слева, правая нога на скамейке, прыжком вверх поменять положение ног и прийти в положение, стоя сбоку справа, левая на скамейке;
- стоя сбоку, прыжки на одной через скамейку с продвижением вперёд;
- стоя сбоку справа, маховым прыжковым движением правой ноги перепрыгнуть через скамейку, затем левой то же;
- стоя сбоку справа, вскок на скамейку на двух, соскок влево;
- прыжки через 5-6 скамеек, установленных в ряд (поперек, как барьеры); через две скамейки, на двух ногах, продвигаясь вперёд
- в упоре присев на скамейке, руки впереди (как «лягушки»)
- руки на скамейке ноги врозь на полу - прыжки вперёд с опорой на руки
- руки на скамейке ноги врозь на полу - вскок в упор присев – соскок ноги врозь (с продвижением вперёд)
- прыжки через скамейку двумя ногами с опорой на руки, стоя боком к скамейке
- стоя лицом к скамейке, прыжок на скамейку на двух, соскок с поворотом влево;
- стоя лицом к скамейке, прыжок на скамейку на двух, соскок с поворотом вправо;
- стоя лицом к скамейке, прыжок на скамейку на двух, соскок с прыжком вверх;
- стоя лицом к скамейке, 1—2 — два подскока на полу; 3 — прыжок через скамейку; 4 — прыжком поворот кругом;
- И. п. — стойка лицом к скамейке, руки на поясе. 1 — левую на скамейку, правую руку за голову; 2 — встать на скамейку, левую руку за голову; 3 — соскок вперед, руки вверх; 4 — прыжком поворот кругом в и. п.;
- стоя лицом к скамейке, 1—2 — шагом левой на скамейку и толчком ею прыжок вперед-вверх; 3 — полуприсед, руки вверх-в стороны; 4 — выпрямляясь, прыжком поворот кругом в и. п.; 5 —8 — то же, с др. ноги.
- стоя сбоку с одной стороны скамейки, прыжок на двух на скамейку, соскок с поворотом кругом на другую сторону;
- стоя лицом к скамейке, прыжок на двух на скамейку, соскок вперёд с поворотом на 360 градусов;
- И. П. — стойка на левой, правым боком к скамейке, правая нога на скамейке, руки на поясе. 1 — наступая на правую, прыжок со сменой положения ног; 2 — й. п. То же, с различным положением рук.
- И. П. — стойка ноги врозь, скамейка между
- ног, руки внизу.1—2 — два прыжка на носках! продвигаясь
  вперед; 3—4—и. п.; 5—8—то же, продвигаясь
  на два шага назад;
- стоя лицом к скамейке, 1-вскок на скамейку на двух, 2-соскок на левую, 3-прыжком поворот кругом на левой, 4-вскок на скамейку на двух, 5-соскок на правую, 6-поворот прыжком кругом на правой;

- стоя на скамейке, 1-прыжок вперёд на двух, 2-прыжок ноги врозь, скамейка между ног, 3-прыжок на скамейку на двух, 4-прыжок вперёд на двух.

Нами было проведено два анкетирования учащихся 5-6-х классов за 2021-2022 учебный год и за 2022-2023 учебный год.

В анкетировании, которое проводилось в мае 2023 года среди 290 учащихся 5-6-х классов, в 2022-2023 учебном году вывихи и растяжения случились у 8 обучающихся, и был зафиксирован один перелом нижних конечностей. Результаты анкетирования представлены в таблице.

| № п/п | Учебный год | Количество учащихся | Вывихи и растяжения нижних конечностей | Переломы нижних конечностей |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2021-2022 | 289 | 17 | 3 |
| 2 | 2022-2023 | 290 | 9 | 1 |

Таблица 1. Результаты анкетирования учащихся 5-6-х классов.

Из таблицы данных, полученных из анкетирования результатов, мы видим, что в 2021-2022 учебном году процент вывихов и растяжений из всего количества учащихся составил 5,03%, что на 2,37% выше, чем в 2022-2023 учебном году. А по статистическим данным переломов нижних конечностей заметно снижение на 0,59%, с 0,88% в 2021-2022 учебном году до 0,29% в 2022-2023 учебном году. Отсюда можно сделать вывод, что прыжковые упражнения могли способствовать укреплению мышц и связок нижних конечностей, что повлияло на такой результат.

Применяя на уроках физической культуры разнообразные прыжковые упражнения для разной возрастной категории детей, а также для разного уровня их физической подготовленности, повышается тренированность мышц и мышечно-связочного аппарата не только нижних конечностей, но и всего организма в целом, а отсюда и происходит снижение детского травматизма.

Проведённые нами результаты анкетирования показали, что выполняя упражнения прыжкового характера практически на каждом уроке физической культуры, действительно возможно снизить уровень травматизма среди учащихся.

Целью нашего исследования было предупреждение травматизма на занятиях физической культурой. Подводя итог вышесказанному мы этого достигли за счёт повышения тренированности мышц нижних конечностей учащихся, что для педагогической деятельности учителя физической культуры является самым важным фактором. Ведь здоровье наших детей это самое ценное достояние.

## ЛИТЕРАТУРА:


- 1. Абилова А.А., Дюсембаева А.Т.,Муканова С.М. К вопросу о детском травматизме. Вестник КЗМУ.: - 2015. - №3
- 2. Захарова Л.В., Люлина Н.В., Кудрявцев М.Д., Московченко О.Н., Шубин Д.А.: Физическая культура. - Учебник. Красноярск.: СФУ, 2017. – 612 с.
- 3. Ковалько В.И. Поурочные разработки по физкультуре. – М.: Вако. 2005. - 399 с
- 4. Коц Я.М. - Спортивная физиология: учебник для институтов физической культуры.- М.:1998. - 2000с.
- 5. Погадаев Г.И. Настольная книга учителя физической культуры – М.: Физкультура и спорт. 2000. - 496 с.
- 6. Железняк Ю.Д., Минбулатов В.М. Теория и методика обучения предмету «Физическая культура» М.: Академия - 2004.-272с
- 7. Донченко П.И. Баскетбол юным. – Ташкент.: Медицина. 1989.- 109 с
- 8. Коробейников Н.К., Михеев А.А., Николенко И.Г. Физическое воспитание. Высшая школа.: 1989. – 384 с.
- 9. Дьячков В. М. Физическая подготовка спортсмена. – М.: Физкультура и спорт, 1967. - 40 с
- 10. Муравьёв В.А., Созинова Н.А. Техника безопасности на уроках физической культуры. М.: 2001. – 196 с

# БАЛАБАҚШАДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы**
**Қарқаралы бөбекжайының тәрбиешісі**
**ИСКАКОВА ЛАУРА ЕСКЕНДИРОВНА**

Тәрбиенің негізі әрине отбасында қалыптасады, дегенмен осы орайда балабақшаның да рөлі ерекше. Қазақ халқының салт-дәстүрінің, рухани ата-баба мұраларының тәрбиеде алатын орны зор. Жас ұрпақты, жеткіншектеріміз бен бөбектерімізге ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңіру - әр ата- ана мен қатар, тәрбиешілердің де міндеті.

Ұлттық тәрбиеден салт –дәстүр ауыз әдебиетінен нәр алып өскен ұрпақ қай кезде де аталар аманатына адал болары ақиқат. Ұлттық салт-дәстүрді мәдениетпен өнерді насихаттау – тәрбиенің төресі.

Елімізде кейінгі жылдары білім беру жүйесінде жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды дамытуды көздеген қарқынды өзгерістер орын алуда. Оның бірқатары өскелең ұрпақтың сана сезімінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік және әлеуметтік-мәдени дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Осы ретте бүгінде еліміздегі балабақшаларда ұлттық құндылықтар негізінде балаларға тәрбие беруге ерекше назар аударылып, жақсы жұмыстар атқарылуда.

Бала көкпар, бәйге, қыз қуу, теңге алу, аударыспақ сияқты ұлттық ойындарымыз арқылы қазақи қайнардан тәлім алса ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өседі. Балабақшадағы тәрбие сәбилерге жоғары деңгейдегі ұлттық сана сезімді, рухани мұраларға және ұлттық мәдениетке деген құндылықтарды, отансүйгіштік, ұлттық намыс сезімдерін қалыптастыруға бағытталған.

Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің өзектілігі тәрбиеленуші сәбилерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың салт – дәстүрлерін аялай білуге ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады. Сәбилердің жас ерекшелігін ескере отырып елін жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын салт-дәстүрін, ана тілін қастерлеу, үлкенге –құрмет кішіге ізет көрсетуін мұра етіп,тәуелсіз еліміздің парасатты адамгершілігі биік білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеу.

«Қайырымдылықты–халықтан, пайымдылықты- қариядан үйрен» деген халқымыздың тал бесіктен жер бесікке дейінгі екі аралықтағы өмірінің мәні боларлық адами қасиеттермен әдет ғұрыпты оқу қызметін ұйымдастыруда үйреніп, алдағы өмірлерінде арқау болатынын ұғындыру әрқайсымыздың міндетіміз. Себебң. біздің ата-бабаларымыздан қалған асыл мұрамыз – тәрбиеміз қазақтан басқа ешкімде жоқ үлгі.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет: – белсенді қарым-қатынас: баламен тәрбиешінің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы; – индивидтік: тәрбиешінің әр жеке баланың ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы; – өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту; – шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені беруде, ұйымдастырылған оқу қызметінің мәні неде?

1.Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі– адамның қалыптасуы, тұлғаның өз мәдениетінің субьектісі болуына көмектесу, шығармашылық өмірге үйрету.

2.Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі сырттан келетін тәрбиелеу емес, адам бойынан адамдықты табу,оны қолдау және дамыту негізінде өзін-өзі реттеуге, тәрбиелеуге әкеледі. Сол арқылы өзіндік болмысы, санасы бар тұлғалық бейне қалыптасады.

3.Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі– адамның дене және рухани денсаулығы, адамгершілігі, бостандығы. Ол – тұлғаны түсіну,өзара түсіністік, ынтымақтастық қарым-қатынастың, салауатты өмір мен парасаттылықтың, өзіндік қатынастың негізін қалау.

4.Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағыттлады.Сондықтан оның мазмұны баланың өзін тұлға ретінде дамыту үшін, өз өмірінің субьектісі болу үшін жағдай туғызуға негізделеді.

Халқымыздың әдет ғұрыпын, салт-дәстүрін, ата-ана, тәрбиеші өзі толық білмей тұрып, балаларға ұлттық тәрбие беруі мүмкін емес. Қашан болса да ұлттық өрлеудің халықтық қалыптасудың ең негізгі шарты –білім. Ұлттық тәрбиенің өрісі мен өресі –бүгін де, ертең де, халық үшін көкейтесті мәселе. Ұлттық мәдениет болмаса ұлт сақталмайды. Ал балабақша ұлттың да, ұлттық мәдениеттің де, өмір сүруімен дамуының алғашқы баспалдағы болып саналады.

Сол себепті, тәрбие беру барысында бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жырлары, әдет- ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері екенің ұмытпай дәріптеу керек. Мысалы, қазақ халқының ұлттық ойындарының біреуі – асық ойыны. Асық ойнау - баланың ойлау қабілетін дамытады, адамдармен тез тіл табыса білуге үйретеді, денені шынықтырады, қан айналымы мен тыныс алу мүшелерінің жұмысын жақсартады, баланың көзі қашықтықтан көруге дағдыланады, мергендікке баулиды, бойдың жылдам өсуіне көмектеседі, таза ауада тері жасушалары ашылып, ағза тынығады.

Заманауи білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші роль атқарады. Сондықтан да қазіргі кезде халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт дәстүрі мен әдет ғұрыптарын қымбат қазына ретінде бағалап балабақшадағы тәрбие жұмысын кешенді ұйымдастыру жағына көңіл бөлуіміз қажет. Адам баласы дүниеге келген күннен бастап үнемі салт-дәстүр аясында өседі. Бала тәрбиесінде халықтық, тұрмыстық салт-дәстүрдің туу себептерін, даму ерекшеліктерін ашып көрсетудің тәрбиелік мәні зор. Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың жас ерекшеліктенріне сай ата –баба дәстүрі мен халықтық педагогиканы басшылыққа алып, тәрбие жұмысын ғылыми негізде ұйымдастырып, ұтымды жүргізе білуміз қажет.

## МАТЕМАТИКА ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

**БЕРГЕНОВА САИДА БАХРАМҚЫЗЫ**
**Түркістан қаласы М.Пошанов атындағы № 21 жалпы білім беретін мектептің математика пәнінің мұғалімі**

Жаңа ақпаратгық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап, оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылату – бүгінгі күннің басты талабы.

Қазіргі жиырма бірінші ғасыр- білім заманы. Басқа елмен тереземіз тең біліміміз теңесу үшін, білім жолына өте көп назар аударылып жатыр. Қазіргі заман талабына сай оқу үрдісінде көптеген жаңашыл ойлар, жаңа технологиялармен жұмыс жүргізіп, оқытқан шәкіртерімнің өмірде алатын орны көп болса екен деген ойдамын.Болашақта өсіп келе жатқан ұрпағымызды көшбасшылыққа өз ойын ашық түрде айта білуге, еліміздің туын көкке желбіретіп, оның өсіп өнуіне өз ықпалын тигізетін ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Ол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаз.

Егеменді еліміздің бүгінгі таңдағы ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, оған жетудің бірден – бір жолы әлемдік білім кеңістігінен орын алу болып табылады. Мұның өзі ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын айқындап, оны тың арнаға, жаңа сапаға жеткізу қажеттілігін міндеттейді.

Қазіргі заман – математика ғылымының өте кең, жан-жақты тараған кезеңі.Ал талапқа сай математикалық мәдениеттіліктің деңгейін көтеру болып табылады.

Жаңа ақпаратгық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап, оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылату – бүгінгі күннің басты талабы.

Осы мақсатта математика пәнінде әртүрлі әдістермен жүргізуге болады. Оқу – тәрбие үрдісінің сабақта дұрыс жүргізілуі үшін әр алуан оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімдісін мүмкіндігінше және білімалушылардың жеке жағдайларына байланысты таңдап алуға көп көңіл бөлу керек.

Математиканың дамуына адамзат тіршілігінің дамуының басқа да түрлерін; тарихтың дамуын,өндірістік қатынастар мен өндірістік күштердің дамуы,мәдени тарихпен, техника, физика, астрономия, механика, философия тарихымен де тығыз байланысты. Демек, математиканың дамуына жетілдіріп,толықтырып, математика мен математикалық теориялардың, идеялардың дамуы емес – сол кездегі халықтың тұрмыс тіршілігінің деңгейіне сәйкес, білімнің дамуы зор ықпал етеді. Ал білімнің оқыту процесімен тығыз байланыстылығы мәлім. Сонымен қатар қоғам үшін де математиканың рөлі ерекше, себебі әр түрлі бағыттағы математикалық әдістерді қолданбаса ғылыми – прогресстің болуы мүмкін емес. Бұл жерде математикалық дайын ақпараттарды қолдану ғана емес, ғылым мен техниканың дамуына ықпал ететін жаңа туындыларға жол ашу, мүмкіндік жасау. Бұл үшін қажет болған жағдайда жаңа идеялар айтатын, математикалық сауаты жоғары мамандар дайындау қажет.

Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер: жаңа форматта сабақ өткізу барысында білім беру үрдісі нәтижелі болу үшін оқушылардың білімді өз бетімен меңгертуде мұғалім бағыттаушы ролінде болады. Білімді өз бетімен меңгеру барысы оқушының «өзін-өзі реттеу» үрдісіне жатады. Өзін-өзі реттеу арқылы балада түсіну, қадағалау, бақылау қабілеттері дамиды. Топтық оқыту әдісін қолдану кезінде оқушылардың өзін-өзі басқару, өзін-өзі бағалау топта оқушылардың білім деңгейін, ынтасын көтереді, бір-біріне көмектесу, бірінің білмегенің бірі толықтыру арқылы сенімділік артып, оқушының тақырыпты меңгерудегі олқы жерлерін бақылап, мұғалім мен оқушылар арасында бір-бірімен тығыз қарым-қатынас орнатылады. Математика сабағындағы топтық жұмыстар қолданылған жекелеген жобаларда толық топтарға қарағанда, шағын топтағы оқушылардың шығармашылық неғұрлым тиімді жұмыс істегені байқалады.

Сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы:

- өз бетінше ізденіп оқуын ұйымдастыру, дамыту;
- тест және басқа да тапсырмалар арқылы танымдық қабілеттерін нығайту;
- сабақ сайын озық тапсырмалар беру;
- пән бойынша білім-білік дағдыларының қалыптасуын үнемі бақылап, өздеріне талдатып, өздік бағалау әрекеттерін ұйымдастыру жұмыстарына көңіл бөлу қажет.

Американдық педагог-математик Д. Пойа былай деген: «Математиканы білу деген не? Бұл — есептерді шығара білу, онда стандарттық есептерді ғана емес, ойлаудың еркіндігін, сананың салауаттылығын, өзіндік болмысты, тапқырлықты керек ететін есептерді шығару».

Математика пәнін жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі есептерді шығара білу іскерлігі , оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс – амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы.

Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, іздене, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқытуда ең басты нәрсе – оқушылардың танымдық жұмыстары. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады.

Тәсіл – оқыту әдісінің элементі. Жоспарды хабарлау, оқушылардың зейінін сабаққа аудару, оқушылардың мұғалім көрсеткен іс-қимылдарды қайталауы, ақыл-ой жұмыстары тәсілге жатады. Тәсіл оқу материалын түсінуге үлес қосады.

# КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ

**КАЙРАЛАПИНА ОРЫНГУЛЬ ЖЕТПИСБАЕВНА**
**Көркем еңбек пәні мұғалімі**
**Ақтөбе облысы, Муғалжар ауданы, Ембі қаласы**
**"Ембі қалалық № 3 жалпы білім беретін орта мектеп" КММ**

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады.

Жаңа заманның білімді ұрпақтарын тәрбиелеп оқытуда түрлі қиындықтар кездеседі. Соның жолдарын іздеуде көптеген іс- тәжірибелер жасаудамыз.

Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой- талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Қазір бүкіл әлемде интерактивті қатынас жасауға оны жүзеге асыратын техникалық мүмкіндіктерді дамытып отыра алатын ақпараттық қоғамға көштік. Бүгінгі күні инновациялық әдістермен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады.

«Дұрыс әрекет - мақсатқа жеткізер жолды дұрыс таңдаудан басталады»- деген екен Әбу Насыр Әл - Фараби.

Мектепке өзгерісті неден бастау керек?- дегенде ең алдымен ғалымның осы сөзі есіме түсті. Ендеше, өзгерту үшін, ең алдымен, тиісті бағдарламалар арқылы жоспар құру керек - деп ойлаймын.

Жаңартылған білім бойынша кез-келген мұғалім оқу мен оқытудың әдіс –тәсілдерін тиімді пайдалана ала білуі қажет және сабақта қолдана білу керек.

Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер ретінде «Диалог арқылы оқыту», «Қалай оқу керектігін үйрету» деп қарастырамыз. Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұқбаттасуы және мұғаліммен оқушы арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеу мен дамытуына көмектесетін амал.

Жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана білу - оқушы шығармашылығы мен дүниетанымын кеңейтудің негізі . Осы технологияларды қолдана отырып, шығармашылық іс - әрекет талаптарын орындау мақсатында, оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында бағдарламадағы мәтіндерге сәйкес деңгейлік, шығармашылық тапсырмаларды алып, практика жүзінде қолданып, мынадай тұжырымдар жасадым:

-оқушының шығармашылық дербестігін дамыту арқылы оның жеке тұлғасын қалыптастыруға болады;

-қызығушылық іс-әрекет түрлері төменнен жоғары қарай, кезекті түрде, белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде шығармашылығы дамиды;

-қызығушылық іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру біліктері мен ізденімпаздықтың қалыптасуы оқушыларды шығармашылыққа баулиды;

-оқушыларды танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай топтарға бөлініп, сәйкес жұмыс түрлерін таңдап, жүйелі жұмыс жүргізудің маңызы зор;

-қызығушылық іс-әрекетте дәстүрлі емес әдіс-амалдар пайдалану интеллектуалдық қабілеттерін дамытып, оқу-танымдық және ғылыми ізденістер жасауға талаптандырады.

Тәжірибе көрсеткендей күнделікті сабағыма қарағанда жаңа -әдіс тәсілдерді пайдалана өткен сабағымдағы оқушының белсенді іс -әрекетін, қызығушылығын байқадым.

Қазіргі таңда ғылыми негізде және жаңа зерттеушілік бағытта құрастырылған электронды оқулықтарды тиімді пайдалану оқушының пәнге қызығушылығына жол ашады . «Робин раунд» әдісі бойынша сыныптағы оқушылар бір –бірін қайталамай сабақ мазмұнына сай пікірін айтып сабақты қорытындылай алады . « Ыстық орындық», «Сұрақтарды ұстап ал», «Ассоциация» «Джигсо» әдістері, яғни диалогтік оқыту барысында оқушылар келісілген нәтижеге жету үшін күш жігерін жұмсайтын және Мерсер сипаттағандай «білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. сондықтан бір-бірін оқыту оқушылардың өз пікірін еркін айтуына мүмкіндік туғызары анық.

Ақпаратты технологияларды пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады. Пәнге деген танымдылық қызығушылығын тудырады. Оқушылардың көзқарасын кеңейтеді. Сабақ үстінде көрнекілікті қолдану мүмкіндігі өседі. Сабақ үстінде оқушының да мұғалімнің де еңбек өнімінің жоғарлауы болады.

Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Осыған орай сабақ беру үрдісінде қазіргі күннің, яғни инновациялық әдістерді оқытудың интерактивті оқыту моделі болып табылады.

«Ұстазы жақсының ,ұстамы жақсы» — деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмәнім жоқ. Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл - ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты. Сыни тұрғыдан ойлау стратегиясын сабақ үдерісінде қолдану арқылы төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге болады.

Ұлы ойшыл Уильям Уорд « Жай мұғалім – хабарлайды . Жақсы мұғалім -түсіндіреді. Керемет мұғалім –көрсетеді . Ұлы мұғалім – шабыттандырады» деген екен. Сондықтан ХХІ ғасыр мұғалімі жан - жақты болуы заңды деп ойлаймын. Оқыта отырып тәрбиелеу - қазіргі заман мұғалімінен талап етілетін басты мәселе. Сондықтан атақты педагог К.Д.Ушинскийдің «Оқыту- тәрбиелеудің қуатты органы,бұл органды пайдалана білмеген тәрбиеші шәкірттерге әсер етудің ең басты және қажетті құралынан айрылады » деген сөзін үнемі жадымызда сақтасақ деймін.

# СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

**ИСАБЕКОВА АЙЗАТ ШАЙДОЗИМОВНА**
**Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**
**Түркістан облысы, Сауран ауданы**
**Молда Мұса атындағы ЖББМ**

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғалы бері еліміздің рухани өмірінде көптеген өзгерістер болды. Бұл оң өзгерістер болашақ жастарды тәрбиелеуде жаңа мақсат-міндеттер жүктеп отыр. Қазақстан жастарының рухани кеңістігін қалыптастырудың алғы шарты мектептенбасталады. XXI ғасырмектебінің мақсаты жас жеткіншектерді жауапкершілігі жоғары, парасатты, адамгершілік мәдениеті қалыптасқан, өмірге икемді, ұлтжанды тұлға қалыптастыру. Болашақ мұғалімдер осы мақсатты орындауға бейімделген маман болуы шарт. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, басқа да көптеген қасиеттерінің қалыптасуына көмектеседі, оқу-тәрбие үдерісін дұрыс ұйымдастыруына әсерін тигізеді.

Қазіргі таңда жаңартылған білім беру мазмұнының негізгі өзегі- қарқынды дамып келе жатқан өзгермелі қоғамда өмір суруге икемді, жеке басының, сондай-ақ қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту болып табылады.

Білімді де білікті, салиқалы да парасатты, жан- жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу бізүшінмаңызды ісболыпотыр. Қазіргі жаңару кезеңінде біздің қоғамымыздың ілгерілеу процесінде оқушылардыжан-жақты жандандыру, ел өмірінің барлық жақтарын жаңарту бала тәрбиесінің мәнімен оның проблемаларын күрделендіріп отыр.

Білім берудің қазіргі жаңа құрылымымен оқу- әдістемелік мазмұнының өзгеруі- мұғалімнің, яғнибіздіңөз кәсіби шеберлігімізді шыңдауымызды, жаңартуымызды талап етіпотыр. Ел президенті Н.Назарбаев «Қазіргі заманда жастарға ақпаратты техникамен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп атап көрсеткеніндей инновациялық әдіс- тәсілдерді кеңінен қолдану жаңаша білім берудің бір шарты.

Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойынының дамуында басты рөл атқарады. Жаңа технологияларды м.еңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік,адамгершілік, рухани, азаматттық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін – өзі дамытып, оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. «Өз еңбегін талдай білген адам ғана тәжірибелі ұстаз бола алады» деген В.Сухомлинскийдің сөзін оқытушының талмай ізденген еңбегінің нәтижесінде ғана көрінетіні белгілі. Қазіргі кезде білім мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Оқытушы баяндайды, әңгімелейді,түсіндіреді,ал оқушы тыңдайды,қабылдайды,ойлайды т.б, таным әрекетерін жасайды.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түпкір-түпкірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Ситл, Куртис С. Мередит, Чарльз Тэмбл. Жобаның негізгі Ж.Пиаже, Л. С. Выготский теорияларын басшылыққа алады.

**«Сыни ойлау»деген не?**

Адам қашан терең ойлана бастайды?Бірінші мезетте оның алдында дайын жауабы жоқ қандай да бір мәселе немесе әлі де үйреншікті бола қоймаған жаңа ақпарат пайда болғанда.Екіншіден,адам бұл проблеманың жауабын табуға ұмтылыс жасағанда немесе жаңа нәрсені түсініп,оның байыбына жетуге тырысқанда.Ойланудың қандай да болмасын қиындық,ыңғайсыздық,күмән туғанда пайда болатындығы туралы философ Джон Дьюи былай деп жазған:«Ойлау тығырыққа тіреліп,таңдау жасау керек кезде басталады»

Рефлексия жасағанда адам көптеген шешімдерді сараптап, оларды ой елегінен өткізіп,өз құндылықтарымен түсініктерінің,түйсігі мен қажеттіліктерінің таразысына салып,проблеманың байыбына жетуге тырысады.Осыдан соң адам өзі таңдап алып,көңілі қалаған шешімді тура сол қалпында қабылдамай,оны жан – жақты қарастырады,оның оң мен солын ажыратады,кемшіліктерін келтірумен қатар оны қуаттау үшін дәлелдер іздейді.Бұл тұжырымдауға қанағаттанбай,өз шешіміне балама іздестіреді,жаңа ұсыныстар мен болжамдар жасайды.Ылғи да өзіне еш бүкпесіз шындық тұрғысынан сұрақ қойып,оған жауап іздейді,жауап тапса,қайтадан сұрақ қойып,енді соның жауабын іздестіреді,оған да қанағаттанбай,әрі қарай «қаза береді», « қаза береді». Сұрақтар, сұрақтар, сұрақтар. Жауапіздеу ,жауапіздеу, жауапіздеу. Үздіксіз іздену мен зерттеу...

Ойлаудың осындай толассыз түрі сыни ойлау деп аталады.Мұнда ойлау тізбекті түрде бір нүктеден екінші нүктеге бір бағытпен жылжымай,біресе алға,біресе артқа ойысады.Проблеманың шешімін табу мұнда ең аяққы нүкте деп саналмайды:оны дәлелдеп беру керек,оның тиімділігі мен ықтимал қолайсыздықтарын айқындау қажет,оған балама келтіру керек.

Сыни ойлау проблема шешуге бағытталумен қатар өзінділікпен ерекшеленеді: қандай да болмасын мәселе/ ақпарат бойынша өзіндік түсінік қалыптастырып,оған тәуелсіз тұрғыдан баға беру,дербес шешім қабылдау.

Сыни ойлауды дәріптеушілердің бірі Ричард Поль мына аумалы – төкпелі,күнделікті өзгеріп отырған заманда адам «өз инстинктеріне бостан босқа сенбеуі керек» деп есептейді.Мұның себебі мынада:адам өз түсініктерін,ұстанымдарын,құндылықтар мен нанымдарын бірден қалыптастырмай,олар туралы терең ойланып,оның бәрін күмәнмен қабылдап,«тұла бойынан»өткізу қажет.Ричард Польдің пайымдауы бойынша,адамдар«өздерінің басына түскенді дәл сол қалпында қабылдамауы керек. Олар ақиқат деп ұсынылған нәрсенің бәрінде ақиқат деп түсінбеу іқажет.Олар өздерінің өмірлік тәжірибесін жалған деп ойламауы керек».Демек,олар өмірдің барлық жәйттерімен көріністерін ой елегінен өткізіп, олардың өміршеңдігі,құндылығымен қажеттілігі туралы өзіндік пікір қалыптастыруы керек.Сол себепті сыни ойлауды «сыпайы күмәндану» деп атайды.

Сыни ойлау оқушылардың ойлау дағдыларын дамытып,оларды оқу мен өмірде туындайтын мәселелерді өздігімен шешуге бағыттайды. Осы арқылы сыни ойлау оқушыларды ақпаратпен жұмыс жасап,шешім қабылдауға баулиды.Оқушылар бұл секілді жұмыстарды жасау нәтижесінде өздеріне және өзгелерге толассыз сұрақтар қойып,оларға жауап іздеп,өз жауаптарын ұтымды дәлелдермен айғақтайды, дербес шешімдер қабылдайды.

Адам баласының бес саусағы бірдей болмайтыны сияқты оқшыларда бір-біріне ұқсамайтын, бірін-бірі қайталамайтын, кішкене болса да өзіндік ерекшелігі бар адамдар. Олардың ішінде ең үздігі де, ең төменіде,тентегі де, біліп тұрса да аузын ашпайтыны да , қанша сүйресең алға баспайтыны да болады. Бірақ ұстаз барлығын да жақсы көріп, білім нәрімен сусындатуы тиіс. Оқушыларға зерттеу жүргізгенде жоғары сынып оқушыларында нақты білім бар екендігі, бірақ олар өз ойларын жеткізуге қиналатыны анықталғанекен. Сондықтан оқушылардыңойындамыту жұмыстарына көп көңіл бөліну керектігі көрінді. Осы жағдайда тиімді технологиялардың бірі- «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз педагогтің бағыттауымен оқушының өз бетінше білімді игеруі. Нәтижесінде неғұрлым дамыған оқушының жеке тұлғасы қалыптасады. Бұл технологияның мақсаты сынауға емес шыңдалған ойлауға үйрету. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Ситл,Куртис С.Мередит, Чарльз Темпл. Жоба негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің бірін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Жоба әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды. Баланың терең де еркін ойлауына, үздіксіз еңбектене білуіне жол ашады. Оқушының ізденісі жемісcіз болмақ емес. Дәстүрлі білім беру кезіндегі оқушыны сын тұрғысынан ойлайтын оқушымен салыстырған кезде нәтижесі жоғары болған. (2.48бет)

Сын тұрғысынан ойлау-оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін төмендегі қағидалар сақталуы тиіс:

Бұл технология бойынша сабақ үш сатыдан тұрады:
1.Қызығушылықты ояту.
2.Мағынаны тану.
3.Ой толғаныс.

Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде "Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту" бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру. Бұл бағдарлама Қазақстан қоры жанынан 1998 ж. қазан айынан бастап жүргізіліп келеді. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті. RWCT бағдарламасы – ағылшын тілінен аударғанда "Сын тұрғысынан ойлау үшін оқуменжазу"дегенді білдіреді.

Үйрену процесінде бұрынғы білетінімен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді,өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да сабақта қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі,не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды ояту ми қыртысында тітіркендіргіш арқылы жүзеге асады. Осы кезеңде қызмет ететін «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау» тағы да басқа әдістерді пайдалануға болады. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты: үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені үйренуші енжарлықтан гөрі белсенділікті талап етенін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады. Осылайша шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады. Мысалы: 6-сынып әдебиет пәнінен А.Байтұрсыновтың Крыловтан аударған аудармасы «Аққу,шортан, һәм шаян» мысалын өткенде қызығушылықты ояту сатысында «аққу,шортан,шаян туралы не білесіңдер?»деп сұралып, оқушылар пікірлері тыңдалады. Аққу киелі құс,шаян бұл жәндік, шортан балыққа жатады деген сияқты ойларын жұпта талқылап, жаңа білім арқылы ақпарат жинайды.

Қазіргі таңда сын тұрғысынан ойлау теориясынан егізделген,жаңа әдіс – тәсілдерді өз сабақтарымда қолдануға тырысамын.Сабақтарым сәтті шығуы үшін,алдымен сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру бағытында,сабақтарымды әртүрлі тренингтер арқылы бастаймын,одан әрі оқушыларды түрлі әдіс – тәсілдермен шағын топтарға бөлудің өзі оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратынына көзім жетті. Оқушылар,әсіресе үлгерімі төмен оқушыларда топтық жұмыс кезінде сабаққа қызығушылықпен қатысып,өздеріне деген сенімділіктері орнайтынын байқап жүрмін.Топтық жұмыс барысында олар үнсіз отыруға,басқалардан қалыс қалуға болмайтынын түсініп, өз – өздерін реттей бастайды.Оқушылар жұптасып,топтасып ойланады,ой бөліседі,пікір алмасады,талқылайды.

Әрбір мұғалім сабақтан кейін сабақ барысында қолданған стратегия немесе әдіс – тәсілдерді оқушылардың белсенді жұмыс жасауына,сабақты меңгеруіне қаншалықты көмектескендігіне ойтолғау жасап отыруы тиіс. Егер сабақта кеткен қандай да бір кемшіліктер болса,ой толғау арқылы сол кемшілікті келесі сабақтарда жібермеуге тырысады.Сабақтан кейін немесе сабақ соңында оқушылармен кері байланыс жасап отыруға тиіс. Міне осы секілді жұмыстар оқушыларды ойлануға, дәлел келтіре білуге жетелейді. Белгілі тақырыптағы ойды сын тұрғысынан ойлай отырып, ой толғау,суреттей алу,еске түсіру, болжау оқушыны жаңа бір әлем жаңалығын ашқандай қалыпқа жеткізеді. Әрі қарай ойын айтуға ынталандырады. Бұрынғы қолданатын оқу әдістерінде мұғалім басты орын алып,оқушы тек тыңдаушы ғана болса,сын тұрғысынан шыңдалған ойлау арқасында оқушы білім негіздерімен толығып,болашақта ойлауға құлшыныс алады.Сондықтан сын тұрғысынан ойлау-өте күрделі де маңызды құбылыс.

**МАЗМҰНЫ**

1. САҒЫНБЕКОВА ГУЛЬНАРА САҒЫНБЕКҚЫЗЫ
2. БИЛАЛОВ ЕРЖАН БЕКМАНОВИЧ
3. ПЕРНЕБАЕВА ЛАЗЗАТ ЖУМАБЕККЫЗЫ
4. УРУСПАЕВА АЙНУРА АХМЕТЖАНОВНА
5. СМАГУЛОВА ЕРКЕШ СЛАНБЕКОВНА
6. КЕНЖЕКУЛОВА АЙНУР ДУЙСЕНБАЕВНА
7. КАЛДЫБАЕВА МАЙРА ЕРНАЗАРОВНА
8. АЙТЕНОВА ЖАНАР АДИЛХАНОВНА
9. БУТАГАРИНА АЙНУР БЕКМЫРЗАҚЫЗЫ
10. БАҚТЫБАЕВА ГҮЛСІМ САНАҚБАЙҚЫЗЫ
11. НҰРЖАНОВА АЙГҮЛ БАЙМҰРАТҚЫЗЫ
12. ОРАЗАЛИЕВА МЕРУЕРТ СЕИТКАНОВНА
13. КОЖАМЕТОВ ЖАРКИНБЕК КАСЫМБЕКОВИЧ
14. СҰЛТАН БАЛЖАН НҰРЖАНҚЫЗЫ
15. КҮШІКБАЙ АЛТЫНАЙ ЖҰМАШҚЫЗЫ
16. ХАЙРЕДЕНОВА АЙМАН ТУЛЕУГАЛИЕВНА
17. АБЖАЛОВА ДУРИЯ АРАПБАЕВНА
18. ОМИРБЕК ЕРТАЙ
19. БҮЙШӨКЕНОВА АЙТОЛҚЫН ҚУАНЫШҚЫЗЫ
20. ЖАЛТАНБАЕВА НУРБАХЫТ АЙТУГАНОВНА
21. ӨТЕГЕНОВ НҰРЖАН БЕКАСЫЛҰЛЫ
22. АЛТАЕВА ГУЛДАНА ДОСЫБАЕВНА
23. ОҢҒАР АНАРКҮЛ АЛТАЙҚЫЗЫ
24. УСМАНОВ АЛИШЕР ШАЙЛАЕВИЧ
25. БЕЙСЕНОВА ГУЛЬНАР СЕРИКОВНА
26. КЕМЕЛБЕКОВА САБИРА РАХМАНҚЫЗЫ
27. ИДИРИСОВА МЕРЕКЕ АБИЛХАЙРҚЫЗЫ
28. АБДИКАШОВА ЖАНЕРКЕ МЕЙРАМОВНА
29. АДЕШОВА ГУЛЬМИРА ДУЛАТОВНА
30. НУРЖАЕВА ЗАУРЕ УСМАНОВНА
31. БАХТИЯРОВА БАҚЫТ БАКЕНОВНА
32. БАКТИЯРОВА АЛТЫНАЙ БАКЕНОВНА
33. ҚАЛЫҚБЕРГЕН ЛӘЙЛӘ СОЦИАЛҚЫЗЫ
34. МУЗАПБЕРОВА ГОЗЕЛ РАМАЗАНОВНА
35. ОСПАНОВА ГУЛЬЖАЗИРА БАКОВНА
36. РАХМАНОВА АЙДАНА НУРЛАНОВНА
37. ТЕМИРБЕКОВА САУЛЕ САГИНДЫКОВНА
38. ТАЛДЫБАЕВА П.С.
39. АКИМОВА ЕЛЕНА БОГДАНОВНА
40. КОШКИНА ТАТЬЯНА ВАЛЕРЬЯНОВНА
41. ИСКАКОВА ЛАУРА ЕСКЕНДИРОВНА
42. БЕРГЕНОВА САИДА БАХРАМҚЫЗЫ
43. КАЙРАЛАПИНА ОРЫНГУЛЬ ЖЕТПИСБАЕВНА
44. ИСАБЕКОВА АЙЗАТ ШАЙДОЗИМОВНА